

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.

**Топ:** «Бәйтерек» мектепалды даярлық топ

**Балалардың жасы:** 5 жас

**Қандай кезеңге жасалды :** 02.09 – 05.09.2025ж

**Тәрбиешілер:** Батынова Г.Қ., Кадирова М.К.

Күн тәртібінің үлгісі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Әнұран – баланы қазақтың ұлттық өнерімен қарсы алу, ұлттық рухты сезінуге баулу.		Қазақтың күй өнері – адалдық пен еңбекқорлықтың, елге деген сүйіспеншіліктің белгісі екенін бала бойына сіңіру.	
	Баланы жылы қарсы алып, көңіл-күйін көтеретін әңгіме қозғау. Ата-анадан баланың кешегі іс-әрекеттері туралы қысқа мәлімет алу. Дене қызуын өлшеп, жалпы жағдайын бақылау.	Баланы есімімен атап, жылы сөздермен қарсы алу. Көңіл-күйін бақылап, қажет болса ата-анасымен сөйлесу. Дене қызуын өлшеу, көз-құлақ жағдайын сырттай қадағалау.	Баланы жылы сөзбен қарсы алып, «бүгінгі күніңді не нәрсе қуантады?» деп сұрау. Ата-анасынан баланың таңғы асқа тәбеті туралы қысқа ақпарат алу. Дене қызуын өлшеп, жалпы жағдайын медициналық бақылауға алу.	Баланы есімімен атап, жылы сөзбен қарсы алу. Денсаулық жағдайын бақылап, қажет болса медбикеке бағыттау. Киімдерін шешкен соң, ойын бұрышына қысқаша бағыттау арқылы көңілін
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала дамуы туралы кеңес беру.</b>			
	Достық – бала өміріндегі ең қымбат қарым-қатынастың бірі екендігі жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Достарына көмектесуді және сыйлауды үйретіңіз.	Музыка мен өнер – баланың жан дүниесін байытатыны жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Үйде әуен тыңдап, бірге ән айтуға жағдай жасаңыз.	Еңбек – баланы жауапкершілікке тәрбиелейтіні жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Үй шаруасына аз да болса көмектесуге мүмкіндік беріңіз.	Кітап оқу – баланың қиялы мен тілін дамытатыны жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Күн сайын кем дегенде 10 минут кітап оқуға уақыт бөліңіз.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,	<b>Дид ойын:</b> «Өзім және отбасым» <b>Мақсаты:</b> Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.	<b>Дид ойын:</b> «Гүлдерді күтеміз» <b>Мақсаты:</b> балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту	<b>Дид ойын:</b> «Бұны қай кезде киеді?» <b>Мақсаты:</b> әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.	<b>Дид ойын:</b> <b>Бақша да ма, бау да ма?</b> <b>Мақсаты:</b> Жемістер мен көкөністер туралы біледі. олардың айырмашылықтарын айыра алады.

эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары)		дағдыларын біледі.		
<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан</b>				
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.
<b>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b>				
Таңғы ас	<b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b>			
<p><b>Әңгіме:</b> – Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Суды дұрыс пайдаланған адам табиғатты қорғайды. Жуынғанда немесе ыдыс жуғанда суды ағызып қоймай, тек қажетіне қолдануымыз керек.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Су ішкенде асықпай жұтамыз, күліп сөйлеп ішпейміз. Бұл – қауіпсіздіктің бір шарты.</p>	

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)</p>	<p><b>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</b>  <b>Ойын: «Қайсысы еңбек?»</b>  Тәрбиеші: «Мен қазір іс-әрекеттерді айтамын, сендер оның еңбек пе, әлде ойын ба екенін айтасыңдар:  – Үй жинау (еңбек),  – Доп тебу (ойын),  – Гүл егу (еңбек),  – Қуыршақпен ойнау (ойын).»  <b>Мағынасы:</b> балаларды еңбекті ажырата білуге,</p>	<p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b>  <b>Ойын: «Бір сөз – көп сөйлем»</b>  Тәрбиеші бір сөз айтады (мысалы: «Дос»). Балалар кезекпен сол сөзді қатыстырған сөйлем құрайды:  – «Менің досым бар».  – «Досыммен ойнаймын».  – «Досым маған көмектесті».  <b>Мағынасы:</b> бір сөзді түрлі сөйлемде қолдануға, ойды толық жеткізуге үйрету.</p>	<p><b>«Қамқор» жобасы</b>  <b>Ойын: «Жақсы сөзді жалғастыр»</b>  Тәрбиеші: «Мен жақсы сөз айтамын, сендер жалғастырыңдар.  – «Ана ...» (балалар: «мейірімді»).  – «Дос ...» (балалар: «сенімді»).  – «Әке ...» (балалар: «қамқор»).»  <b>Мағынасы:</b> әдемі сөйлеуге, қамқорлықты сөзбен білдіруге үйрету.</p>	<p><b>«Шабыт» жобасы</b>  <b>Ойын: «Өнерлі кім екен?»</b>  Тәрбиеші: «Ән айтқысы келген кім бар? Би билегісі келген кім бар? Сурет салып көргісі келген кім бар?» – деп сұрайды.  Балалар кезекпен кішкентай өнерін көрсетеді.  <b>Мағынасы:</b> балаларды өз қабілетін көрсетуге, шығармашылыққа шабыттандыру.</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p><b>Қамқор жобасы бағытында ҮІӨ</b></p>			
<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>М.Төрежанов</b>  <b>«Кішкентай бағбан»</b>  Іс-әрекет барысы:  <b>Ұйымдастыру сәті</b> – балаларды дөңгелете отырғызып, табиғат туралы жұмбақ жасыру.  <b>Кіріспе әңгіме</b> – «Бақшада не өседі? Адамдар не істейді?» деген сұрақтар арқылы ой қозғау.  <b>Әңгіме тыңдау</b> – тәрбиеші мәнерлеп «Кішкентай бағбан» әңгімесін оқып береді.  <b>Сұрақ-жауап</b> – кейіпкерлерді атау, оқиганың немен аяқталғанын талқылау.  <b>Суретпен жұмыс</b> – сурет бойынша әңгімелеу: «Бұл бала</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Жиын ұғымы</b>  <b>Кіріспе:</b> Балаларға үстел үстінде әртүрлі ойыншықтар (қуыршақ, көлік, кубик) қою.  «Мына заттардың бәрін қалай атаймыз?» деген сұрақ қою.  <b>Мақсат:</b>  Жиын ұғымын қарапайым түрде түсіндіру.  Заттарды түстері, пішіндері, өлшемдері бойынша біріктіру.  <b>Әдіс-тәсілдер:</b> Әңгіме, көрсету, сұрақ-жауап, ойын.  <b>Ойын-жаттығулар:</b>  «Түстер әлемі» – балалар қызыл, жасыл, көк ойыншықтарды бөлек қораптарға салады.  «Кім тез?» – пішіндерден дөңгелек пен төртбұрышты тез</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Ауызекі Тіл дамыту. Қарым-қатынас құралы</b>  <b>Мақсат:</b>  Балаларды өз ойын еркін жеткізуге үйрету.  Сұраққа қысқа, нақты жауап беруге ынталандыру.  <b>Тапсырмалар:</b>  «Сәлемдесу шеңбері» ойыны – әр бала көршісіне жылы сөз айтады.  «Кім не істеп жатыр?» – сурет бойынша сөйлем құрастыру.  <b>Көркем әдебиет</b>  <b>М.Төрежанов</b>  <b>«Кішкентай бағбан»</b>  Іс-әрекет барысы:  <b>Ұйымдастыру сәті</b> – табиғат туралы қысқа өлең немесе</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Жиын және оның элементтері</b>  <b>Кіріспе:</b> Балаларға түрлі түсті ойыншықтар, пішіндер, суреттер көрсету.  «Бұлар не?» деп сұрау.  <b>Негізгі бөлім:</b>  Жиын әртүрлі элементтерден құралады (түсі, пішіні, өлшемі бойынша).  Әр балаға суреттер немесе кубиктер беріп, белгісі бойынша топтастыру.  <b>Ойын-жаттығулар:</b>  «Түстер жиыны» – балалар қызыл заттарды бөлек, көкті бөлек жинайды.  «Қимыл жиыны» –</p>	

	<p>не істеп жатыр? Ол кімге көмектесті?»</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны</b> – «Бағбанышлар» (балалар гүл егіп, су құйып жатқандай қимыл жасайды).</p> <p><b>Қорытынды</b> – еңбектің маңызы туралы әңгімелеу, балаларға: «Сендер үйде ана-аналарыңа қалай көмектесесіңдер?» деген сұрақ қою.</p> <p><b>Сауат ашу</b></p> <p><b>Сөз және дыбыс ұғымы</b></p> <p><b>Кіріспе:</b> Балаларға әртүрлі сөздер айту (ана, ойыншық, алма). «Сөз неден тұрады?» деп сұрау.</p> <p><b>Мақсат:</b> Сөздің дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Дыбысты естіп, ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Әдіс:</b> Тыңдау, сұрақ-жауап, ойын.</p> <p><b>Тапсырма:</b> «Дыбысты тыңда» ойыны – тәрбиеші дыбыс айтады, балалар сөз ойлайды.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар</p> <p><b>Мақсат:</b> Қолдың бастапқы</p>	<p>табу.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Сызықтар мен штрихтар салу</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Түзу және қисық сызықтар жүргізуді үйрену.</p> <p>Ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p><b>Әдіс:</b> Дәптермен жұмыс, сызық сызу.</p> <p><b>Тапсырма:</b> Дәптерде жоғарыдан төмен түзу сызық сызу.</p> <p>«Жаңбыр жауды» ойыны – нүктелерді сызықпен қосу.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b> Саусақ және қол бұлшықеттерін дамыту</p> <p><b>Жаттығулар:</b> Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру.</p> <p>Қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b> тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап өту.</p> <p><b>Музыкалық қимыл:</b> «Биші қимылдары» – әуенмен ырғақты қимылдар.</p> <p><b>Ойын:</b> «Кім шапшаң?» – белгі бойынша қозғалысты өзгерту.</p> <p><b>Тіл дамыту</b></p> <p><b>Дауысты дыбыстарды дұрыс айту</b></p> <p><b>Мақсат:</b></p>	<p>тақпақ айту.</p> <p><b>Әңгімені еске түсіру</b> – суреттерді ретімен қойып, балалардан мазмұнын айтқызу.</p> <p><b>Әңгімелеу</b> – бір-екі балаға әңгіме желісін баяндатып, теңеулер қолдануға жетелеу (мысалы: «гүл күндей жайнады», «су мөлдір моншақтай тамшылады»).</p> <p><b>Шығармашылық жұмыс:</b> Балалар бақша, гүл немесе ағаштың суретін салады. Салған суреті бойынша қысқа әңгіме құрайды («Менің бағбан атам бар. Ол...»)</p> <p><b>Дидактикалық ойын</b> – «Қайда өседі?» (балаларға әртүрлі сурет көрсетіледі: гүл, ағаш, көкөніс – қай жерде өсетінін табады).</p> <p><b>Қорытындылау</b> – еңбектің қуанышы мен пайдасын атап өту. Балаларды табиғатты қорғауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Жиынды бөлу</b></p> <p><b>Кіріспе:</b> Бір қорап қарындашты көрсету. «Бұл жиын ба?» деп сұрау. «Оны қалай бөлуге болады?» деген ой тастау.</p> <p><b>Мақсат:</b> Жиынды бөліктерге бөлуді</p>	<p>секіретіндер бір бөлік, қол шапалақтайтындар – екінші бөлік.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Жиын – көп заттан тұрады, оларды біріктіруге болады.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру. Сөздегі дыбыстардың орнын (басында, ортасында, соңында) табуға үйрету.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b> «Дыбысты тап» ойыны – тәрбиеші сөз айтады, балалар дыбыстың орнын анықтайды.</p> <p>Жаңылтпаң айту («Балпаң-балпаң басып жүр, балапаным, басып жүр»).</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p> <p><b>Мен кімін? Менің отбасым</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Баланың өзін тұлға ретінде тануына көмектесу. Отбасы мүшелерін атау, олардың рөлін түсіну.</p> <p><b>Әдістер:</b> Сұрақ-жауап,</p>
--	--	---	--	---

	<p>қалыптарын орындау, иық бұлшықеттерін шынықтыру.</p> <p><b>Жаттығулар:</b></p> <p>Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу.</p> <p>Қолды жоғары көтеру және жанға созу.</p> <p>Қолды желкеге қою.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b> сапта жүру, аяқтың ұшымен жүру.</p> <p><b>Ойын:</b> «Қарлығаштар ұшып жүр» (қолды жанға жайып ұшу).</p>	<p>Ана тіліндегі дауысты дыбыстарды (а, о, ұ, ү, е, ы, і, ә, і) дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Дыбысты анық айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдер:</b> Артикуляциялық жаттығулар, өлең жолдарын айту, жаңылтпаш.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b></p> <p>«Дауыстап айт» ойыны – суреттегі затты атап, дауысты дыбысты бөліп айту. Жаңылтпаш жаттау («Ата, ата, балта әкел»).</p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Жапсыру</b></p> <p><b>Сурет салу Құрастыру</b></p> <p><b>«Күзгі бақшада»</b></p> <p><b>Сурет салу:</b> Балалар бояумен ағашқа ілінген алмаларды салады (қылқаламды көлденең, тігінен ұстау).</p> <p><b>Мүсіндеу:</b> Ермексизден сәбіз, қияр сияқты көкөністерді пішіндеу.</p> <p><b>Жапсыру:</b> Қайшымен қиып алынған жапырақтарды суреттің айналасына жапсыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> Конструктордан бақшаның шарбағын құрастыру.</p>	<p>үйрету.</p> <p>Бүтін мен бөліктің арасындағы байланысты түсіндіру.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдер:</b> Тәжірибелік жұмыс, ойын, топпен орындау.</p> <p><b>Ойын-жаттығулар:</b></p> <p>«Бөл де сал» – қарындашты қызыл, жасыл бөлікке бөлу.</p> <p>«Жемістерді бөліп ал» – суреттегі жемістерді бөлу: алма бөлігі, алмұрт бөлігі.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Музыка тыңдау және ән айту</b></p> <p><b>Мақсат:</b></p> <p>Музыкалық шығармалардың көңіл-күйін ажырата білу.</p> <p>Ән айтуға қызығушылығын арттыру.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b></p> <p>Шағын әуен тыңдау («Көңілді марш», «Әлди әні») – көңіл-күйін анықтау.</p> <p>Қарапайым балалар әнін үйрену (2–3 шумақ).</p>	<p>әңгіме, сурет көрсету.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b></p> <p>«Отбасым суретте» – отбасының суретін салып, таныстыру.</p> <p>«Кім не істейді?» ойыны – әр отбасы мүшесінің міндетін айту.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b></p> <p><b>Мақсат:</b></p> <p>Музыка сипатына қарай қимылды өзгерту.</p> <p>Дене қимылдарын ырғақпен үйлестіру.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b></p> <p>«Марш» әуенімен саппен жүру.</p> <p>Жеңіл би қимылдары (қол шапалақтау, аяқпен топылдату).</p>
Серуенге дайындық	<p><b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b></p>			
	Балаларға серуен алдында өз	Серуенге шығар алдында әңгіме	Серуен алдында бөлмені	Балаларға серуенге шыққанда

	<p>ойыншықтары мен кітаптарын орнына қоюды үйрету.</p> <p>Киімдерін ұқыпты киюге баулу: бас киімді дұрыс кию, шарфын тағу.</p> <p>Серуен кезінде тәртіп сақтау, асықпай жүру туралы әңгімелеу.</p> <p>Киіну кезінде бір-біріне көмектесуге баулу.</p>	<p>жүргізу</p> <p>Жеңіл күртеше мен қалың күртені ажыратуды түсіндіру.</p> <p>Киімін дұрыс іліп қоюға баулу.</p> <p>Балаларды топпен бірге жүруге, тәрбиеші сөзін тыңдауға дағдыландыру.</p>	<p>жинақтап, үстел үстіндегі заттарды орнына қоюға үйрету.</p> <p>Қолғап, бас киім, шарфты дұрыс қолдануды көрсету.</p> <p>Аяқ киімнің бауын дұрыс байлауды бекіту.</p> <p>Қатармен жүргенде тыныштық сақтауды қадағалау.</p>	<p>денсаулықты сақтаудың маңызын түсіндіру (суықтап қалмау үшін жылы киіну).</p> <p>Киімдерін рет-ретімен киюге дағдыландыру: алдымен ішкі киім, содан кейін сырт киім.</p> <p>Шалбар мен белдемшені дұрыс киюді бақылау.</p> <p>Серуенге шыққанда тәртіп бұзбауды, тәрбиешіден алыс кетпеуді ескерту.</p>
Серуен	<p><b>Картотека №1</b></p> <p>Ауа- райын бақылау.</p>	<p><b>Картотека №2</b></p> <p>Аула маңындағы көліктерді бақылау</p>	<p><b>Картотека №3</b></p> <p>Күзгі ағаштарды бақылау</p>	<p><b>Картотека №4</b></p> <p>Құстарды тамақтандыру</p>
<p><b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</b></p>				
Серуеннен оралу	<p><b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b></p>			
	<p><b>Серуеннен оралу:</b></p> <p>Балаларға киімдерін реттілікпен шешіп, өз сөрелеріне ұқыпты жинауды үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b></p> <p>Балалардың қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету.</p> <p>Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b></p> <p>Жуыну кезінде суды шашпай, әдеппен қолдануды түсіндіру.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b></p> <p>Барлық балалардың қолдарын жууын қадағалап, тамаққа</p>	<p><b>Серуеннен оралу:</b></p> <p>Балаларға киімдерін шешіп, сөрелеріне жинаудың маңызын түсіндіру.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b></p> <p>Қолдарын сабындап жуып, сүлгілерін қолдануды талап ету.</p> <p>Балаларды тазалыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b></p> <p>Жуыну барысында суды үнемді пайдаланып, шашпауға баулу.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b></p> <p>Қолдарын мұқият жуып, ас ішуге таза отыруға дағдыландыру.</p>	<p><b>Серуеннен оралу:</b></p> <p>Киімдерін шешкеннен кейін ұқыптап бүктеп, өз орнына қоюды үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b></p> <p>Әр бала қолын сабындап жуып, сүлгісін қолдануға үйренеді.</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b></p> <p>Балаларды сумен ойнамауға, жуыну кезінде тәртіп сақтауға шақыру.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b></p> <p>Тамаққа бармас бұрын балалардың толықтай қол жуғанын тексеру.</p>	<p><b>Серуеннен оралу:</b></p> <p>Балаларды киімдерін дұрыс шешуге, шкафтағы орнына жинауға үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b></p> <p>Қолдарын мұқият сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету. Жеке бас тазалығын сақтауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b></p> <p>Жуынғанда сумен ойнамауды, еденді шашпауға үйрету.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b></p> <p>Балаларға ас алдында тазалық сақтаудың маңызын түсіндіріп, қол жууын</p>

	ұқыптылықпен дайындалуға дағдыландыр			бақылау.
Түскі ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шаппай жуыну</b>			
	<p><b>Әңгіме:</b> – Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырғанда арқамызды тұзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> Бүгін біз ас үстіндегі әдептілікті тағы да еске түсірейік. Ас үстінде тыныш отырып, тамақтанған дұрыс.</p> <p><b>Keңес:</b> Тамақтың әрқайсысы денсаулыққа пайдалы. Сондықтан асты тауысып жеген жөн. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтып, бет-қолымызды жууды ұмытпайық.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермен сөйлемейміз, өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Ұйықтар алдында балалардың киімдерін ұқыппен жинап қоюына көңіл бөлу. Өздерінің төсек-орнын дайындап, ыңғайлап жатуға дағдыландыру. Ұйқы алдында бөлмені желдетіп, таза ауа кіргізу. Балаларға төсекке жатарда артық әңгімелеспей, тыныш жатуды үйрету</p>	<p>Балаларды бірізділікпен киімдерін шешіп, орындыққа немесе шкафқа қоюға дағдыландыру. Ұйықтар алдында төсектерін мұқият жаяуға бағыт беру. Бөлмеде тыныштық пен жайлы ахуал қалыптастыру. Ұйықтар алдында асықпай, сабырмен әрекет етуге кеңес беру.</p>	<p>Киімдерін шешкенде балалардың ұқыпты әрекет етуіне назар аударту. Ұйықтар алдында өз төсек-орнын дұрыстап дайындап жатуды пысықтау. Бөлмеде жарықты бәсеңдетіп, тыныштық орнату арқылы ұйқыға қолайлы жағдай жасау. Балаларға төсек жанында ойнамауды, қауіпсіздікті сақтау керектігін еске салу.</p>	<p>Балаларды ұйықтар алдында киімдерін ретімен шешіп, әдемілеп бүктеуге үйрету. Әрқайсысының өз төсегін жайып, жастығы мен көрпесін дұрыс орналастыруын қадағалау. Балаларға төсекке дұрыс жатуды және артық қозғалыс жасамауды ескерту</p>
Ұйқыдан біртіндеп	<b>1.Ояну</b>	<b>1.Ояну</b>	<b>1.Ояну</b>	<b>1. Ояну</b>

<p>ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p><i>Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыңдар</i></p>	<p><i>Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.</i></p>	<p><i>Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.</i></p>	<p><i>Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз</i></p>
<p><b>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.</b> <b>«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.</b> <b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b></p>				
<p>Бесін ас</p>	<p><b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</b></p>			
	<p><b>Әңгіме:</b> – Тамақ ішіп болған соң «Рахмет» айту – үлкенге құрмет, кішіге өнеге. Алғыс айту – әдептің көрінісі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы адамдарға бөгет жасамаймыз. Үндемей отырып ас ішсек, барлығына ыңғайлы болады.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Асты ысырап етпей, аздап алып, тауысып жеу – жақсы әдет. Артық қалған тамақ төгілсе, ол – еңбекті бағаламау болып саналады. <b>Қауіпсіздік:</b> – Тамақты асығып жұтпаймыз, жақсылап шайнаймыз. Бұл – ас қорытуға пайдалы әрі қауіпсіздік ережесі</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Әдепті бала дастарқан басында тәртіп сақтайды, тамақты тыныш ішеді. Тамақ үстінде ойнамай, қасындағы адамдарға құрметпен қарайды. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымыздағы қасық пен шанышқыны дұрыс ұстаймыз. Оларды сермеп, бір-бірімізге бағыттамаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Тамақ ішкенде дұрыс отырып, тәртіп сақтайық. Үстелде қисайып отырсақ, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде қатты дауыстап сөйлемейміз. Бұл – өзімізге де, қасымыздағы балаларға да қауіпсіз.</p>
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p><b>Еңбегі адал жас өрен жобасы негізінде -Экологиялық мәдениетті қалыптастыру</b></p>			
	<p><b>Мен зерттеушімін</b> <b>«Сүңгуір қайық» «Жүзімнен жасалған сүңгуір қайық»</b> <i>Бір стақан таза газдалған су немесе лимонад алыңыз да, оған жүзім салыңыз. Ол судан сәл ауыр және түбіне батып кетеді. Бірақ кішкентай шарларға ұқсас газ көпіршіктері бірден оған жабыса бастайды.</i></p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Кім тапқыр?» Жемістер топтау.</b> -Алманың түсі, пішіні -Бананның түсі, пішін -Алманың тағы қандай түстері бар? -Алмұрттың түсі қандай? -Апельсин қандай? -Түстерімен топтастырып жинау.</p>	<p><b>Ой қозғау.</b> -Ағаш жапырақтарының түсі қандай? -Ағашжапырақтары күзде не істейді? -Күзде не жауады? Балаларды мадақтау. <b>Аққайынағашынбақылау.</b> Жапырақтарының түсі қандай? Ағашта жапырақтар көп пе, аз ба? Жапырақтар қайда</p>	<p><b>Дид ойын: «Гүлдер әлемі»</b> <b>Мақсаты:</b> Бірлесе құрастыру барысында сыйластық қарым-қатынас орнату <b>Ресурстар:</b> Гүлдердің екіге бөлінген суреттері <b>Ойынның барысы:</b> Тәрбиеші бірнеше гүлдердің екіге бөлінген суреттерін үстел бетіне жайып қояды. Балалар қарап шығып, тәрбиешінің</p>

	<p>Олардың көп болатыны сонша, жүзім пайда болады. Бірақ бетінде көпіршіктер жарылып, газ сыртқа шығады. Ауыр жүзім қайтадан түбіне батады. Мұнда ол қайтадан газ көпіршіктерімен жабылып, қайтадан көтеріледі. Бұл су «дем шығарғанша» бірнеше рет жалғасады. Бұл принцип бойынша нағыз қайық қалықтап, көтеріледі.</p>	<p>-Сары түстерді сары себетке -Жасыл түстерді жасыл себетке -Қызыл түстерді қызыл себетке жинаймыз <b>Мнемокесте арқылы өлең жолдарын жаттау.</b> <b>Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар»</b> Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ, Күзгі бақта күлімдеп. Көз тартады жалбырап</p>	<p>жатыр? <b>Ой дамыту.</b> Қайыңның діңі ақ болады, жапырақтары сопақша болады. <b>Дидойын:</b> <b>«Кішкене суретшілер»</b> <b>1-топ:</b> АЗ форматта Аққайыңды құрастыру. <b>2-топ:</b> Жергетүсіп жапырақтар жапсыру. <b>3-Топ:</b> Қайтып бара жатқан құстарды ермексаздан жағу арқылы мүсіндеу. <b>3-топ:</b> Күзгі бұлтты бояу. <b>Топтық жұмыста күз көрінісін беру.</b> -Алтын, сары, қызыл, көк Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер болады? Құстар неге жылы жаққа ұшып барады? Жапырақтар неге түсіп жатыр? Күн қандай болып тұр? Балаларды мадақтау.</p>	<p>нұсқауы бойынша екіге бөлінген суреттерді біріктіріп гүлдер бейнесін құрастырады. <b>Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»</b> <b>Шарты:</b> Берілген суретке сөйлем құрау.</p>  <p>Суретте гүлге суды не үшін құйып жатыр? Негізден аралар гүлдің жанын да жүр? Ара гүлден не жинайды? Шөптің түсі қандай? Қай мезгілде шөптер жасыл болып шығады? Су құйғыштың түсі қандай?</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p><b>«Кім тез табады?»</b> – Бөлмеден «қызыл затты тап», «дөңгелек затты көрсет» деп тапсырма</p>	<p><b>«Көлеңкені тап»</b> – Заттың суреті және оның көлеңке бейнесі беріледі (доп пен оның көлеңкесі).</p>	<p><b>«Қай дыбысты естідің?»</b> – Тәрбиеші қоңырау, барабан, қасықты тықылдатып дыбыс шығарады.</p>	<p><b>«Сиқырлы қап»</b> – Қапшықтың ішіне түрлі ойыншық немесе зат салып қоямыз (алма, қасық, кубик,</p>

	<p>беріледі. – Бала тез табуға тырысады. <b>Мақсаты:</b> түстерді, пішіндерді ажырату, зейінін шоғырландыру. <b>Арнұр, Нұрғелді, Нармекен</b></p>	<p>– Бала суретті көлеңкемен сәйкестендіреді. <b>Мақсаты:</b> логикалық ойлау, салыстыру. <b>Хангелді, Айша, Аянат</b></p>	<p>– Бала дыбысты тыңдап, «Бұл не?» деп табуы керек. <b>Мақсаты:</b> есту қабілеті мен зейінді дамыту. <b>Мұхтар, Жансерік, Жанарыс</b></p>	<p>доп). – Бала қолымен сипап, затты атамай табуы керек. <b>Мақсаты:</b> сезім мүшелерін, ойлауын дамыту. <b>Мейіржан, Ерсұлтан, Айлин,</b></p>
Серуенге дайындық	<p><b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.</b> <b>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b></p>			
	<p>Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</p>	<p>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. <b>Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</b></p>
Серуен	<p><b>Арқан тартыс</b> <b>Мақсаты:</b> Күш пен төзімділікті дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. <b>Еңбек әрекеті:</b> Спорттық құралдарды орналастыру. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар екі топқа бөлініп, арқанды тартады. Қай топ сызықтан асыра тартса, жеңімпаз атанады.</p>	<p><b>Допты дәл жеткіз</b> <b>Мақсаты:</b> Қолдың ептілігін, дәлдікті дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Доптарды жинау. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар бір-біріне допты домалатады. Белгіленген жерге кім тез жеткізсе, сол жеңеді.</p>	<p><b>Жалаушаны ал</b> <b>Мақсаты:</b> Жылдамдық пен батылдықты дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Жалаушаларды орнату. <b>Қимылды ойын:</b> Ортаға қойылған жалаушаны екі бала жарыса жүгіріп алып келеді.</p>	<p><b>Кім тез жинайды?</b> <b>Мақсаты:</b> Шатшаңдық, зейінді дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Кубиктерді, ойыншықтарды бөлу. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар шашылған ойыншықтарды белгі бойынша тез жинайды.</p>
	<p><b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</b></p>			
Балалардың үйге қайтуы	<p><b>Өнегелі-15 минут. Балалардың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.</b></p>			
	<p>Бүгін балалар серуен кезінде айналаны бақылап, жапырақтарды жинады.</p>	<p>Бүгін балалар түрлі геометриялық пішіндермен ойнады.</p>	<p>Бүгін балалар түрлі дыбыстарды тыңдап, қай жануарға немесе затқа тән</p>	<p>Бүгін балалар кітап бетінен суреттерді қарап, әңгіме құрастырды.</p>

	<p><i>Табиғатқа қызығушылық танытып, ұқыптылыққа үйренді.</i></p> <p><i>Үйде бірге жиналған жапырақтардан немесе гүлдерден шағын бұйымдар жасауға көңіл бөлсеңіздер пайдалы.</i></p>	<p><i>Заттарды салыстыру, сәйкестендіру дағдыларын көрсетті.</i></p> <p><i>Үйде ойынышықтар немесе тұрмыстық заттар арқылы пішіндерді атауға көңіл бөлсеңіздер пайдалы.</i></p>	<p><i>екенін ажыратты.</i></p> <p><i>Тыңдау және есте сақтау қабілетін дамытуға тырысты.</i></p> <p><i>Үйде табиғат дыбыстарын немесе музыка тыңдап, бірге талқылау пайдалы болады.</i></p>	<p><i>Ой қорытып, өз қиялын әңгімеге айналдыруға талпынды.</i></p> <p><i>Үйде бірге кітап оқып, суреттер бойынша сұрақ қоюды әдетке айналдырсаңыздар жақсы.</i></p>
--	--	---	---	---

Тексерілді:  **С.Т Есимова**

**Топ:** «Бәйтерек» мад топ

**Балалардың жасы:** 5 жас

**Қандай кезеңге жасалды :** 08.09 – 12.09.2025ж

**Тәрбиешілер:** Кадирова М.К., Батынова Г.К.

**Әдіскер:** Есимова С.Т.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	<i>Әнұран – баланы қазақтың ұлттық өнерімен қарсы алу, ұлттық рухты сезінуге баулу.</i>			<i>Күй күмбірі – баланың жүрегіне ұлттық тәрбие нұрын себу..</i>	
	<i>Баланы есік алдында күлімсіреп қарсы алу, атымен атап амандасу. Ата-анасынан баланың түнгі ұйқысы мен таңғы көңіл-күйі жайлы сұрау. Киімін шешуге, аяқ киімін ауыстыруға бағыт беру.</i>	<i>Баланы жылы жүзбен қарсы алып, қысқаша әңгімеге тарту (мысалы: «Кешегі күн қалай өтті?»). Денсаулығына назар аударып, дене қызуын өлшеу. Көз-құлақ жағдайын сырттай бақылап, шаршау не мазасыздық белгілерін қадағалау.</i>	<i>Киімдерін шешу, шкафқа жинастыру барысында өзін-өзі қызмет етуге үйрету. Қол жуу дағдысын еске салып, орындауын қадағалау. Эмоциялық бейімделуде қиналған балаға психологпен бірге қолдау көрсету.</i>	<i>Баланы күлімсіреп қарсы алып, сенімді қарым-қатынас орнату. Ата-анадан кешегі жағдайы (тамаққа тәбеті, ұйқысы, көңіл-күйі) туралы қысқаша сұрау. Дене қызуын өлшеп, қажет болса медбикеге жолдау.</i>	<i>Баланы есімін атап, жылы амандасу арқылы қабылдау. Көңіл-күйін анықтау үшін қысқа сұрақтар қою («Бүгін көңіл-күйің қалай?»). Дене қызуын өлшеу, сыртқы белгілерін (бет әлпеті, көздері) бақылау. Киімін шешіп, аяқ киімін ауыстыруға көмектесу, өзіндік әрекетке ынталандыру.</i>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала тәрбиесі туралы кеңес беру.</b>				
	<i>Табандылық – баланың мақсатқа жетуіне көмектесетіні жайлы әңгімелесу. Кеңес: Бала бір істі аяқтамай тастамауы үшін қолдау</i>	<i>Сыпайылық – мәдениетті адамның басты белгісі екендігі жайлы әңгімелесу. Кеңес: Баламен сөйлескенде жұмсақ үн қолдануға дағдыланыңыз.</i>	<i>Салауатты өмір салты – ұзақ әрі бақытты өмірдің кепілі екендігі жайлы әңгімелесу. Кеңес: Кешкі серуенге бірге шығыңыз.</i>	<i>Ұлттық дәстүрлер – баланың болмысын қалыптастыратыны жайлы әңгімелесу. Кеңес: Қазақтың салт-дәстүрлері жайлы шағын әңгіме айтып беріңіз.</i>	<i>Еңбек – баланы жауапкершілікке тәрбиелейтіні жайлы әңгімелесу. Кеңес: Үй шаруасына аз да болса көмектесуге мүмкіндік беріңіз.</i>

	<i>көрсетіңіз.</i>				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	<b>«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»</b> <b>Мақсаты:</b> Түстер туралы ұғымдарын кеңейту	<b>«Жыл мезгілдері»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.	<b>«Нан дастарханға қалай келеді?»</b> <b>Мақсаты:</b> Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқанишылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	<b>«Жануарларды өз мекеніне орналастыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.	<b>«Бұл қандай құс?»</b> <b>Мақсаты:</b> белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу
<b>Коммуникатив дағдыларды қалыптастыру картотекасынан</b>					
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.
<b>Мақсат:</b> Таңғы жаттығуларды жүйелі түрде орындау арқылы балалардың жалпы қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту, денесін шынықтыру, ептілік пен төзімділігін арттыру, дұрыс қалыптасқан қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру. Жаттығу кешені қосымша тіркелген					
Таңғы ас	<b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b>				
	<b>Әңгіме:</b> – Сусыз өмір жоқ. Бетімізді, қолымызды жуған кезде суды тек қажетіне қарай пайдалануымыз керек. Суды босқа ағызуды ысырап. Үнемді бала табиғатты да қорғайды. <b>Қауіпсіздік:</b> – Жуыну кезінде еденге	<b>Әңгіме:</b> – Әр түйір ас – бағалы. Дастарқан үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Тамақты төкпей-шашпай, тауысып жеу – еңбекті бағалау. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, оларды бір-бірімізге бағыттамаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Балалар, суды босқа ағызбайық. Қол, бет жуған кезде қранды ашып қоймай, қажетті мөлшерде ғана қолдану керек. Ас үстінде де асты төкпей-шашпай жеу – үнемділіктің белгісі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде орнымыздан	<b>Әңгіме:</b> – Әрбір тағам – үлкендердің маңдай терімен келген ризық. Сондықтан нанды жерге тастамауымыз керек, тамақты ысырап етпей, мөлшермен ғана алуымыз қажет. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде ауыз толған кезде	<b>Әңгіме:</b> – Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты дұрыс пайдалансақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде жан-жағымызға алаңдамаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтуды

	суды шашпаймыз, абайлап қозғалуымыз керек. Білгал жерде абайсыз жүрсек – құлап қалуымыз мүмкін.		тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз. Жүгірмесек – қауіпсіз боламыз.	сөйлемейміз, асықпай шайнаймыз. Бұл тамақтың жақсы қортылуына және қауіпсіздікке пайдалы	ұмытпаймыз
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	<b>«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында тілдік мәдениетті дамыту</b>				
	<p><b>«Жақсы сөз кімде көп?»</b> Балалар шеңберге тұрады. Әрқайсысы кезекпен досына, табиғатқа немесе отбасыға байланысты жақсы сөз айтады. Мысалы: «Досым жақсы», «Гүл әдемі», «Әкем мейірімді».</p> <p><b>Мақсаты:</b> тілдік мәдениетті қалыптастыру, әдемі сөйлеуге үйрету.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> Екі дос аулада ойнап жүрді. Бірі құлап қалды. Оның досы жүгіріп келіп, қолын созып тұрғызды. Қуыршағын да әкеліп берді. Екеуі бірге ойынды жалғастырды.</p> <p><b>Тәрбиеші сұрағы:</b> – Нағыз дос қандай болады?</p> <p><b>Балалар жауабы:</b> – Көмектеседі. – Қуанышымен де, қиыншылығымен де бөліседі.</p> <p><b>Мақсаты:</b> достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>«Әдемі сөйлеу жаттығуы»</b> Тәрбиеші: «Қане, бәріміз мына сөздерді анық, әдемі айтып үйренейік: «Достық», «Адалдық», «Еңбек», «Шығармашылық». Енді осы сөздердің бірін пайдаланып сөйлем құрайық».</p> <p>Балалар: «Достық – ең қымбат қазына», «Адалдық – адамға жарасады».</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды мәнерлеп сөйлеуге, ойды толық жеткізуге баулу.</p>	<p><b>«Сиқырлы қапшық»</b> (Қапшық ішінде кішкентай ойыншық кітап, қалам, суреттер).</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> «Қапшықтан бір затты аласың, сосын ол туралы бір сөйлем айтасың».</p> <p>Балалар: «Бұл қалам – ол жазуға көмектеседі», «Бұл кітап – ол оқуға көмектеседі».</p> <p><b>Мақсаты:</b> нақты затпен жұмыс, байланыстырып сөйлеу.</p>	<p><b>«Табиғат пен кітап»</b> (Суретте бала ағаш түбінде кітап оқып отыр).</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> «Бұл суретті қалай сипаттайсыңдар?»</p> <p><b>Балалар жауаптары:</b> – «Бала табиғат аясында кітап оқып отыр». – «Кітап пен табиғат – адамның досы». – «Кітап оқу жанды тынықтырады».</p> <p><b>Мақсаты:</b> күрделі сөйлем құрау, салыстыруға үйрету.</p>
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<b>«Қамқор» жобасы, «еңбегі адал жас өрен» жобасы бағытында - мамандықтарға қызығушылық таныту.</b>				
	<p>Тіл дамыту <b>Ұқсас дауыссыз дыбыстар (б–п, г–ғ)</b> <b>Мақсат:</b> Б–п, г–ғ дыбыстарын ажыратып айтуға</p>	<p>Көркем әдебиет <b>Кітап – білім бұлағы</b> <b>Мақсат:</b> Балаларды кітаппен таныстыру, кітаптың құрылысы мен</p>	<p>Математика негіздері <b>Жиын мен бөлік</b> <b>Кіріспе:</b> балаларды көрсету: «Бүкіл топ – жиын. Ал ұлдар бөлігі, қыздар бөлігі».</p>	<p>Қазақ тілі <b>Сөздік қорды байыту (санамақ, тақпақ, жұмбақ)</b> <b>Мақсат:</b> Санамақ, тақпақ,</p>	<p>Математика негіздері <b>Жиынды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру</b> <b>Кіріспе:</b> Бір қорап қарындашты көрсету. «Қарындаштар жиыны».</p>

	<p>үйрету. Дыбыстарды сөздің басында, ортасында, соңында дұрыс айту.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b> «Тыңда да тап» ойыны: тәрбиеші сөзді айтады, балалар қай дыбысты естігенін атайды. «Сөз ойла» – берілген дыбыстан басталатын сөздер табу. Сауат ашу негіздері <b>Дыбысты ажырату</b> <b>Мақсат:</b> Сөздегі бірінші дыбысты ажырата білу. <b>Тапсырма:</b> «Қай дыбыстан басталды?» ойыны. 5-сабақ. <b>Жиектерді салу</b> <b>Мақсат:</b> Дәптердің жиектерін сызып үйрену. <b>Тапсырма:</b> «Қоршауды сал» – парақтың шетіне әдемі жиек сызық салу. Дене тәрбиесі Қолды кезек жоғары-артқа көтеру <b>Жаттығулар:</b> Қолды кезекпен жоғары-артқа көтеру. Қолды алға созып, шеңбер</p>	<p>безендірілуін түсіндіру. Кітапты күтіп ұстауға үйрету.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b> «Кітапхана қонағы» – түрлі кітаптарды көрсету, беттерін ашып безендірілуін қарау. Суреттер бойынша шағын әңгіме құрастыру.</p> <p>Сауат ашу негіздері <b>Геометриялық фигураларды бояу</b> <b>Мақсат:</b> Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрышты бояу. <b>Тапсырма:</b> «Фигураларды бояу» – сызықтан шықпай. <b>Дене тәрбиесі</b> Жүру тәсілдері <b>Негізгі қимыл:</b> аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру, қосалқы қадаммен жүру. <b>Жаттығулар:</b> қолды жоғары көтеріп, жанға жайып жүру. <b>Ойын:</b> «Жолдан тайма» – жіпті баспай жүру.</p>	<p><b>Мақсат:</b> Жиын бөліктен үлкен, бөлік жиыннан кіші екенін түсіндіру.</p> <p><b>Ойын-жаттығулар:</b> «Қыздар–ұлдар» ойыны. «Ормандағы аңдар» – ормандағы жануарларды бөлу (қояндар бөлігі, аюлар бөлігі).</p> <p>Сауат ашу негіздері <b>Сөз бен дыбысты салыстыру</b> <b>Мақсат:</b> Сөз дыбыстардан құралатынын нақтылау. <b>Тапсырма:</b> «Не естідің?» ойыны.</p> <p>Дене тәрбиесі Қозғалысты бағыттау <b>Негізгі қимыл:</b> белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру. <b>Музыкалық қимыл:</b> ырғақты жүріс пен қимылдарды музыка әуенімен үйлестіру. <b>Ойын:</b> «Жел мен ағаш» – белгі бойынша бір топ қозғалады, екіншісі қозғалысын өзгертеді.</p>	<p>жұмбақтар арқылы сөздік қорды кеңейту. Балаларды айтыс өнерінің қарапайым үлгілеріне баулу.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b> Санамақ ойыны («Бір дегенім – білеу, екі дегенім – егеу...»).</p> <p>Жұмбақ шешу («Көзі бар, өзі жоқ» – ине).</p> <p>Көркем әдебиет <b>Ертегілер еліне саяхат</b> <b>Мақсат:</b> Халық ертегілерін тыңдату арқылы балалардың қиялын дамыту. Жақсылық пен жамандықты ажыратуға баулу. <b>Тапсырмалар:</b> «Шалқан» ертегісін сахналау. «Кейіпкерді тап» ойыны – суреттен кейіпкерді таңдау. Математика негіздері <b>Жиын бөліктерін санау, салыстыру</b> <b>Кіріспе:</b> Екі себеттегі алмаларды көрсету: «Қай себетте көп? Қай себетте</p>	<p>Оны қалай бөлуге болады?»</p> <p><b>Негізгі бөлім:</b> Жиынды бөліктерге бөлуге болады (мысалы: қызылдар бөлігі, жасылдар бөлігі). Бөліктерді қайтадан біріктіргенде, бүтін шығады.</p> <p><b>Ойын-жаттығулар:</b> «Жемістерді бөл» – алма бөлігі, алмұрт бөлігі. «Бөліктерді қос» – бөліктерді қайта жинап, бір жиын жасау. <b>Қорытынды:</b> Бүтін жиын үлкен, бөлік – оның кішкене бөлігі.</p> <p>Қазақ тілі <b>Тілдің грамматикалық құрылымы (сөздерді жіктеу, тәуелдеу, септеу)</b> <b>Мақсат:</b> Сөздерді дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажырату. <b>Тапсырмалар:</b> «Сөйлемді толықтыр» ойыны. Интонациямен сөйлеу жаттығулары. <b>Қоршаған әлеммен</b></p>
--	---	---	---	--	---

	<p>сызу.  <b>Негізгі қимыл:</b> сапта жүру (екеуден, үшеуден), кедергіден секіріп өту.  <b>Музыкалық қимыл:</b> таныс жаттығуларды музыка әуенімен орындау.  <b>Ойын:</b> «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ұлттық ойыны.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру  <b>Үйім – менің шаңырағым</b>  <b>Мақсат:</b>  Үй ұғымын түсіндіру.  Үйдегі тәртіп пен қамқорлық туралы әңгімелеу.  <b>Тапсырмалар:</b>  Үй суретін бояу (шатыр, терезе, есік).  «Қай бөлмеде не бар?» ойыны.</p>		<p>Тіл дамыту  <b>К–қ, ж–ш дыбыстары</b>  <b>Мақсат:</b>  К–қ, ж–ш дыбыстарының айырмашылығын түсіндіру.  Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға жаттықтыру.  <b>Тапсырмалар:</b>  «Кім тез?» ойыны – суретке қарап, қатаң және ұяң дыбыстарды табу.  Жаңылтпаш айту:  «Қамқор қоян қамыс қиды».  Мүсіндеу  Жапсыру  Сурет салу Құрастыру  <b>«Менің сүйікті жануарым»</b>  <b>Сурет салу:</b> Қарапайым бейнелеу тәсілімен мысықтың немесе иттің суретін салу.  <b>Мүсіндеу:</b> Сазбалишықтан кішкентай жануар мүсінін жасау.  <b>Жапсыру:</b> Қағаздан қиып алынған сүйек немесе ойыншықты жануар бейнесінің қасына</p>	<p>аз?»  <b>Мақсат:</b>  Жиын бөліктерін санау.  Көбірек–азырақ ұғымдарын бекіту.  <b>Ойын-жаттығулар:</b>  «Көбірек–азырақ» ойыны.  «Кім жылдам санайды?»</p> <p>Музыка  <b>Би қимылдары</b>  <b>Мақсат:</b>  Би қимылдарының қарапайым элементтерін меңгеру.  Қозғалысты әуенге сәйкестендіру.  <b>Тапсырмалар:</b>  Қазақ биінің қарапайым қимылдарын орындау.  Әуенге сәйкес орын ауыстыру.</p>	<p><b>таныстыру</b>  <b>Менің балабақшам</b>  <b>Мақсат:</b>  Балабақшадағы достық пен тәртіпті түсіну.  Ережелерді сақтау дағдысын қалыптастыру.  <b>Тапсырмалар:</b>  «Балабақшада не істейміз?» сурет бойынша әңгіме.  «Кім қайда барады?» ойыны – ойыншықтарды топ бөлмесіне орналастыру.  Музыка  <b>Музыкалық аспаптарда ойнау</b>  <b>Мақсат:</b>  Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру (даңғыра, сыбызғы, асатаяқ, барабан).  Ырғақты қарапайым аспапта орындау.  <b>Тапсырмалар:</b>  «Әуенді қайтала» – тәрбиеші соққан ырғақты балалар қайталайды.  Шағын топпен бірге ойнау.</p>
--	---	--	---	---	---

			жапсыру. <b>Құрастыру:</b> Құрылыс бөлшектерінен жануарға үйшігін (қора, ұя) құрастыру.		
Серуенге дайындық	<b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	Киіну ретін үйрету: алдымен шалбар, кейін күрте. Киінген балаларды мадақтау. Серуенде тәрбиешімен бірге жүруге үйрету. Балаларға серуенге шыққанда табиғатты көреміз деп қызықтыру.	Киімдерін киюде бір-біріне көмектесуге баулу. Қауіпсіздік ережесі: «Ағашқа шықпаймыз, бір-бірімізді итермейміз». Қатармен жүріп, тәрбиешінің сөзін тыңдауға дағдыландыру.	Балаларға бас киім, қолғаптың жылу үшін қажет екенін түсіндіру. Аяқ киімін дұрыс киюге көмектесу. Қауіпсіздік ережесі: «Тасты алмаймыз, таяқпен ойнамаймыз». Қол ұстасып жүруге баулу.	Серуенге шықпас бұрын ойыншықтарды орнына қоюды ескерту. Киінгенде жеңінен өткізіп көмектесу, түймелерін қадап беру. Қауіпсіздік ережесі: «Тәрбиешіден алыс кетпейміз». Балаларды қатарға тұрғызып шығару.	Балаларды серуенге шығатынын айтып, көңіл-күйін көтеру. Киінуге көмектесу: алдымен аяқ киім, содан соң бас киім. Серуен алдында қауіпсіздік ережесі: «Жүгірмейміз, бір-бірімізді итермейміз». Қол ұстасып, тәрбиешімен бірге шығу.
Серуен	<b>Картотека №9</b> Жаңбырды бақылау.	<b>Картотека №12</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.	<b>Картотека №16</b> Аула сыпырушы еңбегін бақылау	<b>Картотека №18</b> Жәндіктерді бақылау.	<b>Картотека №14</b> Мысықты бақылау
	<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</b>				
Серуеннен оралу	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	<b>Киімдерін шешу:</b> Балалар киімдерін ретімен шешіп, тәрбиешінің көмегімен жинайды. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын жуу кезінде «Жуамыз – шайамыз –	<b>Киімдерін шешу:</b> Балаларды киімдерін ұқыптап шешуге, орындыққа немесе сөресіне қоюға үйрету. <b>Тазалық процедуралары:</b> Әр баланың қолын тәрбиеші көмегімен сабындап жуу, сүлгісіне	<b>Киімдерін шешу:</b> Киімдерін кезекпен шешіп, орындарына қоюға дағдыландыру. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын жуып болған соң сүлгісін дұрыс қолдануды көрсету. <b>Гигиеналық шаралар:</b>	<b>Киімдерін шешу:</b> Балалар киімдерін шешкен соң тәрбиеші көмегімен сөресіне қояды. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жууды ойын арқылы	<b>Киімдерін шешу:</b> Балаларды тәрбиеші көмегімен сырт киімдерін шешіп, орындарына қоюға баулу. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жууға көмектесу, сүлгісіне сұрту. «Сабын – су – сүлгі» деп

	<p>сүртеміз» деп ойын түрінде қайталау.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну барысында суды шашпай, сабынды үнемдеуді көрсету.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын жуған соң балаларды үстел басына отырғызу.</p>	<p>сұрту.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Сумен ойнамауды, тек қол жуу керегін ескерту.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Балаларды ас алдында тыныштық сақтауға дағдыландыру.</p>	<p>Жуыну кезінде суды үнемдеп қолдануды түсіндіру.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Тазалықтан кейін асханаға дайын болуды үйрету.</p>	<p>үйрету: «Алдымен сабын, кейін су».</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуығанда шуламай, тәртіп сақтауды еске салу.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын жуған балаларды жайғасып отыруға бағыттау.</p>	<p>айту.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Сумен ойнамауды түсіндіру. «Қол жуамыз – шашпаймыз».</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдары таза болған соң балаларды үстелге отырғызу.</p>
Түскі ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
	<p><b>Тақырып:</b> Үнемді болсақ – берекелі боламыз</p> <p><b>Әңгіме:</b> – Суды да, асты да үнемді тұтыңан бала – ұқыпты бала. Үнемділік – берекенің кілті.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыстық асты абайлап ішеміз. – Орнымыздан тұрмаймыз, шуламаймыз.</p>	<p><b>Тақырып:</b> Қадірлейік, құрметтейік</p> <p><b>Әңгіме:</b> – Әр тамшы су мен әр түйір ас – бізге берілген несібе. Оны құрметтеу – біздің міндетіміз.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Су төгілсе, тайып кетпеу үшін абай боламыз. – Ас ішіп болған соң «Рахмет» деп айту – әдептіліктің белгісі.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Су – табиғаттың сыйы, ал ас – үлкендердің еңбегі. Сондықтан екеуін де қадірлейік.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Су ішіп болған соң ыдысты орнына қоямыз. – Ас үстінде қасықты бұлғап ойнамаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Бізге су да, ас та жеткілікті болуы үшін артық пайдаланбаймыз. – Тамақтанғанда табақтағы асты тауысып жеу – әдемі әдет.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты төкпей ұстаймыз. – Асығып жегенде қақалып қалмау үшін асықпай шайнаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, суды үнемдеп пайдалану керек. Қолымызды жуған кезде суды ағызып қоймаймыз. – Ас та – қымбат. Тамақты төкпей, ысырап қылмай жеген дұрыс.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ылғал жерде жүгірмейміз. – Ас ішіп отырғанда тыныш отырамыз.</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.</p>	<p>Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау</p>	<p>Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.</p>	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау</p>
Ұйқыдан	<b>Жаттығу кешені</b>	<b>Жаттығу кешені</b>	<b>Жаттығу кешені</b>	<b>Жаттығу кешені</b>	<b>Жаттығу кешені</b>

<p>біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p><i>Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.</i></p>	<p><i>Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.</i></p>	<p><i>Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағмызға қарайық Төсектен біз тарайық</i></p>	<p><i>Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық</i></p>	<p><i>Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық</i></p>
<p><i>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. <b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b></i></p>					
<p>Бесін ас</p>	<p><i>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</i></p>				
	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, біздің жейтін тағамдарымыздың ішінде дәрумендер бар. Сүт сүйекті қатайтады, жеміс пен көкөніс бізге күш береді. Әр ас – пайдалы. <b>Қауіпсіздік:</b> – Жеміс пен көкөністі асықпай, жақсылап шайнап жейміз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас ішсек, бойымыз өседі, күшті боламыз. Дұрыс тамақтанған бала әрқашан көңілді, сергек жүреді. Ас – денсаулық көзі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ыстық тамақты бірден ішпейміз, күйіп қалмау үшін күтеміз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Көкөністер мен жемістер – дәруменге толы. Олар бізді ауырмай, сау жүруге көмектеседі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Асымызды төкпей, ыдыстан абайлап аламыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас – денсаулыққа пайдалы ғана емес, ол – береке. Сондықтан асымызды төкпей, тауысып жейік. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырған кезде ойнамаймыз, тыныш отырамыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты дұрыс пайдалансақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде жан-жағмызға алаңдамаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтуды ұмытпаймыз.</p>
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),</p>	<p><b>Теледидар мен электр құралдары</b> <b>Мақсаты:</b> Электр құрылғыларынан туатын қауіптер туралы айту. <b>Әңгіме:</b> – Егер теледидарды күні бойы қосулы қалдырсақ,</p>	<p><b>Сіріңке мен оттық – балаларға арналмаған!</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды от көзімен ойнамауға үйрету. <b>Әңгіме:</b> – Балалар, сендер білесіңдер ме, сіріңке кішкентай ғана таяқша</p>	<p><b>Үтік өрт шығару мүмкін бе?</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға үтікті қолдану кезіндегі қауіп туралы түсінік беру. <b>Әңгіме:</b> – Балалар, кейде аналарың киімді үтіктейді, иә? Ал үтікті өшірмей, тоққа</p>	<p><b>Газ және электр плиталары</b> <b>Мақсаты:</b> Ас үйдегі қауіп көздерімен таныстыру. <b>Әңгіме:</b> – Анаңыз тамақ дайындағанда газ немесе электр плитасын қолданады. Егер ол дұрыс</p>	<p><b>Шығармашылық тапсырма (дәстүрден тыс)</b> <b>«Ауладағы қауіпсіздік картасы»</b> Үлкен ватманға балабақша ауласының сызбасы дайындалады. Балалар дайын</p>

<p>бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>ол қызып кетуі мүмкін. Ал қызыған электр құралдары өрт шығарады. Сондықтан үлкендер оларды уақытында өшіру керек.</p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <p>– Электр құралдарын өз бетіңмен қосуға бола ма?</p> <p>– Егер сым жарылып жатса не істеу керек?</p> <p>– Өрт шықса кімге хабарлаймыз?</p>	<p>сияқты көрінеді. Бірақ ол өте қауіпті. Неге дейсіңдер ме? Өйткені бір ғана сіріңкені жақсаң, ол үлкен өртке айналуы мүмкін.</p> <p>От – бізге керек. Онымен тамақ пісіреді, шам жағады, жылытады. Бірақ оны тек үлкендер ғана қолдана алады. Ал балаларға сіріңке мен оттықпен ойнауға болмайды.</p> <p>Егер сендер сіріңке тауып алсаңдар, бірден әкешелеріңе, әжеселеріңе немесе тәрбиешіге беру керек. Өйткені ол – қауіпті зат.</p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сіріңке мен оттықты не үшін қолданады?</li> <li>2. Балалар олармен ойнай ала ма?</li> <li>3. Егер сіріңке тауып алсаң, не істеу керек? <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сіріңке кішкентай болса да, өте қауіпті. Бір ғана ұшқын – үлкен өртке себеп</li> </ul> </li> </ol>	<p>қосулы күйінде қалдырса не болады? Киім жанып кетуі мүмкін, тіпті өрт шығуы мүмкін.</p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <p>– Үтікті кімдер қолдана алады?</p> <p>– Өз бетіңмен қосуға бола ма?</p> <p>– Үтікті пайдаланғаннан кейін не істеу керек?</p> <p>Әңгіме: «Үтікті ұмыт қалдырса не болады?»</p> <p>Бір күні Айсұлтан анасымен бірге үйде отырды. Анасы киім үтіктеп болып, асығып дүкенге кетті. Бірақ үтікті сөндірмей қалдырған екен.</p> <p>Айсұлтан үстел үстінде ыстық болып тұрған үтікті көріп:</p> <p>– «Егер бұл үтік өшірілмесе, киім жанады, өрт шығуы мүмкін!» – деп ойлады.</p> <p>Ол бірден әжесіне жүгіріп барып айтты:</p> <p>– «Әже, үтік өшірілмей қалыпты!»</p> <p>Әжесі дереу үтікті сөндіріп, немересіне жылы жымыиып:</p>	<p>өшірілмесе – газ шығып, өрт немесе улану болуы мүмкін.</p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <p>– Ас үйде ойнауға бола ма?</p> <p>– плитаны өзіңе қосуға бола ма?</p> <p>– Тамақ дайындап болған соң не істеу керек?</p>	<p>жапсырмалармен (әткеншек, сырғанақ, гүлдер, шекара сызығы) аула картасын безендіреді. «Қауіпсіз аула» жазуын қосады.</p> <p><b>Қорытынды</b></p> <p>Балалармен бірге ережелерді қайталау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Балабақша ауласына серуенге шығу және серуеннен оралу кезінде жаймен жүру керек.</li> <li>• Бейтаныс сөмке мен пакеттерге жақындама және оларды ұстама.</li> <li>• Достарыңды итерме, аяқтан шалып құлатпа, төбелеспе,</li> <li>• мейірімді және сыпайы бол.</li> <li>• Тәрбиешінің рұқсатынсыз өз аумағыңнан шықпа.</li> <li>• Үшкір заттармен ойнама.</li> <li>• Ойыншықпен жүгірме және оларды басқа балалардан тартып</li> </ul>
---	---	---	---	---	--

		<p>болуы мүмкін.</p>	<p>– «Жарайсың, балам! Сен өте дұрыс істедің. Үтікті тек үлкендер ғана қолдана алады. Ал балалардың міндеті – қауіпті көрсе, үлкенге айту», – деді.</p> <p>Айсұлтан басын изеп: – «Мен енді білемін: үтікті өзім ешқашан қоспаймын. Егер үтік қосулы тұрса, бірден үлкенге айтамын!» – деді.</p> <p><b>Балаларға сұрақтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Үтікті қосып, қолдануға кімнің рұқсаты бар?</li> <li>2. Балалар өз бетімен үтікті қоса ала ма?</li> <li>3. Үтікті пайдаланғаннан кейін не істеу керек?</li> </ol> <p>Айсұлтанның әрекеті дұрыс болды ма? Неге?</p>		<p>алма.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ойыншықтарды шашпа. Бұл тек тәртіп үшін ғана емес,</li> <li>• қауіпсіздік үшін де қажет. Себебі біреу ойыншыққа немесе басқа затқа басып, құлап жарақат алуы мүмкін.</li> <li>• Құм, топырақ, қар лақтырма.</li> <li>• Ит пен мысыққа жақындама.</li> <li>• Саңырауқұлақ пен жидектерге қол тигізбе және жемеңдер.</li> <li>• Ағаштар мен бұталарды сындырма.</li> <li>• Жәндіктерге қол сермеме, оларды ұстама және өлтірме.</li> <li>• Бейтаныс адамдарға жақындама, тіпті олар шақырса да.</li> </ul> <p><b>ҰИӘ «Достық шеңбері» ойынымен аяқтау — балалар бір-біріне «Мен сенімен ойнағанды жақсы</b></p>
--	--	----------------------	---	--	---

					<b>көремін!» деп айтады.</b>
Балалармен жеке жұмыс	<b>Бала тілін дамыту жұмысы</b> Артикуляциялық жаттығулар жасау (дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету). Сөздік қорын кеңейту үшін жеке әңгімелесу, сурет бойынша әңгіме құрату. Қарапайым сөздерді жеке үйрету. <b>Ерсұлтан, Алдияр, Аянат</b>	<b>Математикалық ұғымдарды дамыту</b> Санауды, пішіндерді, түстерді, көлемдерді жеке көрсету. Жұптап салыстыру, заттарды рет-ретімен орналастыру. Жеке логикалық ойындар мен пазлдар ұсыну. <b>Данияр, М.Ислам, Нұрлыхан</b>	<b>Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру</b> Баланы топпен ойнауға бейімдеу үшін алдымен жеке ойындар арқылы сенімділігін арттыру. Мінез-құлық мәдениетін үйрету (амандасу, алғыс айту, кезекте тұру). Қиын балалармен жеке әңгімелесу, мотивация беру. <b>Дін-Ислам, Айлин, Хангелді</b>	<b>Шығармашылық қабілеттерін дамыту</b> Жеке сурет салу, ермексазбен жұмыс, мозаика құрастыру. Ән үйрету, жеке би қимылдарын көрсету. Қолөнер жұмыстарын орындау. <b>Мұқтар, Нармекен, Айша</b>	<b>«Қай дыбысты естідің?»</b> – Тәрбиеші қоңырау, барабан, қасықты тықылдатып дыбыс шығарады. – Бала дыбысты тыңдап, «Бұл не?» деп табуы керек. <b>Мақсаты:</b> есту қабілеті мен зейінді дамыту. <b>Данияр, Жанарыс, Жансерік</b>
Серуенге дайындық	<b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.</b> <b>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау
Серуен	<b>«Миссия: Құтқару»</b> <b>Мақсаты:</b> Стратегиялық ойлау, төзімділік пен командалық жұмыс дағдыларын	<b>«Су тасушылар»</b> <b>Мақсаты:</b> Төзімділік пен тепе-теңдікті дамыту. <b>Шарты:</b> Ыдыстағы суды төкпей, белгіленген	<b>«Құпия көпір»</b> <b>Мақсаты:</b> Тепе-теңдік, дәл қимыл дағдыларын жетілдіру. <b>Шарты:</b> Балалар	<b>«Командалық футбол»</b> <b>Мақсаты:</b> Ұжымдық әрекет, қозғалыс үйлесімділігін арттыру. <b>Шарты:</b> Қысқа матч,	<b>«Картамен қазына табу»</b> <b>Мақсаты:</b> Бағдарлау, топтық келісім және жоспар құру қабілетін дамыту. <b>Шарты:</b> Карта бойынша

	<p>дамыту.</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар екі командаға бөлінеді. «Зардап шеккендерді» (ойыншықтар) картада көрсетілген жолмен кедергілерден өтіп құтқару керек.</p>	қашықтықтан әкелу.	жіңішке жолмен (арқан, тақтай) өтіп, «құлап кетпей» қарсы бетке жетеді.	әр командада 4–5 ойыншы, уақыт шектеулі.	«қазынаны» (доп, қап) табу.
<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың үйге қайтуы	<b>Өнегелі-15 минут. Балалардың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.</b>				
	<p>Бүгін балалар құммен және табиғи материалдармен ойнады.</p> <p>Ұсақ қол моторикасы дамып, заттарды ажыратып, топтастыруға үйренді.</p> <p>Үйде бірге құммен, су немесе түрлі дәндермен ойнауға жағдай жасасаңыздар пайдалы болады.</p>	<p>Бүгін балалар мозаика құрап, пазл жинады.</p> <p>Шыдамдылық пен зейіндерін дамытуға тырысты.</p> <p>Үйде қарапайым пазлдар немесе құрастыру ойындарын бірге ойнауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.</p>	<p>Бүгін балалар табиғат туралы әңгіме тыңдап, суреттерді қарастырды.</p> <p>Қоршаған ортаға қызығушылық танытып, өз ойларын жеткізуге талпынды.</p> <p>Үйде бірге өсімдіктерді, жануарларды бақылап, олардың атауларын қайталау пайдалы болады.</p>	<p>Бүгін балалар топпен бірге ән айтып, ырғақты қимылдар жасады.</p> <p>Бір-бірімен ынтымақтаса әрекет етуге үйренді.</p> <p>Үйде балаңызбен бірге шағын әндерді шырқап, қол шапалақтау немесе қарапайым қимылдар қосуға көңіл бөлсеңіздер тиімді.</p>	<p>Бүгін балалар ермексаздан түрлі пішіндер жасады.</p> <p>Қол икемділігін дамытып, қиялын іске қосты.</p> <p>Үйде ермексазбен немесе қамырмен ойнауға уақыт бөлсеңіздер пайдалы болады.</p>

Тексерілді:



С.Т.Есимова

**Топ:** «Бәйтерек» мектепалды даярлық топ

**Балалардың жасы:** 5 жас

**Қандай кезеңге жасалды :** 15.09 – 19.09.2025ж

**Тәрбиешілер:** Батынова Г.К., Кадирова М.К.

**Әдіскер:** Есимова С.Т.

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	<i>Әнұран – қазақ халқының асыл мұрасымен баланы қауыштыру.</i>			<i>Күй күмбірі – баланың көңілін көтеру, ұлттық болмысқа жақындату</i>	

	<p>Баланы есік алдынан қарсы алу, ата-анасымен бірге топқа кіруіне жағдай жасау. Ата-анасынан кешегі ұйқысы мен таңғы көңіл-күйін сұрау. Дене қызуын өлшеп, сыртқы белгілерін бақылау. Киімін шешуге толық көмектесу (аяқ киім, сырт киім).</p>	<p>Баланы күлімсіреп қарсы алып, өзі топқа кіріп баруына мүмкіндік беру. Дене қызуын тексеріп, жалпы қимыл-қозғалысына назар аудару. Киімін шешуді өзі орындауға дағдыландыру, тек қиын сәттерде көмектесу. Баланың достарымен бірге ойнауын қолдау, шағын топтық ойындарға тарту.</p>	<p>Баланы жылы сөзбен қарсы алып, достарымен амандасуына жағдай жасау. Денсаулығына назар аудару: көз, құлақ, бет-әлпетін сырттай бақылау. Киімін шешу және шкафқа реттеп қоюды өздігінен орындауға дағдыландыру (тәрбиеші тек қадағалайды).</p>	<p>Баланы есік алдынан қарсы алып, көңілін көтеретін сөздер айту. Ата-анамен қоштасуды жеңілдету үшін қысқа ритуал енгізу («қол бұлғап қоштасу»). Киімін шешуде белсенді қатыстыру, жеңіл киімдерін өзі шешуіне мүмкіндік беру. Жаңа ойындарға шақырып, топ ішінде өзін еркін сезінуіне жағдай жасау.</p>	<p>Баланы есімімен атап, құшақтап қарсы алу. Ата-анадан қысқаша ақпарат алу, баланы бірге топқа кіргізу. Денсаулығын бақылау: дене қызуы, көңіл-күйі. Киімін шешуде көмектесе отырып, жеңіл әрекеттерді (қалпақ, шарф) өзіне орындауға үйрету.</p>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы, мінез –құлқы туралы кеңес беру.</b>				
	<p>Ерте келудің маңызы – тәртіп пен ұқыптылықтың негізі екендігі жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Балабақшаға дер кезінде жеткізуге мән беріңіз.</p>	<p>Дұрыс тамақтану – денсаулықтың басты кепілі екендігі жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Баланың ас мәзіріне жеміс-жидек пен көкөніс қосыңыз.</p>	<p>Спорт – баланың шынығып, сергек болуына көмектесетіні жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Таңертең баламен бірге жеңіл жаттығу жасаңыз.</p>	<p>Қауіпсіздік – күнделікті өмірде баланы қорғаудың маңызды шарты жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Жолда жүру ережелерін үйретіңіз.</p>	<p>Отбасы – баланың алғашқы мектебі, құндылықтар отбасынан басталатыны жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Демалыста балаңызбен бірге пайдалы іс жасаңыз, бірге уақыт өткізіңіз.</p>
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, экспериментал	<p><b>Картотека № 8</b> <b>«Бұл қандай құс?»</b> <b>Мақсаты:</b> белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.</p>	<p><b>Картотека №10</b> <b>Жер,су,ауа</b> <b>Мақсаты:</b> балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге,жерде ,ауада,</p>	<p><b>Картотека № 18</b> <b>«Жануарларды орналастыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету</p>	<p><b>Картотека № 20</b> <b>«Көп және біреу»</b> <b>Ойынның мақсаты:</b> көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.</p>	<p><b>Картотека №-19</b> <b>«Суретші қай жерде қателесті?»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.</p>

<p>дық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары)</p>		<p><i>суда не Болатынны дұрыс айтуға үйрету.</i></p>			
<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан</b></p>					
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p><i>Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>	<p><i>Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i></p>
<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары орындап, баланың бұлшықеттерін нығайтып, қимыл-қозғалысын жетілдіру. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b></p>					
<p>Таңғы ас</p>	<p><b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b></p>				
<p><b>Әңгіме:</b> – Орындықта түзу отырып тамақтанамыз. Арқаңды тік ұстау – әдемі әдет. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қисайып отырсақ, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, ас ішер алдында қолымызды жуамыз. Таза қол – денсаулық кепілі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ылғал еденде жүгірмейміз, тайып кетуіміз мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Қасықты оң қолымызға ұстаймыз. Қолымызға жақсы сыйса, тамақты оңай жейміз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қасығымызды бұлғап ойнамаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, біздің ішетін тамағымызда дәрумендер бар. Дәрумендер бізді мықты, қуатты етеді. Сүт – сүйекті қатайтады, жеміс пен көкөніс – денемізді сау қылады. <b>Қауіпсіздік:</b> – Көкөністі, жемісті асықпай шайнаймыз. Үлкен кесектерді жұтпаймыз, қақалып қалмау үшін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Әрбір ас – еңбекпен келген несібе. Нанды жерге тастамаймыз, асты төкпей ішеміз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Асықпай шайнаймыз, ауыз толғанда сөйлемейміз.</p>	

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)</p>	<p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b>  <b>Ойын: «Кім қалай дыбыстайды?»</b>  Тәрбиеші: «Ит қалай үреді? Қой қалай маңырайды? Әтеш қалай шақырады?» – деп сұрайды.  Балалар: «Ав-ав!», «Мә-мә!», «Ку-ка-ре-ку!» деп жауап береді.  <b>Мағынасы:</b> сөйлеу тілін дамыту, дыбыстарды ажырата білу.</p>	<p><b>«Смарт бала» жобасы</b>  <b>Ойын: «Ойлан – тап!»</b>  Тәрбиеші: «Мен сендерге сұрақ қоямын, сендер тез ойлап жауап беріңдер: – Аспанда не бар? – Жерде не өседі? – Адамға білім беретін не?»  Балалар: «Күн», «Гүл», «Кітап» деп жауап береді.  <b>Мағынасы:</b> ойлау қабілетін</p>	<p><b>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</b>  <b>Ойын: «Жапырақ терейік»</b>  Тәрбиеші еденге қағаздан жасалған «жапырақтарды» шашып қояды. «Балалар, жапырақтар жерге түсіп қалыпты. Қане, бәріміз жинап көмектесейік».  Балалар жапырақтарды көтеріп, себетке салады.  <b>Мағынасы:</b> еңбекке баулу, тәртіпке үйрету.</p>	<p><b>«Шабыт» жобасы</b>  <b>Ойын: «Құс болып ұшайық»</b>  Тәрбиеші: «Қане, бәріміз құс болайық. Қанатымызды қағып ұшамыз!» – дейді.  Балалар қолдарын жайып, құстай айналып жүгіреді.  <b>Мағынасы:</b> қиялды дамыту, шығармашылыққа жетелеу.</p>	<p><b>«Қамқор» жобасы</b>  <b>Ойын: «Досыма берейін»</b>  Тәрбиеші қолына ойыншық ұстайды: «Менің ойыншығым бар, досыма берейін» – дейді.  Балалар кезекпен ойыншықты бір-біріне береді: «Ал, саған!» – деп.  <b>Мағынасы:</b> бөлісуге, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	--	--	---	---

<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p><b>Қамқор және Еңбегі адал жас өрен жобасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
<p><b>Тіл дамыту</b>  <b>З-с, н-ң дыбыстары</b>  <b>Мақсат:</b>  З-с, н-ң дыбыстарын салыстыру.  Мұрын жолды дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.  <b>Тапсырмалар:</b>  «Қайсысын естідің?» ойыны.  Сурет бойынша сөз құрастыру (зебра, сағат, нан, таң).  <b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Штрихтау</b>  <b>Мақсат:</b></p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Фольклор әлемі:</b>  <b>жаңылтпаиш, жұмбақ, мақал-мәтелдер</b>  <b>Мақсат:</b>  Балалардың тілін дамыту.  Халық даналығын таныстыру.  <b>Тапсырмалар:</b>  Жұмбақ шешу (алма, күн, ай).  Жаңылтпаиш жаттау («Қап-қара қапта қап-қара мысық бар»).  <b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Дыбысты сөз ішінде</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>«Бір» ұғымы</b>  <b>Кіріспе:</b> Бір ойыншықты қолына ұстап, «Бұл нешеу?» деп сұрау. Кейін бірнеше ойыншықты көрсету.  <b>Мақсат:</b>  «Бір» ұғымын түсіндіру.  Бір зат пен бірнеше затты ажырата білу.  <b>Ойын-жаттығулар:</b>  «Біреуін тап» – суреттен тек бір затты табу.  «Қанша көрдің?» – тәрбиеші бір затты көрсетіп, кейін жасырып</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Байланыстырып сөйлеу (диалог құру)</b>  <b>Мақсат:</b>  Балаларды диалогке қатысуға, сұрақ қоюға, жауап беруге үйрету.  Әңгімелесушіні тыңдауға баулу.  <b>Тапсырмалар:</b>  «Досыммен әңгіме» – екі баланың шағын сұхбаты.  «Менің сүйікті ойыным» тақырыбында әңгіме.   Көркем әдебиет  <b>Кітаптағы суреттер</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Жиын мен бөлік.</b>  <b>Салыстыру</b>  <b>Кіріспе:</b> Балаларға екі себеттегі алмаларды көрсету. «Қай себетте көп, қай себетте аз?»  <b>Негізгі бөлім:</b>  Жиын бөліктен үлкен, бөлік жиынан кіші.  Жиын бөліктерін санау.  <b>Ойын-жаттығулар:</b>  «Сана да салыстыр» – әр бөлік элементтерін санау.  «Кім көп?» – қай бөлікте зат көп екенін</p>	

<p>Жіңішке сызықтар арқылы суретті толықтыру.</p> <p><b>Тапсырма:</b> «Шөпті сал» – төменнен жоғары штрихтау.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b> Секіру жаттығулары</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b> секіргіштен аттап жүру, жіптен секіру.</p> <p><b>Жаттығулар:</b> қолды сермеу, тепе-теңдік сақтау.</p> <p><b>Ойын:</b> «Қояндар секірісі» – жарыс элементімен.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>Мектепке барамын</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Мектепке барудың маңызын түсіндіру. Білім алудың болашақтағы пайдасын айту.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b> «Мектепке дайындал» ойыны – сөмкеге қажетті құралдарды салу. Әңгіме құрастыру:</p>	<p><b>табу</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Берілген дыбысты сөз ішінде таба білу.</p> <p><b>Тапсырма:</b> «Сиқырлы дыбыс» ойыны.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b> Қол және иықты күшейту</p> <p><b>Жаттығулар:</b> қолды жан-жаққа сермеу, иықты айналдыру.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b> заттардың арасымен жүру, кегльдерді айналып өту.</p> <p><b>Ойын:</b> «Жылдам тап» – белгі бойынша қозғалысты өзгерту.</p>	<p>қояды. Балалар санына жауап береді.</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p><b>Жеміс-жидектерді бояу</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Алма, алмұрт суретін сызықтан шықпай бояу.</p> <p><b>Тапсырма:</b> «Алма бақшасы» суретін бояу.</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b> Ырғақты қозғалыс</p> <p><b>Музыкалық қимыл:</b> таныс жаттығуларды әуенге қосылып орындау.</p> <p><b>Негізгі қимыл:</b> әртүрлі қарқында жүру, тоқтап қалу, шашырап жүру.</p> <p><b>Ойын:</b> «Аңдар мен аңшылар».</p> <p>Тіл дамыту</p> <p><b>Р–л дыбыстары</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Р–л дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі дыбыстарды ажырата білу.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b> «Р–л қайда жасырынған?» ойыны. Жаңылтпаш: «Рысбай ырылдап, лақ лақылдап тұр».</p>	<p><b>Мақсат:</b> Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Сурет арқылы мазмұнын түсінуге үйрету.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b> «Қай ертегі?» – сурет бойынша ертегіні табу. «Суреттен әңгіме құрастыр» ойыны.</p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Біреу және көп</b></p> <p><b>Кіріспе:</b> Суреттен бір алма мен көп алманы көрсету. «Біреу қайсысы? Көбі қайсысы?»</p> <p><b>Мақсат:</b> Біреу мен көпті ажырата білу.</p> <p><b>Ойын-жаттығулар:</b> «Біреуін көрсет» – бір бала тақтаға шығып, бір ғана затты көрсетеді. «Көбін тап» – балалар көп заттарды қолымен көрсетеді.</p> <p>Музыка</p> <p><b>Музыка тыңдау және би шығармашылығы</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Музыканың сипатына сәйкес би қимылдарын ойлап табуға ынталандыру.</p>	<p>анықтау.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Жиын үлкен, бөлік кіші; санау арқылы салыстыруға болады.</p> <p>Қазақ тілі</p> <p><b>Өз ойын сөйлеммен жеткізу</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Балаларды жайылма сөйлемдер құрастыруға үйрету. Сөздерді дұрыс байланыстыру.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b> Сурет бойынша 2–3 сөйлемнен әңгіме құрастыру. «Сөйлемді жалғастыр» ойыны (тәрбиеші бастайды, бала жалғастырады).</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>Болашақ арманым</b></p> <p><b>Мақсат:</b> Балалардың арманын тыңдау. Еңбек пен білімнің маңызын түсіндіру.</p> <p><b>Тапсырмалар:</b></p>
---	---	---	--	--

	«Мен мектепке барғанда...».		<p>Мүсіндеу Жапсыру Сурет салу Құрастыру «Менің үйім» <b>Сурет салу:</b> Бояумен үйдің жалпы сұлбасын бейнелеу. <b>Мүсіндеу:</b> Ермексаздан үйге қоятын кішкентай зат (гүл, ыдыс) жасау. <b>Жапсыру:</b> Терезе мен есікті қағаздан қиып алып, суретке жапсыру. <b>Құрастыру:</b> Конструктордан үйдің пішінін тұрғызу.</p>	<p>Қиялын дамыту. <b>Тапсырмалар:</b> Әуен тыңдап, әр бала өз қимылын көрсетеді. «Қиял бий» – музыкаға сәйкес шағын би құрастыру.</p>	<p>«Өскенде кім боласың?» сурет салып айту. «Кім не істейді?» мамандықтар ойыны.  Музыка  <b>Ән айту және сахналау</b> <b>Мақсат:</b> Әнді таза айтуға дағдыландыру. Ән мәтінін қимылмен сахналау. <b>Тапсырмалар:</b> Балалар әнін үйрену. Әнді қимылмен көрсету («Қуырмаш», «Достық әні»).</p>
Серуенге дайындық	<b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.
Серуен	<b>Картотека № 12</b> Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды	<b>Картотека №16</b> Аула сыпырушы еңбегін бақылау.	<b>Картотека №13</b> Күнді бақылау.	<b>Картотека №18</b> Күзгі жапырақтарды бақылау.	<b>Картотека №20</b> Қоңыр күзді бақылау.


	бақылау.				
	<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</b>				
Серуеннен оралу	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	«Өз-өзіне қызмет» 3 қадамы: 1) Киімді ұқыпты шешу; 2) Шкафқа ретімен жинау; 3) Түскі асқа жеке жабдықтарын (сүлгі, ыдысқа дейінгі кезекші рөлі) дайындау.	Бір-біріне жейде/күртешені ілуге, түйме қадауға көмектестіру; «рақмет», «өтінемін» сөздерін қолдануды бекіту; <b>Мақсаты:</b> су шашпай, жауапкершілікпен қарауды еске салу.	Балаларға өз киімдерін шешіп, ұқыпты жинап қоюды, қол жуғаннан кейін сүлгісін орнына қоюды үйрету. <b>Мақсаты:</b> еңбектің қадірін білуге, тәртіпке, адалдыққа тәрбиелеу.	Балаларға жағдаятты сұрақтар қою. «Егер қолды жумаса не болады?», «Неге заттарды өз орнына қоямыз?» <b>Мақсаты:</b> дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.	<b>Киімдерін шешу:</b> Балаларды бір-біріне кедергі жасамай, киімдерін шешіп, сөресіне қоюға дағдыландыру. <b>Тазалық процедуралары:</b> Әр бала қолын сабындап жуып, сүлгісіне сүртінеді. «Сабын – су – сүлгі» деп ойын арқылы түсіндіру.
Түскі ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
	<b>Әңгіме:</b> – Қолды сабындап жуу – денсаулық кепілі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Су шашпай, абайлап жуамыз.	<b>Әңгіме:</b> – Нан – дастарқанның берекесі. Нанды аяқ асты етпейміз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Нанды ауызға толтыра салмаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Ас кезінде тыныш отырамыз, таласпаймыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты бір-бірімізге ысырмаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Ас ішіп болған соң ыдысты ретімен қою – ұқыптылықтың белгісі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты қатты соқпаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Тамақты мөлшермен ғана аламыз. Артық қалдырмаймыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз.
Күндізгі ұйқы	Балаларға ұйқыға жатар алдында киімдерін шешіп, ретімен орындыққа немесе арнайы жерге қоюды үйрету. Өздерінің төсектерін дұрыстап жайып,	Ұйықтар алдында киімдерін ұқыпты шешіп, бүктеп қоюды қайталау. Балаларға төсектерін өздері ашып, жатуға дайындалуды еске салу.	Балаларды белгілі бір тәртіппен киімдерін шешуге және жинақы ұстауға дағдыландыру. Ұйықтар алдында әр бала өз төсегін дайындап, ыңғайлап жата білуге жаттықтыру.	Ұйқы алдында тыныштық сақтау үшін әңгімелерді қысқарту және жайлы орта құру. Қауіпсіздік мақсатында төсектерді дұрыс қолдануға, төсек жанында артық зат қалдырмауға ескерту.	Балаларға қауіпсіздік ережелерін еске салып, ұйқыға дайындықта асықпай әрекет етуге кеңес беру. Бөлмеде тыныштық орнатып, ұйықтауға қолайлы жағдай жасау

	<i>жастық пен көрпелерін ретке келтіруге бағыт беру.</i>				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<i>Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап Бір демалып алайық.</i>	<i>Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары Ұзын құлақ сұр қоян Ести қалып сыбырды Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.</i>	<i>Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.</i>	<i>Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Тыныс алу жаттығулары Аю жүрді орманда Қорбаң, қорбаң, қорбаңда Көріп қалып жидекті Жұлып алып иіскеді.</i>	<i>Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар Ояту Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағмымызға қарап Достарымызға күлеміз.</i>
<i>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. <b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b></i>					
Бесін ас	<i>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</i>				
	<b>Әңгіме:</b> – Ас ішсек, бойымыз өседі, күшті боламыз. Дұрыс тамақтанған бала әрқашан сергек, көңілді жүреді. Ас – денсаулықтың қайнары. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ыстық тамақты бірден ішпейміз, аздап суытып барып ішеміз.	<b>Әңгіме:</b> – Балалар, біздің жейтін тамағымызда түрлі дәрумендер бар. Дәрумендер бізді мықты етеді. – Сүт пен айран – сүйегімізді қатайтады. – Жеміс пен көкөніс – бізге күш, қуат береді. – Ет пен нан – бойымыздың өсуіне көмектеседі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Жеміс-көкөністі жақсылап шайнап	<b>Әңгіме:</b> – Табақтағы асты төкпей, тауысып жеу керек. Әр ас – еңбектің жемісі. – Артық алып қалдырмай, өзімізге жететіндей ғана алайық. – Асты аяқтап жесек, еңбекті бағалаған боламыз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Тамақты орнымыздан тұрмай, асықпай жейміз. Ыдысты төгіп алмау үшін абайлаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Ас ішкен бала күшті, сергек болады. – Дұрыс тамақ ішкенде бойымыз өседі, ойнаймыз, үйренеміз. – Ас – денсаулықтың қайнар көзі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ыстық асты абайлап ішеміз, күйіп қалмау үшін күтеміз. – Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз, ол – қауіпсіздік үшін маңызды	<b>Тақырып: Ас – ырыс, еңбек жемісі</b> <b>Әңгіме:</b> – Балалар, дастарқандағы әр тағам – еңбекпен келген ризық. Нанды жерге тастамай, асты төкпей, мөлшермен ғана алайық. Ысырап етпейік – еңбекті бағалайық. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде асықпай шайнаймыз, ауыз толған кезде

		<i>жсейміз. Үлкен тілімдерді жұтып қоймау үшін абай боламыз.</i>			<i>сөйлемейміз – бұл қауіпсіздік үшін маңызды.</i>
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	<b>Дид ойын: «Пейзажды құрастыр»</b> <i>Мақсаты: Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы түсінеді.</i>	<b>Дид ойын: «Пейзаж,натюрморт»</b> <i>Мақсаты: балалар кескіндеменің әртүрлі жанрлары: пейзаж, портрет, натюрморт туралы түсінеді</i>	<b>Дид ойын: «Керемет орман»</b> <i>Ойынның мақсаты: балалар өз қиялында схемалық бейнелеуге сүйене отырып жұмыс жасай алады</i>	<b>Дид ойын: Сиқырлы суреттер</b> <i>Ойынның мақсаты: балалар қиялындағы заттардың бейнелерін жасауға үйренеді</i>	<b>Дид ойын: «Ертегі кейіпкерлеріне түс таңдаңыз»</b> <i>Мақсаты: жақсылық пен жамандық ұғымдарын бейнелеу үшін түстер схемасын таңдауды үйренеді</i>
Балалармен жеке жұмыс	<b>Мен де балғын гүлмін</b> <i>Автор. М. Байсариева</i> <i>Арасынды гүлдің</i> <i>Ойнап бүгін жүрдім</i> <i>Қызыл, көкшіл, сары</i> <i>Әп-әдемі бәрі</i> <i>Енді ғана білдім-</i> <i>Мен де балғын гүлмін!</i> <b>Дидактикалық ойын:</b> <i>Үстел -үсті ойыны пазл:</i> <b>«Өз үйіне орналастыр»</b> <i>Мақсаты:логикалық ойлау қабілетін дамыту</i>	<b>СейфоллаОспановтың «Бақытдеген не өзі?»</b> <i>Бақыт деген, шырағым</i> <i>Мынау әсем тұрағың.</i> <i>Ну ормандар, гүл бағы,</i> <i>Күннің күліп тұрғаны</i> <i>БАҚЫТ- дәні далаңның.</i> <i>«Ботам» деуіәжеңнің,</i> <i>Тыныштыгыәлемнің</i>	<b>Дид ойын: «Көлеңкесін тап»</b> <i>Ойын шарты: Балалардың қолына әртүрлі заттардың суретін таратылады. Балалар қолдарындағы суреттер бойынша көлеңкесін тауып орындарына отырады.</i> <i>Еркін ойын: Сатушы.</i> <i>Жанама бақылау</i>	<b>Қимылды ойын «Өз үйіңді тап»</b> <i>Шарты:Кілемнің үстінде геометриялық фигуралар жатады.Олар үйшіктер,балалардың қолдарында геометриялық карточкалар болады.Музыка ойнап тұрады,балалар кілем үстімен айналып жүреді.Музыка тоқтағанда әр кім өз үйшігіне барады.Білмеген бала ойынан шығады.</i>	<b>Дид ойын: «Артығын тап»</b> <i>Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді.</i> <i>Күтілетін нәтиже: Суреттерді атай отырып,не артық екенін айтады.</i>
Серуенге	<b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу.</b>				

дайындық	<b>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	Балаларға серуен алдында ойыншықтарын орнына қоюды ескерту. Киінгенде бір-біріне көмектескен балаларды мақтап қою. Қол ұстасып, тәрбиешіні тыңдап жүруге жаттықтыру.	Серуенге шығар алдында «Қайда барамыз?» деген сұраққа жауап беруге үйрету. Киінгеннен кейін айнадан өзін көрсетіп, «қарашы, әдемі болып киіндің» деп мадақтау. Қатармен жүруді шағын ойын арқылы үйрету («Пойыз болайық»).	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.
Серуен	<b>«Жолдағы тосқауылдар»</b> <b>Мақсаты:</b> Ептілік пен шапшаңдықты дамыту. <b>Шарты:</b> Жүгіріп, еңбектеп, секіріп түрлі тосқауылдардан өту.	<b>«Кім көп жинайды?»</b> <b>Мақсаты:</b> Жылдамдық пен зейінді дамыту. <b>Шарты:</b> Белгі берілгенде балалар алаңдағы заттарды (шар, қап) жинап, себетке салады.	<b>«Айқасқан жолдар»</b> <b>Мақсаты:</b> Кеңістікте бағдарлау мен қозғалысты үйлестіру. <b>Шарты:</b> Екі команда қиылысатын жолдармен бір-біріне кедергі келтірмей жүгіреді.	<b>«Жасырын хабар»</b> <b>Мақсаты:</b> Жүгіру жылдамдығын және есте сақтауды дамыту. <b>Шарты:</b> Бір балаға сөз айтылады, ол жүгіріп барып келесі ойыншыға жеткізеді, соңғы бала оны айтады.	<b>«Аэропорттағы жарыс»</b> <b>Мақсаты:</b> Жылдам реакция, топтық үйлесім. <b>Шарты:</b> Балалар «ұшақ» болып жүреді, «ұш» десе ұшады, «қон» десе тоқтайды.
<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың үйге қайтуы	<b>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</b>				
	Бүгін балалар қазақтың ұлттық ойындарымен танысты. Достарымен ойнау арқылы бір-біріне құрмет көрсетуді үйренді. Үйде қарапайым	Бүгін балалар серуен кезінде айналаны бақылап, жапырақтарды жинады. Табиғатқа қызығушылық танытып, ұқыптылыққа үйренді. Үйде бірге жиналған жапырақтардан немесе гүлдерден шағын	Бүгін балалар түрлі геометриялық пішіндермен ойнады. Заттарды салыстыру, сәйкестендіру дағдыларын көрсетті. Үйде ойыншықтар немесе тұрмыстық заттар арқылы пішіндерді атауға	Бүгін балалар түрлі дыбыстарды тыңдап, қай жануарға немесе затқа тән екенін ажыратты. Тыңдау және есте сақтау қабілетін дамытуға тырысты. Үйде табиғат дыбыстарын немесе музыка тыңдап, бірге	Бүгін балалар кітап бетінен суреттерді қарап, әңгіме құрастырды. Ой қорытып, өз қиялын әңгімеге айналдыруға талпынды. Үйде бірге кітап оқып, суреттер бойынша

	ұлттық ойындарды бірге ойнасаңыздар, баланың қызығушылығы артады.	бұйымдар жасауға көңіл бөлсеңіздер пайдалы.	көңіл бөлсеңіздер пайдалы.	талқылау пайдалы болады.	сұрақ қоюды әдетке айналдырсаңыздар жақсы.
--	---	---	----------------------------	--------------------------	--

Тексерілді:  С.Т.Есимова

**Топ:** «Бәйтерек» мектепалды даярлық топ

**Балалардың жасы:** 5 жас

**Қандай кезеңге жасалды :** 22.09 – 26.09.2025ж

**Тәрбиешілер:** Батынова Г.К., Кадирова М.К.

**Әдіскер:** Есимова С.Т.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Әнұран – баланы жаңа күнге шаттықпен қарсы алу, өнерге жақындату.			Күй күмбірі – бүлдіршінді әсемдікке баулу, ұлттық болмысты сезіндіру.	
	Демалыс күндері қалай өткенін сұрау арқылы баланың көңіл-күйін анықтау; Киімін шешуге, аяқ киімін ауыстыруға көмектесу; Жаңа аптаға	Баланың таңертеңгі көңіл-күйін сұрау («Бүгін қалай ояның?»); Ата-анасынан қысқаша ақпарат алу (денсаулығы, ұйқысы, тәбеті); Баланың киімін дұрыс орналастыруға бағыт	Баланың көңіл-күйін бақылау үшін сүйікті ісін немесе ойынын сұрау; Өзін-өзі қызмет ету дағдыларын дамытуға жағдай жасау; Достарымен қарым-қатынасқа тарту	Таңертеңгі көңіл-күйін сұрау, мейірімді сөздермен қарсы алу; Киімін шешу, аяқ киімін ауыстыру барысында дербестікке ынталандыру; Баланы шағын топтық	Апта бойғы жетістіктерін айтып, мақтау арқылы қабылдау; Киімін реттеп, гигиеналық дағдыларын еске салу; Балаларды көңілді ойынға тарту, апта қорытындысын жасау;

	қызығушылық ояту үшін қысқаша әңгіме жүргізу; Психологпен бірге жылауық немесе ұялиақ балаларға қолдау көрсету.	беру; Топтағы кезекші балалармен амандастыру, ойынға қосу; Эмоциялық бейімделуі қиын балаларға жеке назар аудару.	арқылы бейімделуін жеңілдету; Психологпен бірге топтағы балалардың эмоциялық ахуалын қадағалау.	ойындарға қатыстыру; Баланың өзін еркін ұстауына жағдай жасау; Эмоциялық бейімделуі төмен балалармен жеке әңгімелесу.	Ата-анасына баланың жетістіктерін қысқаша жеткізу.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</b>				
	Таңертеңгі жылы сөз бен мейірім – баланың көңіл-күйіне қуат беретіні жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Баланы балабақшаға әкелгенде күлімдеп, жылы сөзбен шығарып салыңыз.	Тазалық – денсаулық кепілі, мәдени-гигиеналық дағдыларды бала күнде орындауы тиіс екендігі жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Үйде қол жуу, тіс тазалау, киімін ұқыпты ұстауды ескертіңіз.	Әдептілік – ата-анадан басталатыны, бала үлкенді сыйлауды үлгі арқылы үйренетіні жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> «Рахмет», «өтінемін», «кешір» сөздерін жиі қолданыңыз.	Сөйлеу мәдениеті – отбасындағы әңгімеден қалыптасатыны жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Балаға ертегі оқып беріп, өз ойымен бөлісуге мүмкіндік жасаңыз.	Отбасы – баланың алғашқы мектебі, құндылықтар отбасынан басталатыны жайлы әңгімелесу. <b>Кеңес:</b> Демалыста балаңызбен бірге пайдалы іс жасаңыз, бірге уақыт өткізіңіз.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	<b>«Жол әліппесі»</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру	<b>«Әдептілік»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.	<b>«Мамандықтың бәрі жақсы»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу	<b>«Кімге не керек»</b> <b>Ойынның мақсаты:</b> Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	<b>«Өз мекеніне орналастыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Үй жануарларын дала жануарларыннан ажырата білуге үйрету.
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қыркүйек айына арналған таңғы жаттығу кешені.
<b>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b>					

Таңғы ас	<b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b>				
	<p><b>Тақырып:</b> Үнемді болсақ – берекелі боламыз</p> <p><b>Әңгіме:</b></p> <p>– Суды да, асты да үнемді тұтыңан бала – ұқыпты бала. Үнемділік – берекенің кілті.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b></p> <p>– Ыстық асты абайлап ішеміз.</p> <p>– Орнымыздан тұрмаймыз, шуламаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b></p> <p>– Әр тамшы су мен әр түйір ас – бізге берілген несібе. Оны құрметтеу – біздің міндетіміз.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b></p> <p>– Су төгілсе, тайып кетпеу үшін абай боламыз.</p> <p>– Ас ішіп болған соң «Рахмет» деп айту – әдептіліктің белгісі.</p>	<p><b>Әңгіме:</b></p> <p>– Су – табиғаттың сыйы, ал ас – үлкендердің еңбегі. Сондықтан екеуін де қадірлейік.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b></p> <p>– Су ішіп болған соң ыдысты орнына қоямыз.</p> <p>– Ас үстінде қасықты бұлғап ойнамаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b></p> <p>– Бізге су да, ас та жеткілікті болуы үшін артық пайдаланбаймыз.</p> <p>– Тамақтанғанда табақтағы асты тауысып жеу – әдемі әдет.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b></p> <p>– Ыдысты төкпей ұстаймыз.</p> <p>– Асығып жегенде қақалып қалмау үшін асықпай шайнаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b></p> <p>– Балалар, суды үнемдеп пайдалану керек. Қолымызды жуған кезде суды ағызып қоймаймыз.</p> <p>– Ас та – қымбат. Тамақты төкпей, ысырап қылмай жеген дұрыс.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b></p> <p>– Ылғал жерде жүгірмейміз.</p> <p>– Ас ішіп отырғанда тыныш отырамыз.</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	<p><b>«Қамқор» жобасы</b></p> <p><b>Ойын: «Жақсылық себеті»</b></p> <p>Тәрбиеші: «Менің қолымда сиқырлы себет бар. Бұл себетке тек жақсы істер ғана салынады. Қане, сендер қандай жақсы іс істегендеріңді айтыңдар».</p> <p>Балалар: «Мен анама көмектестім», «Мен ойыншығымды досыма бердім», «Мен кілем сыпырдым».</p> <p><b>Мағынасы:</b> балаларды қамқорлыққа, ізгі іске тәрбиелеу.</p>	<p><b>«Шабьт» жобасы</b></p> <p><b>Ойын: «Шығармашылық сурет»</b></p> <p>Тәрбиеші: «Қане, көзімізді жұмып, қиялдайық. Әркім өз арманының суретін көз алдына елестетсін. Арманың не?»</p> <p>Балалар: «Мен аспанға ұшықым келеді», «Мен суретші болғым келеді», «Мен әнші боламын».</p> <p><b>Мағынасы:</b> балаларды қиялдауға, арманына шабыттануға жетелеу.</p>	<p><b>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</b></p> <p><b>Ойын: «Кімге көмектесеміз?»</b></p> <p>Тәрбиеші: «Әже ауыр зат көтеріп келеді. Сен не істейсің? Ана ыдыс жуып жатыр. Сен не істейсің? Досың ойыншық құлатты. Сен не істейсің?»</p> <p>Балалар жауап береді: «Көмектесемін», «Жинап беремін», «Суға саламын».</p> <p><b>Мағынасы:</b> адал еңбек пен көмектің маңызын түсіндіру.</p>	<p><b>«Смарт бала» жобасы</b></p> <p><b>Ойын: «Ойлан – тап!»</b></p> <p>Тәрбиеші: «Мен сендерге сұрақ қоямын, сендер тез ойлап жауап беріңдер: – Аспанда не бар? – Жерде не өседі? – Адамға білім беретін не?»</p> <p>Балалар: «Күн», «Гүл», «Кітап» деп жауап береді.</p> <p><b>Мағынасы:</b> ойлау қабілетін дамыту, жылдам жауап беруге үйрету.</p>	<p><b>«Қамқор» жобасы</b></p> <p><b>Ойын: «Жылу сыйлайық»</b></p> <p>Тәрбиеші: «Әрқайсымыздың жүрегімізде мейірім бар. Кәне, жүрегімізді қолымызға салып, қасымыздағы досымызға сыйлайық».</p> <p>Балалар қолдарын қасындағы балаға созып: – «Мейірім саған барсын!» – дейді.</p> <p><b>Мағынасы:</b> қамқорлық, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p>

<p>Кестеге сәйкес ҰІӨ</p>	<p><b>Еңбегі адал жас өрен, Қамқор жобасы бағытында ұіә</b></p>				
<p><i>Тіл дамыту</i> <b>Сөздік қорды байыту (зат есім, сын есім, үстеу)</b> <b>Мақсат:</b> Балалардың сөздік қорын тұрмыстық зат атауларымен, сын есімдермен, үстеулермен байыту. Заттың қасиетін, сапасын айтуға үйрету. <b>Тапсырмалар:</b> Суретпен жұмыс: затты ата (доп, қасық), оның түсін, көлемін сипатта. «Не істеп жатыр?» ойыны – қимылдарды үстеумен айту (жүзгіріп жатыр, жай жүруде).  Сауат ашу негіздері <b>Сызықтарды жалғау</b> <b>Мақсат:</b> Нүктелерді қосу арқылы сурет шығару. <b>Тапсырма:</b> «Қоянды тап» – нүктелерді қосып суретті ашу.</p>	<p><i>Көркем әдебиет</i> <b>Театрға саяхат</b> <b>Мақсат:</b> Балаларды театр өнерімен таныстыру. Кейіпкерлердің әрекетіне еліктеу. <b>Тапсырмалар:</b> «Сахнада қонақта» ойыны – балаларға рөлдер беру. Маска киіп шағын көрініс ойнау.  Сауат ашу негіздері <b>Көкөністерді бояу</b> <b>Мақсат:</b> Сәбіз, қияр, қызанақ суреттерін бояу. <b>Тапсырма:</b> «Дәмді дастархан» тақырыбында көкөністерді бояу.  Дене тәрбиесі Қозғалыс бағыттарын өзгерту <b>Негізгі қимыл:</b> белгі бойынша алға, артқа, жанға жүру. <b>Музыкалық қимыл:</b> сергіту сәті – әуенмен билеу. <b>Ойын:</b> «Бағыт ауыстыр».</p>	<p><i>Математика негіздері</i> <b>Кіріспе:</b> Балалардан сұрақтар қою: «Жиын деген не? Бөлік ше? Біреу деген не?» <b>Мақсат:</b> Жиын, бөлік, біреу, көп туралы білімді бекіту. <b>Ойын-жаттығулар:</b> «Жиынды құрастыр» – әртүрлі пішіндерден топ құрастыру. «Бөліктерді біріктір» – бөліктерден бүтін құрастыру.  Сауат ашу негіздері <b>Қаламды дұрыс ұстау, арқа ережесі</b> <b>Кіріспе:</b> Қолда қаламды көрсету. «Қаламды қалай ұстау керек?» деп сұрау. <b>Мақсат:</b> Қаламды үш саусақпен дұрыс ұстауды үйрету. Отыру қалпын қадағалау. <b>Әдіс:</b> Практикалық жұмыс, қимылмен жаттығу. <b>Тапсырма:</b> «Жазу орнына дайындал» ойыны – балалар орындықта дұрыс отырады, арқасын түзу ұстайды.</p>	<p><i>Қазақ тілі</i> <b>Шешендік өнерге баулу</b> <b>Мақсат:</b> Балаларды шағын мақал-мәтелдерді айтуға, қолдануға үйрету. Сөзді мәнерлеп жеткізу. <b>Тапсырмалар:</b> «Сөз тапқанға қолқа жоқ» ойыны. Мақал-мәтелдер айту («Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»)  Көркем әдебиет <b>Қуыршақ театры</b> <b>Мақсат:</b> Балаларды қуыршақ театрымен таныстыру. Диалог құрастыруға ынталандыру. <b>Тапсырмалар:</b> «Үйшік» ертегісін қуыршақтармен сахналау. Балалардың өз ойынан қысқа көрініс ойнауы.  Математика негіздері <b>Ойын сабағы «Жиын</b></p>	<p><i>Математика негіздері</i> <b>«Бір» ұғымы. Біреу және көп</b> <b>Кіріспе:</b> Бір ойыншықты көрсету. «Бұл – бір». Кейін бірнешеуін көрсету: «Бұл – көп». <b>Негізгі бөлім:</b> «Бір» сөзі тек бір затты ғана емес, жиынның бір бөлігін де білдіреді. Біреу және көп ұғымын салыстыру. <b>Ойын-жаттығулар:</b> «Біреуін тап» – суреттен бір ғана затты табу. «Көбін көрсет» – топтан көп заттарды бөліп көрсету. <b>Қорытынды:</b> Біреу – жалғыз, көп – бірнеше; жиынның бір бөлігі де «бір» бола алады.  Қазақ тілі <b>Қорытынды әңгіме: «Менің достарым, отбасым»</b> <b>Мақсат:</b> Ай бойы алған білімді бекіту. Балаларды өз бетінше әңгіме айтуға</p>	

<p><i>Дене тәрбиесі</i>  <i>Ұлттық қимылды ойындар</i>  <b>Жаттығулар:</b> қолды желкеге қойып, кеудені тік ұстау.  <b>Негізгі қимыл:</b> тізені көтеріп жүру, бұрылып жүру.  <b>Ойын:</b> «Ақ серек – көк серек» ұлттық ойыны.</p> <p><i>Қоршаған әлеммен таныстыру</i>  <b>Жауапкершілік пен еңбекқорлық</b>  <b>Мақсат:</b>  <i>Жауапкершіліктің маңызын түсіндіру.</i>  <i>Үй шаруасына көмектесуге баулу.</i>  <b>Тапсырмалар:</b>  <i>«Үй шаруасына көмектес» рөлдік ойын.</i>  <i>«Жұмыс істеп жатқан кім?» сурет бойынша әңгіме.</i></p>		<p><i>Дене тәрбиесі</i>  <i>Кедергілер арасымен жүру</i>  <b>Негізгі қимыл:</b> кегльдер арасымен, жіптен аттап жүру.  <b>Жаттығулар:</b> қолды кезек көтеру, созу.  <b>Ойын:</b> «Жылдам әрі епті» – спорттық құралдармен.  <i>Тіл дамыту</i>  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  <b>Мақсат:</b>  <i>Сөйлем ішінде сөздерді үйлестіру (зат есім + сан есім, сын есім + зат есім).</i>  <i>Дұрыс сөйлем құруға дағдыландыру.</i>  <b>Тапсырмалар:</b>  <i>«Сөзді жалғастыр» ойыны: бір бала зат есімді атайды (алма), екіншісі оған сын есім қосады (қызыл алма). Санау ойыны: «Үш кітап», «Бес ойыншық».</i>  <i>Мүсіндеу</i>  <i>Жапсыру</i>  <i>Сурет салу Құрастыру</i>  <b>«Көліктер әлемі»</b>  <b>Сурет салу:</b> Көліктің</p>	<p><i>әлемінде»</i>  <b>Кіріспе:</b> «Бүгін біз ойнай отырып, білімімізді көрсетеміз» деп сабақтың ойын түрінде өтетінін айту.  <b>Мақсат:</b>  <i>Балалардың алған білімдерін ойын арқылы бекіту.</i>  <b>Дидактикалық ойындар:</b>  <i>«Кім тез бөледі?»</i>  <i>«Артық затты тап»</i>  <i>«Біреу және көп» карточка ойыны.</i></p> <p><i>Музыка</i>  <b>Ұлттық билер және ойындар</b>  <b>Мақсат:</b>  <i>Қазақтың ұлттық билерімен таныстыру.</i>  <i>Музыка әуеніне сәйкес қимыл үйлестіру.</i>  <b>Тапсырмалар:</b>  <i>«Қара жорға» биінің қарапайым қимылдарын үйрену.</i>  <i>Ұлттық қимылды ойын ойнау («Ақсерек – көксерек»).</i></p>	<p><i>ынталандыру.</i>  <b>Тапсырмалар:</b>  <i>«Менің отбасым» суреті бойынша әңгімелеу.</i>  <i>«Менің досым» тақырыбында еркін сөйлеу.</i></p> <p><i>Қоршаған әлеммен таныстыру</i>  <b>Туыстарым. Жеті атамды білемін</b>  <b>Мақсат:</b>  <i>Туыстық атауларды үйрету (ата, әже, нағашы, аға, әпке).</i>  <i>Жеті атасын білудің мәнін түсіндіру.</i>  <b>Тапсырмалар:</b>  <i>«Туыстар шеңбері» ойыны – балалар атауларды атап, дөңгеленіп тұрады. Өзінің ата-әжесі, нағашысын айтып беру.</i></p> <p><i>Музыка</i>  <b>Ән, би, аспап</b>  <b>Мақсат:</b>  <i>Ай бойы үйренген ән, би, аспаптық әуендерді қайталау.</i>  <i>Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру.</i>  <b>Тапсырмалар:</b></p>
--	--	--	--	---

			<p>(машина, автобус) бейнесін бояумен салу.</p> <p><b>Мүсіндеу:</b> Ермексаздан доңғалақ немесе көлік бөлшегін жасау.</p> <p><b>Жапсыру:</b> Қағаздан қиып алынған бағдаршамды көліктің қасына жапсыру.</p> <p><b>Құрастыру:</b> Конструктордан көліктің корпусын құрастыру.</p>		<p>Топ болып ән айту.</p> <p>Би қимылдарын топтық орындау.</p> <p>Аспаптарда қарапайым ырғақ ойнау.</p>
Серуенге дайындық	<p><b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b></p>				
	<p>Балаларға серуен алдында өз ойыншықтары мен кітаптарын орнына қоюды үйрету.</p> <p>Киімдерін ұқыпты киюге баулу: бас киімді дұрыс кию, шарфын тағу.</p> <p>Серуен кезінде тәртіп сақтау, асықпай жүру туралы әңгімелеу.</p> <p>Киіну кезінде бір-біріне көмектесуге баулу.</p>	<p>Серуенге шығар алдында әңгіме жүргізу</p> <p>Жеңіл күртеше мен қалың күртені ажыратуды түсіндіру.</p> <p>Киімін дұрыс іліп қоюға баулу.</p> <p>Балаларды топпен бірге жүруге, тәрбиеші сөзін тыңдауға дағдыландыру.</p>	<p>Серуен алдында бөлмені жинақтап, үстел үстіндегі заттарды орнына қоюға үйрету.</p> <p>Қолғап, бас киім, шарфты дұрыс қолдануды көрсету.</p> <p>Аяқ киімнің бауын дұрыс байлауды бекіту.</p> <p>Қатармен жүргенде тыныштық сақтауды қадағалау.</p>	<p>Балаларға серуенге шыққанда денсаулықты сақтаудың маңызын түсіндіру (суықтап қалмау үшін жылы киіну).</p> <p>Киімдерін рет-ретімен киюге дағдыландыру: алдымен ішкі киім, содан кейін сырт киім.</p> <p>Шалбар мен белдемшені дұрыс киюді бақылау.</p> <p>Серуенге шыққанда тәртіп бұзбауды, тәрбиешіден алыс кетпеуді ескерту.</p>	<p>Серуен алдында бір-біріне көмектесу: достарына жәрдемдесу.</p> <p>Жейденің түймесін дұрыс қадап, күртенің ілгегін жабуды қадағалау.</p> <p>Аяқ киімін дұрыс шешіп, шкафқа ұқыпты қоюды үйрету.</p> <p>Серуен кезінде табиғатты бақылау және жолдастарымен мәдениетті қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.</p>
Серуен	<p><b>Картотека №9</b></p> <p>Жаңбырдың көрінісін бақылау</p>	<p><b>Картотека №12</b></p> <p>Күзгі жапырақтарды бақылау.</p>	<p><b>Картотека №10</b></p> <p>Иттерді бақылау.</p>	<p><b>Картотека №18</b></p> <p>Жәндіктерді бақылау.</p>	<p><b>Картотека №19</b></p> <p>Ауа-райының салқындауын бақылау.</p>

	<i>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</i>				
Серуеннен оралу	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	<p><b>Серуеннен кейін:</b> Киімдері кір болса тәрбиешіге көрсетуін үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Балаларды қолдарын сабынды көбіктетіп жууға дағдыландыру.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Артық суды ағызбай, әдеппен қолдану.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Ас алдында қолдарын сүртіп, таза отыруға бағыттау.</p>	<p><b>Серуеннен кейін:</b> Киімдерін реттеп, шкафқа дұрыс жинауға үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Сүлгісін қолданғаннан кейін орнына ілуін талап ету.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Бет пен қолды ұқыпты баулу.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Ас ішер алдында қолдарын тағы бір рет жууға ескерту.</p>	<p><b>Серуеннен кейін:</b> Балаларды аяқ киімдерін тазалап, орнына қоюға үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Қолды саусақ арасына дейін мұқият жууға дағдыландыру.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Сумен ойнамау, еденді былғамау қажеттігін айту.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Тамаққа жиналғанда тыныштық сақтауды үйрету.</p>	<p><b>Серуеннен кейін:</b> Киімдерін орын-орнына бүктеп жинауға бағыттау.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Әр бала жеке сүлгісін қолдану.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуынғанда суды ысырап етпеуді үйрету.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Ас ішер алдында тәртіп сақтауды еске салу.</p>	<p><b>Серуеннен кейін:</b> Балаларды сырт киімдерін шешіп, ілгішке ұқыпты ілуге үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабынды сумен жууға баулу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде суды дұрыс пайдалануын қадағалау.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Асқа таза қолмен отыру керектігін түсіндіру.</p>
Түскі ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	<b>Ойын: «Артық сурет»</b> <b>Тәрбиеші:</b> 4 сурет көрсетеді (алма, алмұрт, банан, орындық). <i>Балалар: «Орындық – артық».</i> <b>Мақсаты:</b> ойлау, салыстыру қабілетін дамыту.	<b>Ойын: «Таза бөлме»</b> <i>Ойыншықтар әдейі шашылып тасталады. Балалар жарысып жинайды. Соңында: «Бөлме таза болса, бәріміз қуаныштымыз!» дейді.</i> <b>☞ Мақсаты:</b> тазалық пен еңбекке дағдыландыру.	<b>Ойын: «Шыншыл еңбек»</b> <b>Тәрбиеші:</b> «Егер сен жұмыс істесең – не аласың? Егер жалқау болсаң – не болады?» <i>Балалар: «Еңбек етсең – қуаныш болады», «Жалқау болсаң – ештеңе болмайды».</i> <b>Мақсаты:</b> адал еңбектің нәтижесін түсіндіру.	<b>Ойын: «Сиқырлы музыка»</b> <i>Әуен қосылады. Балалар музыкаға сай қимыл ойлап табады (құстың ұшуы, гүлдің ашылуы).</i> <i>Әр бала өз қимылын көрсетеді.</i> <b>Мақсаты:</b> қиялды, шығармашылық қабілетті дамыту.	<b>Ойын: «Жақсы кеңес»</b> <i>Бір бала: «Досым құлап қалды».</i> <i>Қалғандары: «Жұбатамын», «Қолынан ұстаймын».</i> <b>Мақсаты:</b> қиын жағдайда дұрыс көмек көрсетуге үйрету.
Кестеге сәйкес	<b>«Еңбегі адал жас өрен», «Қамқор» жобасы – Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				

<p>ҮІӨ</p>	<p><i>Тіл дамыту</i>  <b>Тақырыбы:</b> К–Қ дыбыстарын дұрыс айту  <b>Кіріспе</b>  Балаларды к–қ дыбыстарын ажырата білуге, сөздік қорын толықтыруға баулу  <b>Міндеті</b>  К–Қ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету  Антонимдерді меңгерту  Сын есім мен зат есімді сәйкестендіріп қолдануға дағдыландыру  <b>Әдіс</b>  Қайталау, ойын, әңгімелесу  Сұрақ-жауап  <b>Тапсырма</b>  Дыбыстық жаттығу: қала – қала  Антонимдер: жылы – суық  Сын есім + зат есім: үлкен үй, кішкентай бала  "Егер мен құс болсам..." әңгіме құрастыру</p> <p><i>Сауат ашу негіздері</i>  <b>Тақырыбы:</b> Буыннан сөз құрастыру  <b>Кіріспе</b>  Буындардан сөз құрастыруға жаттықтыру  <b>Міндеті</b>  Буыннан сөз жасауға үйрету  Дыбыстарды дұрыс айтуға баулу  Сөздік қорды дамыту  <b>Әдіс</b>  Ойын, қайталау, жаттығу  <b>Тапсырма</b>  Буындардан сөз құрастыру (а-та, ба-ла)  Ойын: "Қай буыннан сөз</p>	<p><i>Көркем әдебиет</i>  <b>Тақырыбы:</b> Әңгіме мазмұнын түсіну  <b>Кіріспе</b>  Әңгіме тыңдау арқылы оқиғалардың ретін түсінуге үйрету  <b>Міндеті</b>  Әңгіменің мазмұнын түсіну  Себеп-салдарлық байланысты анықтау  Әңгімедегі әрекеттерді бағалау  <b>Әдіс</b>  Оқу, әңгімелеу, сұрақ-жауап  <b>Тапсырма</b>  Әңгіме оқу (Достық туралы)  "Алдымен не болды? Кейін не болды?" талдау  Кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау</p> <p><i>Сауат ашу негіздері</i>  <b>Тақырыбы:</b> Дыбыстарды ажырату  <b>Кіріспе</b>  Дауысты, дауыссыз дыбыстарды бекіту  <b>Міндеті</b>  Дыбыстардың түрлерін ажырату  Сөзден дыбысты таба білу  Артикуляцияны жетілдіру  <b>Әдіс</b>  Қайталау, әңгімелесу, ойын  <b>Тапсырма</b>  Сөздерден дауысты дыбысты табу  Сөздерді дауысты, дауыссызға бөлу  "Дыбысты тап" ойыны</p> <p><i>Дене тәрбиесі</i></p>	<p><i>Математика негіздері</i>  <b>Тақырыбы:</b> 7 саны және цифры  <b>Кіріспе</b>  7 санының пайда болуымен таныстыру  <b>Міндеті</b>  7-ге дейін тура санау  7 цифрымен таныстыру  «Қанша?» сұрағына жауап беру  <b>Әдіс</b>  Көрнекілік, ойын, сұрақ-жауап  <b>Тапсырма</b>  7 қарындашты санау  7 цифрын жазып көрсету  «Артық затты тап» ойыны</p> <p><i>Сауат ашу негіздері</i>  <b>Тақырыбы:</b> Жазуға дайындық  <b>Кіріспе</b>  Қолды жазуға дайындау, дұрыс отыруға үйрету  <b>Міндеті</b>  Арқаны дұрыс ұстау  ережесін меңгеру  Жазу құралын дұрыс ұстауға дағдылану  Сауат ашуға қызығушылық тудыру  <b>Әдіс</b>  Түсіндіру, көрсету, жаттығу  <b>Тапсырма</b>  Дұрыс отыруды көрсету  Қарындашты дұрыс ұстауға жаттығу  Сызық, дөңгелек салу</p> <p><i>Дене тәрбиесі</i>  <b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды</p>	<p><i>Қазақ тілі</i>  «Сүт тағамдары»  <b>Тілдік орта</b> Балалар сүт өнімдері туралы ой бөліседі: «Мен айран ішемін», «Маған құрт ұнайды».  <b>Дыбыстық мәдениет</b> «ұ» дыбысының орнын анықтау («құрт», «шұбат», «құлын»).  <b>Сөздік қор</b> «Құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран».  <b>Грамматикалық құрылым</b> Тәуелдеу: «менің айраным», «сенің қымызын». Хабарлы сөйлем: «Бұл – құрт».  <b>Байланыстырып сөйлеу</b> Сурет бойынша әңгіме: «Әже құрт жасады. Біз қымыз іштік».</p> <p><i>Көркем әдебиет</i>  <b>Тақырыбы:</b> Ертегілер жанрын ажырату  <b>Кіріспе</b>  Балаларды ертегілерді басқа жанрлардан айыруға үйрету  <b>Міндеті</b>  Ертегіні әңгімеден, өлеңнен ажырата білу  Ертегідегі қиял элементтерін табу  Кейіпкерлерге баға беру  <b>Әдіс</b>  Түсіндіру, салыстыру, ойын  <b>Тапсырма</b>  Ертегі оқу (Алтын сақа)</p>	<p><i>Математика негіздері</i>  <b>Тақырыбы:</b> 8 саны және цифры  <b>Кіріспе</b>  8 санының пайда болуын көрсету  <b>Міндеті</b>  8 санына дейін тура санау  8 цифрымен таныстыру  Заттарды санауда дәлдікке үйрету  <b>Әдіс</b>  Көрнекілік, жаттығу, ойын  <b>Тапсырма</b>  8 ойыншықты санау  8 цифрын көрсету  «Кім бірінші 8 зат табады?»</p> <p><i>Қазақ тілі</i>  «Астық – дән байлығы»  <b>Тілдік орта</b> Балалар нан туралы пікір білдіреді: «Нан – дәмді», «Бидайдан нан піседі».  <b>Дыбыстық мәдениет</b> «д» дыбысының орнын табу («дән», «суару», «құдық»).  <b>Сөздік қор</b> «Бидай, дән, тұқым, ору, отау».  <b>Грамматикалық құрылым</b> Септеу: «дәннен», «бидайға». Сұраулы сөйлем: «Бидайдан не жасалады?».  <b>Байланыстырып сөйлеу</b> «Ауылда бидай орады. Дәннен ұн жасайды. Ұннан нан пісіреді».</p> <p><i>Қоршаған әлеммен таныстыру</i>  <b>Көлік және байланыс құралдары</b></p>
------------	--	---	---	---	--

	<p>шығады?" Құрастырған сөзді сөйлем ішінде қолдану</p> <p>Дене тәрбиесі <b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды кеудеге қойып, оңға-солға бұрылу. <b>Негізгі қимылдар:</b> Төсенішке отырып, аяқ ұшын созу, табанды бұғу. <b>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:</b> Музыкалық әуенге қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. <b>Қимылды ойын:</b> «Сақина салу». <b>Салауатты өмір салты:</b> Дұрыс дем алу және тыныс алу жаттығулары. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. <b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа сермеу. <b>Негізгі қимылдар:</b> Саты таяқшалары бойымен жүру. <b>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:</b> «Қара жорға» би элементтері. <b>Қимылды ойын:</b> «Қуыр-қуыр қуырмаш». <b>Салауатты өмір салты:</b> Көкөніс пен жемістердің денсаулыққа пайдасы. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Шашты тарау, сырт келбетті күту.</p>	<p><b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа сермеу. <b>Негізгі қимылдар:</b> Саты таяқшалары бойымен жүру. <b>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:</b> «Қара жорға» би элементтері. <b>Қимылды ойын:</b> «Қуыр-қуыр қуырмаш». <b>Салауатты өмір салты:</b> Көкөніс пен жемістердің денсаулыққа пайдасы. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Шашты тарау, сырт келбетті күту.</p> <p>Мүсіндеу Жапсыру Сурет салу Құрастыру Үй жануарлары <b>Құрастыру</b> – конструктор бөлшектерінен «Мал қорасын» құрастыру. <b>Сурет салу</b> – үй жануарларын әртүрлі қимылда бейнелеу («Жем жеп тұрған сиыр», «Жүгіріп жүрген ит») <b>Мүсіндеу</b> – балшықтан үй жануарларын мүсіндеу (қой, сиыр, жылқы). <b>Жапсыру</b> – үй жануарларының бейнесін қағаздан қиып, қора ішінде орналастыру.</p>	<p>белде ұстап, оңға-солға иілу. <b>Негізгі қимылдар:</b> Жерге қойылған доптардан аттап өту. <b>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:</b> Әнге қосылып қол шапалақтау. <b>Қимылды ойын:</b> «Арқан тартыс». <b>Салауатты өмір салты:</b> Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгіме. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолды өз бетімен сабындап жууға үйрету</p> <p>Тіл дамыту <b>Тақырыбы:</b> Ж–Ш дыбыстарын дұрыс айту <b>Кіріспе</b> Ж–Ш дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөздік қорды байыту <b>Міндеті</b> Ж–Ш дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру Көп мағыналы сөздерді түсіндіру Баланың диалог құру дағдыларын дамыту <b>Әдіс</b> Қайталау, ойын Сұрақ-жауап Әңгімелеу <b>Тапсырма</b> Дыбыстық жаттығу: жол – шол, жем – шем Көп мағыналы сөздер: бас – адамның басы, тау басы</p>	<p>Ертегі мен әңгімеден айырмашылығын айту "Жақсы кейіпкер – жаман кейіпкер" ойыны Математика негіздері <b>Тақырыбы:</b> 9 саны және цифры <b>Кіріспе</b> 9 санының құрамын түсіндіру <b>Міндеті</b> 9-ға дейін санау 9 цифрымен таныстыру Сандардың ретін бекіту <b>Әдіс</b> Көрнекілік, ойын, сұрақ-жауап <b>Тапсырма</b> 9 алма санау 9 цифрын көрсету «Нешеу қалды?» ойыны</p> <p>Музыка «Музыкадан әсерленейік» <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> – Қуанышты әуенмен қарсы алу. <b>Музыка тыңдау</b> – Мұңды әуен тыңдау, балалардан алған әсерін сұрау. <b>Ән айту</b> – Әнді созып, дауыс күшін бірдей сақтап айтуға үйрету. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b> – Әуен баяулағанда – жай жүру, жылдамдағанда – жүгіру. <b>Билер</b> – Музыкаға сәйкес аяқтан аяққа тербелу. <b>Би шығармашылығы</b> –</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Арнайы көліктер» <b>Кіріспе:</b> Өрт сөндіру, жедел жәрдем, полиция көліктерін суреттен немесе ойыншық түрінде көрсету <b>Міндеті:</b> Балаларды арнайы көліктердің қызметімен таныстыру <b>Әдіс:</b> Әңгімелеу, көрнекілікпен жұмыс <b>Тапсырма:</b> «Кімге көмектеседі?» – балалар көлік түрін атап, оның міндетін айтады</p> <p>Музыка «Әуен мен қимыл» Ұйымдастыру кезеңі – Әуенмен амандасу. Музыка тыңдау – Балаларға таныс әнді тыңдату, мазмұнын талқылау. Ән айту – Әнді қимылмен үйлестіріп, мәнерлеп айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар – Мариш ырғағына жүру, қол қимылдарын қосу. Билер – Әуенге сәйкес қадамдарды еркін орындау. Би шығармашылығы – Әннің сөзін қимылмен сахналау. Аспаппен ойнау – Әнді шағын топпен қасықпен сүйемелдеу. Қоштасу кезеңі – «Сау болайық» әуені.</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Балабақша ауласындағы заттар»</p> <p><b>Кіріспе:</b> Сырғанақ, әткеншек, гүлзарды көрсету</p> <p><b>Міндеті:</b> Балаларды кеңістікте бағдарлай білуге үйрету</p> <p><b>Әдіс:</b> Серуен, тәжірибелік тапсырма</p> <p><b>Тапсырма:</b> «Қайда орналасқан?» – заттың орнын анықтап айту (оң жақта, сол жақта, алдында, артында)</p>		<p>Сан есім + зат есім: екі қоян, төрт қарындаш</p> <p>Ертегіні жалғастыру</p>	<p>Әуенге сәйкес еркін қимылдар ойлап табу.</p> <p><b>Аспаппен ойнау</b> – Шағын топпен таныс әнді аспаптарда орындау.</p> <p><b>Қоштасу кезеңі</b> – Тыныш әуенмен қоштасу</p>	
Серуенге дайындық	<p><b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b></p>				
	<p>Түймелерін қадап үйрету.</p> <p>Қауіпсіздік: тайғақ жерде жүгірмеу.</p>	<p>Шалбарын, күртесін өз бетінше киюге баулу.</p> <p>Қауіпсіздік: бір-бірін итермеу</p>	<p>Аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру.</p> <p>Қауіпсіздік: тасты қолына алмау.</p>	<p>Бас киім, шарфтың қажет екенін түсіндіру.</p> <p>Қауіпсіздік: тәрбиешіден алыс кетпеу.</p>	<p>Киімін ретімен киюді үйрету.</p> <p>Қауіпсіздік: жүгірмей жүру</p>
Серуен	<p><b>Картотека №9</b></p> <p>Жаңбырды бақылау</p>	<p><b>Картотека №10</b></p> <p>Иттерді бақылау.</p>	<p><b>Картотека №11</b></p> <p>Аяқ жолды бақылау</p>	<p><b>Картотека №13</b></p> <p>Күнді бақылау.</p>	<p><b>Картотека №14</b></p> <p>Мысықты бақылау</p>
	<p><b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</b></p>				
Серуеннен оралу	<p><b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b></p>				
	<p><b>Киімдерін шешу:</b></p> <p>Киімдерін шешіп болған соң, аяқ киімін де ретімен қоюға үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b></p> <p>Қолдарын сабындап жууын қадағалау.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b></p> <p>Сумен шаппау, тыныштық сақтау.</p>	<p><b>Киімдерін шешу:</b></p> <p>Балалар киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинайды.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b></p> <p>Қолдарын жақсылап жуу, сүлгісін орнына ілу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b></p> <p>Жуыну кезінде ойнамауды ескерту.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b></p>	<p><b>Киімдерін шешу:</b></p> <p>Киімдерін шешкенде бір-бірінің заттарын алмауға үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b></p> <p>Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдануды қадағалау.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b></p> <p>Жуынғанда сабынды үнемді</p>	<p><b>Киімдерін шешу:</b></p> <p>Әр баланы киімін бүктеп, сөресіне қоюға дағдыландыру.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b></p> <p>Қолдарын мұқият сабындап жууға үйрету.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b></p> <p>Суды шаппауға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Киімдерін шешу:</b></p> <p>Балаларды сырт киімдерін ретімен шешіп, орындарына жинақтап қоюға үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b></p> <p>Қолдарын сабындап жуу, сүлгісіне сұрту.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b></p> <p>Жуыну кезінде шуламай, тыныштық сақтауды</p>

	<b>Түскі асқа дайындық:</b> Ас алдында қолдарын жуып, үстелге отыру.	Балаларды асханаға шақыру.	пайдалану. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Ас ішер алдында қолдарын тексеру.	<b>Түскі асқа дайындық:</b> Таза қолмен үстелге отыру.	түсіндіру. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын жуып болған соң асханаға барады.
Түскі ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
	<b>Әңгіме:</b> – Жемістер мен көкөністер бізге қуат береді. Сүт өнімдері мен ет те дәруменге толы. Оларды жесек, сергек жүреміз. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Сергек бала ойнағанда да, үйренгенде де көңілді болады. <b>Қауіпсіздік:</b> – Жемісті асықпай, жақсылап шайнап жейміз.	<b>Әңгіме:</b> – Суды да, тамақты да үнемдесек, ол жауапкершілігімізді көрсетеді. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Жауапты бала өзін де, басқаны да ойлайды. <b>Қауіпсіздік:</b> – еденге қарап жүреміз, жүгірмейміз	<b>Әңгіме:</b> – Әрбір ас – ата-анамыздың еңбегі. Оған құрметпен қарасақ, үлкендерді қуантамыз. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Үлкенді сыйлаған бала мейірімді болады. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде ыдысты ойыншық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін абай ұстаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Балалар, біздің ішетін асымыздың бәрінде дәрумендер бар. Сүт сүйекті қатайтады, ет күш береді, нан тоқ қылады. Бәрін тауысып жесек, деніміз сау, көңіліміз көтеріңкі болады. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Асымызды тауысып жегенде өзімізді мықты сезінеміз. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ыстық асты бірден ішпейміз, үрлеп барып ішеміз.	<b>Әңгіме:</b> – Ас ішкенде тыныш отырсақ, бәрімізге ыңғайлы. Бұл – тәртіптіліктің белгісі. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Тыныш отырған бала өзін ұстай біледі, өзін-өзі сыйлайды. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде қатты сөйлемейміз, ауызымызда ас тұрғанда сөйлеспейміз.
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды нысықтау.	Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды нысықтау
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<b>Жаттығу кешені №6</b> Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	<b>Жаттығу кешені №7</b> Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	<b>Жаттығу кешені №8</b> Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	<b>Жаттығу кешені №9</b> Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	<b>Жаттығу кешені №10</b> Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
	<b>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>				
Бесін ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</b>				
	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып,	Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін	Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамау Тамақтан соң	Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаяуды қадағалау

	жетілдіру.	шусыз жеуді үйрету.	ескерту.	гигиеналық шараларын ұйымдастыру.	
Балалардың дербес іс-әрекеті (кимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	<p><b>Логикалық тапсырмалар</b></p> <p><b>1.</b> Торғайларды санайық Ағашта 2 торғай қонып тұр еді, Ала мысықты көріп 1 торғай ұшып кетті Ағашта қанша торғай қалды?</p> <p><b>2.</b> Мирастын өзінде 1 алма болды, әжесі оған базардаң 1 алма сатып әперді Мираста қанша алма болды?</p> <p><b>3.</b> Кірпі орманда өзіне 2 санырауқұлақты теріп алды. 1 санырауқұлақты тиінге сыйлайды Кірпіде қанша саңырауқұлақ қалды?</p> <p><b>4.</b> Адамда неше көз бар? (2)</p> <p><b>Логикалық есептер.</b></p> <p>- Үш бұрыштың әр бұрышына отыру үшін неше торғай керек? - Дөңгелекте неше бұрыш бар? - Төрт бұрыштың бұрыштарында үш торғай отыр, дұрыс отыр ма, Неше торғай жетпейді? - Үй қандай пішіндерден тұрады? Құрт қандай пішіндерден тұрады? - Машина қандай пішіндерден тұрады? <b>Санамақ</b> Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш.</p>	<p><b>«Көңілді – көңілсіз» ойыны</b></p> <p><b>Шарты:</b> Музыка арқылы көңіл -күй ретін түсінеді. Ресурс: Төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян.</p> <p><b>Көңілді</b> Жылқы жағалауда жүр екен Жасыл желек үстінде. Ол басын шұлғып алып, Қара жалың желпілдетіп, Алтын жүгені сылдырлап Сыңғыр, сыңғыр етеді Тағып алған қоңыраулары, Жорғалап ол жүреді</p> <p><b>Көңілсіз.</b> Мұңды көңілсіз жануарлар, Олар ауырып қалған шығар. Қоянның аяғы ауырып тұр, Сондықтанда олар, Тұнжырап мұңайып жүр. Иттің басы ауырып тұр Сыыр бұзауын жсогалтқан Міне қара барлығына Көңілсіздік орнаған. Сұрақ жауап.</p> <p><b>Ойын: «Менің көңіл-күйім»</b> Шарты: Қуанышты, көңілсіз бейнені көрсету.</p>	<p>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде</p> <p><b>Дид «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»</b></p> <p><b>Ой қозғау.</b> Дид ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?» - Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу - Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау - Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту - Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз? - Құстарға қалай көмектесеміз?</p> <p><b>5. Ширату. «Құм, тас, су».</b> «Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу. Су дегенде толқын жасап қалу.</p> <p><b>Түсініктеме</b> - Ауаны жұтамыз - Күн жылуын, жарығын береді. - Жер ана бізді азықпен қамтамасыз етеді? - Сусыз тіршілік жоқ - Ағаш айналаға көрік береді, көлеңкесін тосады. <b>Шапалақ әдісі.</b></p>	<p>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру негізінде</p> <p><b>Дид ойын: Көкөністер досымыз</b></p> <p><b>Ғажайып сәт</b> Не деген тамаша. Беседканың алдына себет толы көкөністерді тастап кетіпті. - Себеттегі көкөністерді атап шығайықшы. - Қияр, сәбіз, қызынақ, пияз, картоп-көкөністер деп атаймыз. - Көкөністер қайда өседі екен? - Көкөністердің құрамында қажетті дәрумендер өте көп көкөністердің бірі-қияр мен қызанақ. - Қиярдың түсі қандай? Пішіні сопақша түкті болып келеді. - Қызынақтың түсі қандай? Қызанақ-қызыл түсті пішіні дөңгелек. <b>Сергіту сәті</b> <b>Көкөністі көп жейміз</b> <b>Дәрумені көп дейміз</b> <b>Кел бәріміз, бір жүріп</b> <b>Көкөністі тереміз</b> <b>Себет түбінен хат тауып алу.</b> <b>Бағыбан атадан әсібереген.</b> <b>Хаттаы оқу.</b> Құрметті бүлдіршіндер Мен сіздерге хат жазып отырған себебім мен жазда екен</p>	<p>Әжемнің ертегісі</p> <p><b>Ертегі. «Күн сәулесі»</b></p> <p><b>Ой дамыту.</b> - Балалар, біз таңертең ұйқыдан оянып, көзімізді ашқанда ең бірінші нені көреміз? - Ендеше, күнмен, жер-анамен, достарымызбен амандасайықшы! Армысың, Алтын күн! Армысың, Жер-ана! Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық</p> <p><b>Ой дамыту.</b> <b>Сұрақ-жауап</b> Балалар осы күн бізге не үшін керек? Егер күн болмаса мына гүлдер, шөптер өсе ме? Күн маған да саған да керек екен. Олай болса күн туралы ертегі еліне саяхат жасайық. - Ертеде аспанда Күн сәулесі өмір сүріпті. Күн сәулесі аспанда жалығып, жер бетіне түсуді ойлайды. Жерге түсіп, жылаған гүлді көріп, оған жылуын сыйлайды. Гүл қуанып, күлімсіреп, рақметін айтады. Ұшып бара жатып, қанатын сулап алып ұша ламай жүрген аарны көреді, шуағымен қанатын кептіріп, араның ұшуына көмектеседі. Ара да оған ризашылығын білдіреді. Тағы ұшып келе жатып, солып қалған гүлдердің</p>

	<p><i>Төрт, бес, алты, жеті, Мынау – ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста.</i></p>			<p><i>көкөністерімді жинауға үлгірмей жатырмын. Бақшамдағы қияр мен қызанақтарымды жинауға көмектесесіңдер ме? Мен сіздерді күтемін. <b>Бағбан атаға көмек. Балаларды топқа бөлу. 1-топ. Қиярды бояйды 2-топ. Қиылған дайын қызанақты жапсыру. Дид ойын: Сиқырлы себет.</b> Дайын жұмыстарды себетке салып Бағбан атаға беріп жіберу.</i></p>	<p><i>арасынан шыға ламай жатқан көбелекті көреді. Гүлдерге сәулесін түсіреді. Олар бастарың көтергенде олардың арасынан көбелек ұшып шығады. Көбелек күн сәулесіне рақметін айтады. Күн сәулесі қиын сәтте басқаларға көмектескеніне өзі риза болады. Күн сәулесі табиғат пен адамзатқа өз шуағы мен жылуы қажет екенін түсініп, аспанға орнына барады. Сендерге ертегі ұнады ма? <b>Ертегіні талдау. Сергіту сәті. «Көңілді күн» музыкамен аяқтау.</b></i></p>
Балалармен жеке жұмыс	<p><b>«Қай қолымда?»</b> <b>Мақсаты:</b> Салыстыру дағдысын дамыту. <b>Шарты:</b> Тәрбиеші бір қолына 1 ойыншық, екінші қолына 2 ойыншық салады. «Қай қолымда көп?» деп сұрайды. Бала дұрыс қолды көрсетеді. <b>Нұрғелді, Жанарыс, Мейіржан</b></p>	<p><b>«Қадамдар жарысы»</b> <b>Мақсаты:</b> Қимыл мен санауды дамыту. <b>Шарты:</b> Екі бала қатар тұрады. Біреуіне – 4 қадам, екіншісіне – 6 қадам жасату. Қайсысы әрі кетті, сол жеңімпаз. <b>Ерсұлтан, Аянат, Алдияр</b></p>	<p><b>«Кім жоқ?»</b> <b>Мақсаты:</b> Есте сақтау мен санауды дамыту. <b>Шарты:</b> 4 бала алға шығады. Біреуі жасырынады. «Қанша бала қалды? Кім жоқ?» деп сұралады. Бала санайды да, досының атын айтады <b>Нармекен, Дін-Ислам, Айша</b></p>	<p><b>«Аз ба, көп пе?»</b> <b>Мақсаты:</b> Көлемді салыстыруға үйрету. <b>Шарты:</b> Үстелге 2 тәрелке қойылады: біреуінде көп ойыншық, біреуінде аз. Бала «Қайсысында көп? Қайсысында аз?» деп жауап береді. <b>Жансерік, Хангелді, Айлин</b></p>	<p><b>«Кім жылдам жинайды?»</b> <b>Мақсаты:</b> Зейінін, санау дағдысын дамыту. <b>Шарты:</b> Еденге 5–6 кубик шашылады. «Жылдам 3 кубикті жина» – бала тез жинап, көрсетеді. <b>Нұрлыхан, Нұрлыхан, Данияр</b></p>
Серуенге дайындық	<p><i>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</i></p>				
	<p><i>Өзін-өзі киінуге ынталандыру, мадақтау. Қауіпсіздік: тәртіп сақтап жүру.</i></p>	<p><i>Киіну реттілігін қайталау. Қауіпсіздік: серуен кезінде жолға шықпау.</i></p>	<p><i>Киім ретімен киюге, түймесін қадауға жаттықтыру. Серуеннен кейін киімін дұрыс шешіп, орнына қоюға үйрету.</i></p>	<p><i>Қатармен жүруді ескерту. Тәрбиешінің сөзін тыңдап, алысқа кетпеуге үйрету.</i></p>	<p><i>Киінгенде кішкентайларға көмектесуге баулу. Серуен кезінде бір-бірін итермей, қол ұстасып жүруге үйрету.</i></p>
Серуен	<p><i>Кім жылдам жүгіреді?</i> <b>Мақсаты:</b> Жүгіру шапшаңдығын арттыру.</p>	<p><i>Допты жоғары лақтыр</i> <b>Мақсаты:</b> Қол қимылдарын дамыту, дәлдікке үйрету.</p>	<p><i>Жүгіріп барып белгіге тию</i> <b>Мақсаты:</b> Жылдамдық, шапшаңдықты дамыту.</p>	<p><i>Топпен жарыс</i> <b>Мақсаты:</b> Ұжымшылдық ты, бәсекелестікті</p>	<p><i>Кедергі арқылы секіру</i> <b>Мақсаты:</b> Секіру дағдыларын жетілдіру.</p>

	<i>Еңбек әрекеті: Жүгіру жолын тазалау. Қимылды ойын: Балалар топпен жарысып жүгіріп өтеді.</i>	<i>Еңбек әрекеті: Доптарды жинау. Қимылды ойын: Балалар допты жоғары лақтырып, қайта қағып алуы тиіс.</i>	<i>Еңбек әрекеті: Белгі орнату. Қимылды ойын: Балалар белгіленген жерге барып, қолымен тиіп қайтады.</i>	<i>дамыту. Еңбек әрекеті: Спорт құралдарын орнына қою. Қимылды ойын: Балалар екі топқа бөлініп, кезекпен жарысады (жүгіру, секіру).</i>	<i>Еңбек әрекеті: Кедергі қою. Қимылды ойын: Балалар бір-бірлеп кедергіден секіреді.</i>
<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың үйге қайтуы	<b>Өнегелі-15 минут. Балалардың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.</b>				
	<i>Бүгін балалар ермексаздан әртүрлі заттар жасап көрді. Ұсақ моторикасын дамытып, шығармашылық қабілетін көрсетті. Үйде балаңызға ермексаз беріп, «алма», «доп», «жұлдыз» сияқты қарапайым пішіндерді жасауға көмектессеңіздер пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар топпен қимылды ойын ойнады. Ережені сақтауға және бір-бірімен келісіп әрекет етуге үйренді. Үйде қарапайым «жүгір, тоқта», «секір, отыр» сияқты ойындар ойнау тиімді.</i>	<i>Бүгін балалар тақпақ жаттап, қимылмен бірге көрсетті. Сөйлеу мәнерін жетілдіріп, көңілдерін көтерді. Үйде қысқа тақпақтарды қимыл қосып айту пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар әртүрлі пішіндерден үй, ағаш, күн сияқты суреттер құрастырды. Қиялын іске қосып, заттарды сәйкестендіруге талпынды. Үйде үшбұрыш, дөңгелек, төртбұрыш сияқты пішіндерден сурет құрастыруға көңіл бөлсеңіздер жақсы.</i>	<i>Бүгін балалар дыбыстарды тыңдап, қандай жануарға немесе затқа тән екенін ажыратты. Тыңдау және есте сақтау қабілетін дамытты. Үйде балаңызға жануарлардың даусын салып, «Бұл қай жануар?» деп сұрасаңыздар пайдалы.</i>

Тексерілді:  С.Т.Есимова.

Топ: «Бәйтерек» мектепалды даярлық топ  
Балалардың жасы: 5 жас  
Қандай кезеңге жасалды: 13.10 – 17.10.2025ж  
Тәрбиешілер: Батынова Г.К.,Кадирова М.К.

Әдіскер: Есимова С.Т.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – ел тарихын білуге баулу</i>			<i>Күй күмбірі – баланы салт-дәстүрге жақындату</i>	
	<i>Баланы қабылдау кезінде қолының, бетінің тазалығына мән беру. Қолды сабындап жуу, тіс тазалау жайлы қысқаша еске салу. Тырнағы өсіп кеткен балаға ата-анасына ескерту жасау.</i>	<i>Баладан үйде қандай тақпақ, ертегі тыңдағанын сұрау. Ой қозғау сұрақтары: «Саған қандай әңгіме ұнады? Неге?» Баланы білімге құштар болуға ынталандырып, топтағы кітап бұрышына қызықтыру.</i>	<i>Баланың көңіл-күйін сұрап, достарына жылы сөз айтуға бағыттау. «Досыңа қандай жақсы сөз айтқың келеді?» деген сұрақ қою. Баланы достарымен жылы амандасуға, көмектесуге баулу</i>	<i>Баланы ойыншықтарын орнына қоюға, үстелді жинауға баулу. «Кішкентай еңбектің де пайдасы бар» дегенді түсіндіру. Баланы шағын тапсырмаларға тарту арқылы жауапкершілікке үйрету.</i>	<i>Баланы жылы жүзбен қарсы алып, амандасу әдебін еске салу. «Үлкенге сәлем беру не үшін қажет?» деген шағын сұрақпен әңгімелесу. Баланы киімін ұқыпты ілуге, орынды қолдануға бағыттау.</i>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала мінез –құлқы туралы кеңес беру.</b>				
	<b>Әңгіме:</b> <i>Кітап оқу – қиялды, ойды және тіл байлығын дамытады. Кеңес:</i> <i>Баламен бірге қысқа ертегі немесе қызықты әңгіме оқып, мазмұнын әңгімелету.</i>	<b>Әңгіме:</b> <i>Мақтау – баланың өзіне сенімділігін арттырады. Кеңес:</i> <i>Аптаның соңында оның жасаған жақсы істерін атап, мақтап қойыңыз («сен суретті әдемі салдың», «достарыңа көмектестің»).</i>	<b>Әңгіме:</b> <i>Табиғатты қорғау – болашаққа қамқорлық. Кеңес:</i> <i>Баламен бірге ауладағы қоқысты жинау немесе ағашқа су құюды ұйымдастырыңыз.</i>	<b>Әңгіме:</b> <i>Достық – бір-біріне көмектесу мен сыйластықтың белгісі. Кеңес:</i> <i>Баланы достарына көмектесуге, ойыншықтарын бөлісуге баулыңыз</i>	<b>Әңгіме:</b> <i>Уақытты дұрыс пайдалану – тәртіп пен жауапкершілікке үйретеді. Кеңес:</i> <i>Баламен бірге күн тәртібін құрып, сағат бойынша ойын, оқу, демалысты белгілеңіз.</i>
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары)	<b>Картотека №6 «Апта күндері» Шарты:</b> <i>Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек.</i>	<b>Картотека № 12 «Телефон» Ойын шарты:</b> <i>телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізесіңдер. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей етіп айтуымыз керек.</i>	<b>Картотека №13 «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Шарты:</b> <i>суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.</i>	<b>Картотека №17 «Сөйлемді жалғастыр» Ойын шарты:</b> <i>бір бала сөйлемнің басын бастайды, басқа балалар сөйлемді баяқтауы керек.</i>	<b>Картотека № 19 «Орнын тап» Ойын шарты:</b> <i>балалар үй мүліктерінің ішінен өз бөлмесіне қажетті заттарды ажыратып орналастырады.</i>
	<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан</b>				
Ертеңгілік жаттығу	<i>Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>
	<b>Жалпы дамыту жаттығуларын жүйелі орындау арқылы баланың дене қимылын жетілдіру . Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b>				
Таңғы ас	<b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b>				

	<p><b>Әңгіме:</b> Балалар, су – табиғаттың сыйы, ал ас – еңбектің жемісі. Қолымызды жуған кезде суды артық ағызбайық. Ас ішкенде тағамды төкпей, тауысып жейік. Сүт сүйекті қатайтады, ет күш береді, көкөніс пен жеміс дәруменге толы.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Су мен асты қадірлей білген бала жауапты, ұқыпты болып өседі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Су төгілсе тайып кетпеу үшін абайлап жүреміз. Ас үстінде тыныш отырамыз.</p>	<p>Суды да, тамақты да үнемдесек, дастарқанымыз берекелі болады.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Үнемдеуді үйренген бала шыдамды, тәртіпті болып өседі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде орнымыздан тұрмаймыз, тыныш отырамыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ет, сүт, нан, көкөніс – барлығы пайдалы тағамдар. Оларды тауысып жесек, деніміз сау болады.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Денсаулығын күткен бала мықты әрі көңілді жүреді.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыстық тағамды абайлап ішеміз, күйіп қалмау үшін асықпаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Су – табиғаттың сыйы. Қолымызды жуған кезде суды көп ағызбайық, жуған соң жауып қояйық.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Суды қадірлеген бала табиғатты қорғайды.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Су төгілсе сүртеміз, тайып құлап қалмау үшін жүгірмейміз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтсақ, әдептілігімізді көрсетеміз.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Әдепті бала өзін де, өзгелерді де сыйлайды.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде қатты сөйлемейміз, қасықпен ойнамаймыз.</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	<p><b>Ойын: «Шешім тап»</b> Тәрбиеші жағдаят айтады: – «Екі бала бір ойыншыққа таласты. Не істейміз?» – «Топта бала шулап жатыр. Не істейміз?» Балалар шешім ұсынады: «Ойыншықты бөлісеміз», «Тыныштық сақтаймыз».</p> <p><b>Мақсаты:</b> ойлануға, дұрыс шешім қабылдауға үйрету.</p>	<p><b>Ойын: «Егер мен өзгерсем...»</b> Тәрбиеші: «Егер мен ағаш болсам...» Балалар: «Көлеңке сыйлар едім». «Егер мен су болсам...» Балалар: «Шөлді қандырап едім».</p> <p><b>Мақсаты:</b> ойлау мен қиялды дамыту, табиғатқа жанашырлыққа үйрету.</p>	<p><b>Ойын: «Еңбек жемісі»</b> <b>Тәрбиеші:</b> Балаларға қағаздан жасалған «дәндерді» таратады. <b>Балалар:</b> Дәнді жерге еккендей қимыл жасайды, кейін оны суарып, күтеді. Соңында тәрбиеші әр балаға қағаздан жасалған «гүл» немесе «жеміс» береді. Балалар: «Мен еңбектің жемісін көрдім!» деп қуанады. <b>Мақсаты:</b> баланы еңбектің нәтижесін сезінуге үйрету, адал еңбек арқылы қуанышқа жететінін түсіндіру.</p>	<p><b>Ойын: «Қиял шамы»</b> Балаларға қолына «шам» бейнеленген сурет беріледі. Тәрбиеші: «Бұл шам тек арманы бар баланың жүрегінде жанады. Армандарыңды айтыңдар!» дейді. Балалар: «Мен әнші боламын», «Мен дәрігер боламын» деп айтады. <b>Мақсаты:</b> арманын бөлісу арқылы балаларды шығармашылыққа жетелеу.</p>	<p><b>Ойын: «Жақсы сөз терезесі»</b> Тәрбиеші тақтаға үлкен «үйдің суретін» іледі. Терезелері бос болады. Балаларға қағаз қима «күн» таратылады. Әр бала күннің ішіне жақсы сөз жаздырады (мейірім, достық, көмектесу). Балалар сол күндерді терезеге жапсырады. <b>Мақсаты:</b> қамқорлық пен жылы сөздің адамға қуаныш сыйлайтынын түсіндіру.</p>
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<b>«Қамқор» жобасы аясында «Біз табиғат қорғаушылармыз!» - экологиялық мәдениет қалыптастыру,</b>				
	Тіл дамыту	Көркем әдебиет	Математика негіздері	Қазақ тілі	Математика негіздері

<p><b>Тақырыбы:</b> 3–С дыбыстарын дұрыс айту</p> <p><b>Кіріспе</b> Балалардың дыбыстық мәдениетін жетілдіру, з–с дыбыстарын ажырату</p> <p><b>Міндеті</b> 3–С дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету Белгілі бір затқа әрекет таңдата білу Сын есімдерді сөйлемде қолдануға баулу</p> <p><b>Әдіс</b> Дыбыстық жаттығу Әңгімелесу Ойын</p> <p><b>Тапсырма</b> Дыбыстық жаттығу: сөз – сес, аз – ас Затқа әрекет таңдау: доп – ойнау, кітап – оқу "Кім? Не істеді?" сөйлем құрастыру Топтық әңгіме құрастыру</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p><b>Тақырыбы:</b> Жазу жолы мен жоларалық кеңістік</p> <p><b>Кіріспе</b> Жазу парағымен таныстыру</p> <p><b>Міндеті</b> Жазу жолын ажырату Жоларалық кеңістікті сақтау Әдемі жазуға баулу</p> <p><b>Әдіс</b> Түсіндіру, көрсету, ойын</p> <p><b>Тапсырма</b> Дәптердегі жолдарды көрсету</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> Өлең мазмұнын түсіну</p> <p><b>Кіріспе</b> Өлеңді тыңдау, мазмұнын қысқаша әңгімелеуге дағдыландыру</p> <p><b>Міндеті</b> Өлең мазмұнын түсіну Образды сөздерді табу Өлеңді эмоциямен айту</p> <p><b>Әдіс</b> Өлең оқу, қайталау, талдау</p> <p><b>Тапсырма</b> Өлең оқу (Табиғат туралы) Көркем сөздерді табу (жасыл дала, мөлдір бұлақ) Өлеңді бірге қайталап оқу Сауат ашу негіздері</p> <p><b>Тақырыбы:</b> Сөз мағынасын түсіну</p> <p><b>Кіріспе</b> Әрбір сөздің мағынасына назар аударту</p> <p><b>Міндеті</b> Сөздердің мәнін түсіну Сөздерді сөйлемде қолдану Мағынасына қарай топтау</p> <p><b>Әдіс</b> Әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын</p> <p><b>Тапсырма</b> Сөздерді атау, мағынасын түсіндіру Сөздерді топтау (ыдыс-аяқ, ойыншық) Сөйлем құрау</p> <p>Дене тәрбиесі</p> <p><b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды белге қойып, тізені бүгіп жазу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Екі қолды алға созып, отырып-тұру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық</b></p>	<p><b>Тақырыбы:</b> 10 саны және цифры</p> <p><b>Кіріспе</b> 10 санының пайда болуын түсіндіру</p> <p><b>Міндеті</b> 10-ға дейін санауға үйрету 10 цифрымен таныстыру Заттарды топтап санауға жаттықтыру</p> <p><b>Әдіс</b> Көрнекілік, ойын, жаттығу</p> <p><b>Тапсырма</b> 10 ойыншық санау 10 цифрын көрсету «Жұптастыр» ойыны</p> <p>Сауат ашу негіздері</p> <p><b>Тақырыбы:</b> Дыбыстық талдау</p> <p><b>Кіріспе</b> Сөзді дыбыстарға бөліп үйрету</p> <p><b>Міндеті</b> Сөздегі дыбыстардың ретін табу Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату Фонематикалық естуін дамыту</p> <p><b>Әдіс</b> Қайталау, жаттығу, ойын</p> <p><b>Тапсырма</b> "Қала" сөзін талдау Дауысты дыбысты айту "Кім бірінші табады?" ойыны</p> <p>Дене тәрбиесі</p> <p><b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа ашу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Бір</p>	<p>«Құстарды қорғау»</p> <p><b>Тілдік орта</b> Балалар табиғатты қорғау туралы әңгімелейді: «Қорықшы құстарды қорғайды».</p> <p><b>Дыбыстық мәдениет</b> «ө» дыбысының орнын табу («қорықшы», «өрік», «дөң»).</p> <p><b>Сөздік қор</b> «Қорықшы, құс, торғай, тырна».</p> <p><b>Грамматикалық құрылым</b> Жіктеу: «Мен құс көрдім», «Сен тырна көрдің». Лепті сөйлем: «Қара, торғай ұшты!».</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> «Қорықшы орманда жүр. Ол құстарды қорғайды».</p> <p>Көркем әдебиет жанрларды ажырату</p> <p><b>Кіріспе</b> Барлық жанрларды қайталау, балалардың білімін бекіту</p> <p><b>Міндеті</b> Ертегі, әңгіме, өлеңді ажырата білу Көркем сөздерді қолдану Кейіпкерлерге баға беру</p> <p><b>Әдіс</b> Қайталау, салыстыру, ойын</p> <p><b>Тапсырма</b> Ертегі, әңгіме, өлеңнен үзінді оқу Жанрын анықтау "Саған қайсысы көбірек ұнады?" ойыны</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> 0 саны және цифры</p> <p><b>Кіріспе</b> 0 санының мағынасын түсіндіру</p> <p><b>Міндеті</b> 0-ді «ештеңе жоқ» ұғымымен байланыстыру 0 цифрымен таныстыру Сандар қатарын бекіту</p> <p><b>Әдіс</b> Түсіндіру, ойын, көрнекілік</p> <p><b>Тапсырма</b> Бір-бірден алып тастау ойыны 0 цифрын көрсету «Жоғалды» ойыны</p> <p>Қазақ тілі «Күзгі егін жинау»</p> <p><b>Тілдік орта</b> Балалар күзгі еңбекті талқылайды: «Ата бидай орады», «Әкем егін жинады».</p> <p><b>Дыбыстық мәдениет</b> «ғ» дыбысының орнын табу («бауырсақ», «балаға», «тоғыр»).</p> <p><b>Сөздік қор</b> «Егін, ору, суару, дән, тұқым».</p> <p><b>Грамматикалық құрылым</b> Тәуелдеу: «менің дәнім», «сенің тұқымың».</p> <p>Хабарлы сөйлем: «Ата егін орды».</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> «Күзде егін орады. Дәнді қапқа салды. Ұн тартты</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p><b>Көлік және байланыс</b></p>
---	---	--	---	--

	<p>Сызықтарды жүргізу Ойын: "Қайсысы әдемірек?"</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды жоғары көтеріп, алақанды бір-біріне тигізу.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Қосалқы қадаммен жүру, оңға-солға бұрылу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:</b> Музыкаға еркін қимылдар жасау.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Қарлығаш».</p> <p><b>Салауатты өмір салты:</b> Күн тәртібін сақтау, ұйқының маңызы.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Киімдерді жинақы ұстау.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> <b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау</b> <b>Тақырыбы:</b> «Шағын аудандағы заттардың қолданылуы» <b>Кіріспе:</b> Серуен кезінде қоқыс жәшігі, орындық, жол белгілерін көрсету <b>Міндеті:</b> Балаларды бейтаныс заттардың қолданылуын түсінуге баулу <b>Әдіс:</b> Бақылау, талдау, әңгіме <b>Тапсырма:</b> «Не үшін керек?» – әр заттың</p>	<p><b>жаттығулар:</b> Музыкалық әуенге қимылдарды қайталау. <b>Қимылды ойын:</b> «Қаздар мен қасқырлар».</p> <p><b>Салауатты өмір салты:</b> Дұрыс тамақтанудағы су ішудің орны.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Жеке орамалды пайдалану. Мүсіндеу Жапсыру Сурет салу Құрастыру Қазақтың тұрмыстық заттары <b>Құрастыру</b> – қағаз және конструктордан «Киіз үй» үлгісін жасау. <b>Сурет салу</b> – киіз үйдің ішкі көрінісін бейнелеу (төсек, текемет, ыдыстар). <b>Мүсіндеу</b> – балшықтан тұрмыстық бұйымдар жасау (құмыра, тостаған). <b>Жапсыру</b> – қазақ ою-өрнектері бар панноны түрлі-түсті қағаздардан қиып жапсыру.</p>	<p>аяқпен секіріп жүру. <b>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:</b> Әннің ырғағына қолмен, аяқпен би қимылы. <b>Қимылды ойын:</b> «Қол ұстасып шеңберге тұру».</p> <p><b>Салауатты өмір салты:</b> Дұрыс дем алу, таза ауаның пайдасы.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Дәретханаға барғаннан кейін қолды жуу.</p> <p>Тіл дамыту <b>Тақырыбы:</b> Н–Ң дыбыстарын дұрыс айту <b>Кіріспе</b> Н–Ң дыбыстарын дұрыс айтуға, сөйлем құрастыруға үйрету <b>Міндеті</b> Н–Ң дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету Заттарға белгі таңдату Сөйлемде сөздерді дұрыс орналастыруға дағдыландыру <b>Әдіс</b> Қайталау Сұрақ-жауап Ойын <b>Тапсырма</b> Дыбыстық жаттығу: нан – аң, қон – қоң Заттарға белгі беру: доп – дөңгелек, алма – тәтті Қысқа диалог құрастыру Сурет бойынша әңгіме жалғастыру</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қанша?» және «Нешінші?» сұрақтары <b>Кіріспе</b> Сұрақтардың айырмашылығын түсіндіру <b>Міндеті</b> «Қанша?» сұрағына заттың санын айту «Нешінші?» сұрағына ретін айту Сұрақтарға дұрыс жауап беру <b>Әдіс</b> Әңгімелесу, ойын, сұрақ-жауап <b>Тапсырма</b> Заттарды санау: «Қанша?» Ойыншықтарды ретімен қою: «Нешінші?» Қысқа диалог жүргізу</p> <p>Музыка <b>Музыка бізге сыр айтады»</b> <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> – Қуанышты әнмен қарсы алу. <b>Музыка тыңдау</b> – Табиғат тақырыбындағы әуенді тыңдату, көңіл-күйін әңгімелеу. <b>Ән айту</b> – Педагогпен бірге әнді мәнерлі орындау. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b> – Әуенге сәйкес денені тербету, қол сермеу. <b>Билер</b> – Жеңіл би</p>	<p><b>құралдары</b> <b>Тақырыбы:</b> «Байланыс құралдары» <b>Кіріспе:</b> Телефон, смартфон, компьютерді сурет арқылы көрсету <b>Міндеті:</b> Балаларды байланыс құралдарының қызметімен және қауіпсіз қолдану ережелерімен таныстыру <b>Әдіс:</b> Әңгімелесу, рөлдік ойын <b>Тапсырма:</b> «Телефон соғу» – ойын түрінде бір-біріне қоңырау шалу көрінісін ойнау</p> <p>Музыка <b>Әуеннің бояулары»</b> <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> – Балалармен әндетіп амандасу. <b>Музыка тыңдау</b> – Әртүрлі көңіл-күйдегі екі әуенді тыңдату, салыстыру. <b>Ән айту</b> – Әнді созып, дауыс күшін бірдей сақтап айту. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b> – Жылдам әуенге – жүгіру, баяу әуенге – жүру. <b>Билер</b> – Музыка кіріспесін күту, содан кейін билеу. <b>Би шығармашылығы</b> – Балалар екі-үш қимылды өздері құрастырады. <b>Аспаппен ойнау</b> – Таныс әнді топ болып қасықпен ойнау. <b>Қоштасу кезеңі</b> – «Қош бол» әні</p>
--	--	---	---	---	---


	қызметін түсіндіру			элементтерін орындау. <b>Би шығармашылығы</b> – «Құстар ұшады» ойыны – әр бала өз қимылын ойлап табады. <b>Аспаппен ойнау</b> – Қасықпен қысқа әуенді жеке орындау. <b>Қоштасу кезеңі</b> – Тыныш әуенмен қоштасу	
Серуенге дайындық	<b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	Балаларды жылы киімнің денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру. Қауіпсіздік: серуенде қол ұстасып жүру.	Жеңін дұрыс киюге жаттықтыру. Қауіпсіздік: қатты айқайламау Қауіпсіздік: ойын кезінде алыс кетпеу	Киінген соң бір-бірін күтіп шығуға дағдыландыру. Қауіпсіздік: қауіпті заттарды көтермеу.	Киінгенде аяқ киім бауын байлауды көрсету. Қауіпсіздік: бір-бірінің киімін тартпау.	Киіну кезінде асықпай, кезекпен киюді үйрету. Қауіпсіздік: құмды көзге шаппау.
Серуен	<b>Картотека №15</b> Күзгі ағашты бақылау.	<b>Картотека № 16</b> Аула сыпырушының жұмысын бақылау.	<b>Картотека № 18</b> Жәндіктерді бақылау.	<b>Картотека №19</b> Ауа- райының салқындауын бақылау.	<b>Картотека № 20</b> Қоңыр күзді бақылау, салыстыру
	<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</b>				
Серуеннен оралу	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	<b>Киімдерін шешу:</b> Киімдерін шешкен соң, бір-бірінің затын араластырмай қоюды үйрету. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жууды ойын түрінде түсіндіру. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде сабынды үнемдеп қолдану. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Ас ішер алдында қолдарын таза ұстау.	<b>Киімдерін шешу:</b> Балаларды киімдерін бүктеп, шкафқа қоюға баулу. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын мұқият жууға дағдыландыру. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Сумен ойнамай, тыныштық сақтау. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын жуып, орындарына жайғасу.	<b>Киімдерін шешу:</b> Әр баланы киімдерін ретімен шешуге, жинақтап қоюға дағдыландыру. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін таза ұстауды үйрету. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде суды шашпау. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын жуып болған соң асқа шақыру.	<b>Киімдерін шешу:</b> Балаларды сырт киімдерін өздері шешіп, сөрелеріне қоюға үйрету. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын жақсылап сабындап жуу. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Сумен ойнамау, суды үнемдеп қолдану. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын жуып болған соң үстелге отыру.	<b>Киімдерін шешу:</b> Киімдерін ретімен шешіп, орындарына қоюды қадағалау. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жуып, сүлгісіне сұрту. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде шуламай, әдеп сақтау. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Ас алдында қолдарын мұқият жуу.
Түскі ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
	<b>Әңгіме:</b>	<b>Әңгіме:</b>	<b>Әңгіме:</b>	<b>Әңгіме:</b>	<b>Әңгіме:</b>

	<p>– Балалар, түскі ас – бізге күш береді. Сорпа – ағзаны жылытады, ет – қуат береді, көкөніс – дәруменге толы.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Ас ішкен соң бала сергек, көңілді ойнайды, жақсы оқиды.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыстық сорпаны үрлеп ішеміз, төгіп алмау үшін абайлаймыз.</p>	<p>– Әрбір тағам еңбектің арқасында келеді. Түскі асты төкпей, тауысып жеу – еңбекке құрмет.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Асқа құрметпен қараған бала жауапкершілікті үйренеді.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырғанда орнымыздан тұрмаймыз, ойнамаймыз.</p>	<p>– Түскі асқа қосылатын сәбіз – көзге пайдалы, қырыққабат – ағзаны тазалайды. Көкөніс жеген бала дені сау болады.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Денсаулығын күткен бала өзіне сенімді болады.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Көкөністі асықпай шайнаймыз, үлкен тілімдерді жұтпаймыз.</p>	<p>– Ас ішіп болған соң «Рахмет» деп айтсақ, бұл – әдептіліктің белгісі.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Әдепті бала өзін де, өзгелерді де сыйлайды.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде қатты сөйлемейміз, қасықпен ойнамаймыз.</p>	<p>– Асымызды ысырап етпей, артық алмай жесек, дастарқанымыз берекелі болады.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Үнемдеуді үйренген бала ұқыпты, тәртіпті болып өседі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты дұрыс ұстаймыз, үстелге қатты қақпаймыз.</p>
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды нысықтау.	Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды нысықтау
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<p><b>№5.</b> Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап Бір демалып алайық.</p>	<p><b>№6</b> Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары Ұзын құлақ сұр қоян Ести қалып сыбырды Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.</p>	<p><b>№ №7.</b> Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.</p>	<p><b>№8</b> Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Тыныс алу жаттығулары Аю жүрді орманда Қорбаң, қорбаң, қорбаңда Көріп қалып жидекті Жұлып алып иіскеді.</p>	<p><b>№ 10.</b> Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар Ояту Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарап Достарымызға күлеміз.</p>
<p>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. <b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b></p>					
Бесін ас	Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.				
	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.	Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.	Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.	Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамау Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.	Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел	Қамқор жобасы, еңбегі адал жас өрен жобасы бағытымен экологиялық мәдениетті қалыптастыру жұмысы.				
	<b>Ертегі: «Жапырақтың соңғы әні»</b> Күз келіпті. Ормандағы	<b>Ертегі: «Ұшуға дайындалған тырна»</b> Күздің бір күні далада тырна	<b>Ертегі: «Алты дос – өмір сыйы»</b> Ерте заманда бір үлкен	<b>Ой дамыту. «Экология деген не?»</b> Тәрбиеші балаларға	<b>Бақылау жұмыстары</b> Балалар тәрбиешімен бірге серуенге шығып, аулада

<p>үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>барлық ағаштар алтын түсті киімдерін киіпті. Бір күні жасыл жапырақтар бір-біріне қарап: – Біз жаз бойы күннің ыстығында ән айтып, желмен билеп, ағашқа сән бердік. Енді шаршадық, – деп сыбырлапты. Сол сәтте Жел ұйқысынан оянып: – Қане, достарым, соңғы биімізді билейік! – деп жапырақтарды әуеге көтеріпті. Жапырақтар әуелеп ұшып, сыбдырлап әдемі әуен шығарыпты. Балалар да тыңдап: – Жапырақтар бізге ән салып жатыр! – деп қуаныпты. Жапырақтар соңғы рет аспанда қалықтап, жерге қонғанда бәрі сыбырлапты: – Біз кетсек те, көктемде қайта ораламыз... Содан бері күзде жапырақтар түссе, балалар оны «Жапырақтың соңғы әні» деп атайды екен. <b>Ойын 1: «Жапырақ қонаққа барады» (қимылды ойын)</b> Еденге жасыл, сары, қызыл жапырақтар шашылады. Музыка ойналғанда балалар жапырақтарды теріп, «қонаққа</p>	<p>ойға қалыпты. Ол достарына қарап былай депті: – Күн суыта бастады, енді бізге жылы жаққа ұшатын уақыт келді. Торғайлар таңданып: – Неге кетесіңдер? – деп сұрапты. Тырна күлімдеп: – Бізге жылы ауа керек. Қыста тамақ табу қиын. Жылы жақта бізге күн де, жем де жеткілікті. Ал көктемде қайта ораламыз. Сендермен қайта кездесеміз, – деп қанатын қомдапты. Сөйтіп, тырналар тізіліп, әдемі үн шығарып, жылы жаққа ұшып кетіпті. Ал қалған торғайлар адамдарға жақын жерден орын тауып, қысты ауыл ішінде өткізген екен. <b>Қим ойын 1: «Құстар қалай ұшады?»</b> Балалар қолдарын қанат сияқты қағып, әртүрлі құстарды бейнелейді: – тырна – биікке баяу ұшады; – қарлығаш – тез, шапшаң ұшады; – қаз – топтасып ұшады. Танымдық ойын : «Жылы жаққа сапар» Тәрбиеші балаларға әр құстың суретін көрсетіп сұрайды: – Бұл құс қыста қайда қалады? (Торғай, қарға – қалады). – Бұл құс жылы жаққа ұша ма? (Қарлығаш, тырна –</p>	<p>ауылда адамдар бақытты өмір сүріпті. Олардың жанында әрқашан табиғаттың алты сыйы – <b>Күн, Ауа, Су, Жер, Өсімдік, Жануар</b> өмір сүрген екен. Күн күлімдеп, адамдарға жылу мен жарық сыйлаған. Ауа таза болып, әрбір жанға тыныс берген. Су мөлдір ағып, шөлді қандырып, егінге нәр берген. Жер-Ана бар байлығын адамдарға берген. Өсімдік адамдарға тамақ, дәрі, әдемілік сыйлаған. Жануарлар дос болып, азық та, қуаныш та әкелген. Бір күні адамдар табиғаттың сыйына немқұрайлы қарай бастапты: – Қоқысты жерге тастады, – Суды ысырап етті, – Жануарларға қиянат жасады. Сонда алты дос жиналып, реніштерін білдіріпті: <b>Күн:</b> – Егер сендер мені қадірлемесеңдер, мен жылуымды азайтып, жерді қараңғылыққа қалдырамын. <b>Ауа:</b> – Мені ластасаңдар, сендерге таза тыныс бермеймін. <b>Су:</b> – Мені қорламасаңдар ғана шөлдеріңді қандырамын. <b>Жер:</b> – Мені қоқысқа толтырсаңдар, егіндерің өспейді. <b>Өсімдік:</b> – Мені</p>	<p>қарапайым түсінік береді: – Экология – табиғат пен адамның дос болуы. – Егер әр адам табиғатты қорғаса, жеріміз таза әрі әдемі болады. <b>Сұрақтар:</b> – Сендер табиғатты қалай қорғайсыңдар? – Қоқысты қайда тастау керек? – Ағаш отырғызу не үшін қажет? Балалар өз ойларын айтып, пікір алмасады. <b>Әңгіме: «Таза ауылдың балалары»</b> Бір ауылда Айсұлтан мен Меруерт деген екі дос өмір сүріпті. Олар күнде аулада ойнап, табиғаттың әсемдігін тамашалауды жақсы көреді. Аулада гүлдер өсіп, құстар сайрап, балаларға шаттық сыйлап тұрады екен. Бір күні ойнап жүргенде олар жерге тасталған қоқысты көрді. Шөлмек пен қағаз шашылып, гүлдердің қасына түсіпті. Құстар ұшпай, шетте ғана қонып отыр. Айсұлтан уайымдап: – Егер біз қоқысты жинамасақ, ауламыз ластанып кетеді. Құстар да ұшып кетуі мүмкін, – деді. Меруерт қуанып жауап берді:</p>	<p>немесе бақшада бақылау жасайды: Ағаштардың жапырақтарына, құстардың қимылына, аспандағы бұлттарға назар аударады. <b>Тәрбиеші:</b> – Қараңдаршы, бұлттар қозғалып барады, күн бізге жылу сыйлап тұр. – Ағаштар бізге не береді? (Жапырақ, көлеңке, таза ауа). – Ағаштардың жапырағы қандай түсте? – Құстардың қимылына қараңдаршы, олар не істеп жүр? <b>Ой қозғау.</b> – Табиғатты неге қорғауымыз керек? – Өсімдіктер мен жануарларға қалай қамқорлық жасай аламыз? <b>Балалардың жауаптары:</b> – Оларға су құямыз. – Гүлдерді сындырмаймыз. – Қоқыс тастамаймыз. ✓ <b>Ойын әрекеттері – «Табиғат сыйы»</b> Балаларға суреттер немесе ойыншықтар беріледі: күн, жаңбыр, гүл, құс, қоқыс. <b>Тапсырма:</b> табиғатқа пайдалысын оң қолына, зияндысын сол қолына алу. ✓ <b>Еңбек әрекеті</b> Балалар шағын топпен жұмыс істейді: Бір топ гүлге су құяды; Бір топ құм алаңын тазалайды; Бір топ құстарға дән салады.</p>
---	---	---	--	---	---

	<p>апарады».</p> <p>Музыка тоқтағанда, тәрбиеші: «Сары жапырақ қонаққа барсын!» дейді. Балалар тек сары жапырақты әкеледі.</p> <p>Әр түсті кезекпен жалғастырады.</p> <p><b>Ойын 2: «Сиқырлы қапшық» (танымдық ойын)</b></p> <p>Қапшықтың ішінде әртүрлі заттар бар (алма, жаңғақ, кішкентай ойыншық ағаш).</p> <p>Балалар кезекпен қолын салып, затты сипап тауып, сипаттайды: «Бұл – алма. Ол дөңгелек, күзде піседі».</p> <p>Тәрбиеші әр заттың табиғаттағы орнын түсіндіреді.</p> <p><b>Ойын 3: «Жапырақтардың әуені» (шығармашылық ойын)</b></p> <p>Әр балаға жапырақ беріледі.</p> <p>Тәрбиеші: «Жапырақ желмен ұшты», «Жапырақ жерге қонды», «Жапырақ жаңбыр астында қалды» дегенде балалар қимылмен бейнелейді.</p> <p>Балалар қимыл ойлап тауып, топпен көрсетеді.</p>	<p>ұшады).</p> <p>Балалар құстарды екі топқа бөледі: <b>қысқы қонақтар және жөлаушы құстар.</b></p> <p><b>Шығармашылық жұмыс «Құстардың сапары» суреті</b></p> <p>Балалар қағазға көктемде ұшып келетін немесе күзде ұшып кететін құстарды салады.</p> <p>Кейін суреттерден «Құстардың жылы жаққа сапары» атты көрме жасалады.</p> <p><b>Тәрбиешінің қорытынды сөзі:</b></p> <p>– Құстар – табиғаттың әдемілігі. Кейбір құстар жылы жаққа кетсе де, көктемде қайта оралады. Ал бізбен бірге қалған құстарға жем беріп, қамқор болу – біздің міндетіміз.</p>	<p>сындырсаңдар, сендерге гүл де, жеміс те болмайды.</p> <p><b>Жануар:</b> – Мені ренжітсеңдер, доссыз қаласыңдар.</p> <p>Адамдар ойланып қалып, бір-біріне уәде беріпті: – Біз табиғатты қорғаймыз, сендерді сүйеміз!</p> <p>Сол күннен бастап адамдар қоқысты жинап, суын таза ұстап, жануарларға қамқор болды. Табиғат та қайтадан қуанып, адамдарға мол байлығын сыйлай бастапты.</p> <p>✓ <b>Шығармашылық әрекет – «Табиғат панорамасы»</b></p> <p>Балалар топпен бірігіп үлкен ватманға табиғат суретін жасайды:</p> <p>Бір топ – күн мен аспанды салады,</p> <p>Екінші топ – ағаш пен гүлдерді бейнелейді,</p> <p>Үшінші топ – жануарлар мен адамдарды бейнелейді.</p> <p>Дайын сурет «Біздің ортақ табиғатымыз» атты панноға айналады.</p>	<p>– Онда екеуіміз бірге тазалайық! Табиғат – біздің ортақ үйіміз ғой. Екі дос қоқысты жинап, бөлек-бөлек қораптарға салды: қағазды – қағазға, пластикті – пластикке, бөтелкені – бөлек ыдысқа. Содан кейін гүлдерді суарып, құстарға дән шашты.</p> <p>Көп ұзамай аула қайтадан әдемі болып, құстар шаттана сайрай бастады. Балалардың еңбегін көрген ауыл үлкендері оларды мақтап: – Жарайсыңдар, балалар! Табиғатты қорғау – әр адамның міндеті. Сендер біздің ауылдың кішкентай қорғаушыларысыңдар, – деді.</p> <p>Айсұлтан мен Меруерт қуанып, қол ұстасып былай деді:</p> <p>– <b>Егер әр адам табиғатқа қамқор болса, Жеріміз мәңгі таза, әдемі болады!</b></p> <p>Әңгімеден түйін:</p> <p><b>«Экология – бәрімізге ортақ іс. Табиғатты қорғамасаң, ол ренжиді; ал қамқор болсаң, қуаныш пен сұлулық сыйлайды».</b></p>	<p><b>Қорытынды:</b> «Табиғатқа қамқор болсақ, ол бізге әдемілік пен қуаныш сыйлайды».</p> <p>✓ <b>Шығармашылық жұмыс</b></p> <p>Балаларға бояу, түрлі-түсті қарындаш беріледі.</p> <p><b>Тапсырма:</b> «Мен табиғатты сүйемін» суретін салу.</p> <p>Кейбірі гүл, кейбірі ағаш, кейбірі жануар бейнелейді.</p> <p>✓ <b>Тәжірибелік жұмыстар</b></p> <p>Балалармен шағын тәжірибе: Бір құмырадағы өсімдікке су құйылады, екіншісіне құйылмайды.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b></p> <p>– Қай өсімдік ұзақ өмір сүреді? (Балалар – су құйған өсімдік).</p> <p>Қорытынды: табиғат та қамқорлықты қажет етеді.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p><b>«Бұны қай кезде киеді?»</b></p> <p>Ойын шарты: суреттегі киімдерді қай мезгілде</p>	<p><b>«Гүлдерді күтеміз»</b></p> <p>Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның</p>	<p><b>«Әдемі гүл»</b></p> <p>Ойынның шарты: Гүлдерді түстері бойынша жинау.</p>	<p><b>«Бұл қай мезгіл?»</b></p> <p>Ойын шарты: күзгі бау-бақшадағы жемістер мен</p>	<p><b>«Нан қалай жасалады»</b></p> <p>Ойын шарты: нанды дастарханға келгенге дейінгі</p>

	<i>киетіндігін айтқызу. <b>Нармекен, Нұрселді, Аяннат</b></i>	<i>қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әнгімелету. <b>Айлин, Ерсұлтан, Ислам.</b></i>	<i><b>Жансерік, Жанарыс, Хангелді</b></i>	<i>көкіністердің аттарын атап, пішіндерін, түстерін ажыратады. <b>Айша, Арнұр, Ислам. М</b></i>	<i>жолын көрсетіп, онда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі көрсетіледі. <b>Дін-Ислам, Данияр, Мейіржан</b></i>
Серуенге дайындық	<i><b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b></i>				
	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.</i>	<i>Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>	<i>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>
Серуен	<i>Кім тез жүреді? <b>Мақсаты:</b> Төзімділікті дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Жолды сыпыру. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар белгіленген жерге дейін жүгіреді, қайта оралады.</i>	<i>Жалаушаны жеткіз <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдық, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. <b>Еңбек әрекеті:</b> Жалаушаларды жинау. <b>Қимылды ойын:</b> Бір бала жалаушаны келесі балаға береді, тізбек бойынша соңғысы мәреге жеткізеді.</i>	<i>Қарлығаштар мен қыран <b>Мақсаты:</b> Сақтық пен ептілікті дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Құстарға жем шашу. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар қарлығаш болып ойнайды, қыран шыққанда паналайды.</i>	<i>Шеңберден шықпа <b>Мақсаты:</b> Зейінді, ережені орындауды дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Шеңбер сызықтарын сызу. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар шеңбер ішінде жүреді, белгі берілгенде тоқтап қалады. Шеңберден шыққан бала ойыннан шығады.</i>	<i>Жылдам қояндар <b>Мақсаты:</b> Жылдам секіруге тәрбиелеу. <b>Еңбек әрекеті:</b> Шөп жинау. <b>Қимылды ойын:</b> Қояндар белгіленген орынға секіріп барады.</i>
	<i><b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</b></i>				
Балалардың үйге қайтуы	<i><b>Өнегелі-15 минут. Балалардың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.</b></i>				
	<i>Бүгін балалар қимылды ойын арқылы түрлі қимылдар жасады. Денесін қимылдатуға қызығушылық танытты. Үйде «Қоян секіреді», «Құстай ұшады» ойынын ойнау пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар тақпақ айту кезінде қимыл қосты. Ән мен сөзді үйлестіруге тырысты. Үйде тақпақ оқып, қимылмен бірге қайталау тиімді болады.</i>	<i>Бүгін балалар серуенде айналадағы дыбыстарды тыңдады. Зейінін дамытып, байқағыштық көрсетті. Үйде терезеден қарап, «Бұл қандай дыбыс?» деп сұрау пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар түрлі киімдерді таныды. Күнделікті тұрмыстық заттарға қызығушылық білдірді. Үйде киімдердің атын атап, киінуге көмектесуге мүмкіндік беріңіз</i>	<i>Бүгін балалар түрлі пішіндерден сурет құрастырды. Қиялын дамытуға талмынды. Үйде дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш арқылы сурет жасау ойынын ойнаңыз</i>

Тексерілді:  С.Т.Есимова

Топ: «Бәйтерек» мектепалды даярлық топ  
Балалардың жасы: 5 жас  
Қандай кезеңге жасалды : 20.10 – 24.10.2025ж  
Тәрбиешілер: Кадинова М.К., Батынова Г.К.  
Әдіскер: Есимова С.Т.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Ән ұран - баланы өнерге баулу, әсемдікке жетелеу.</i>			<i>Күй күмбірі – баланы мейіріммен қарсы алу, өнерге баулу.</i>	

	<p>Баланы есімімен атап, «Сәлем, сен бүгін ерекше жарқырап тұрсың» деп жылы сөз айту.</p> <p>Аптадағы жетістігін атап өту («Сен әдепті болдың, жақсы ойнадың»).</p> <p>Баланы музыка бұрышына немесе шығармашылық ойынға тарту.</p> <p>Ата-анасына қысқаша апта қорытындысын жеткізу.</p>	<p>Баланы сыпайы үнмен қарсы алу.</p> <p>«Бүгінгі күнің сәтті өтсін» деп тілек білдіру.</p> <p>Баланы үстел үсті сурет салу немесе жазуға дайындық жұмыстарына тарту.</p> <p>Достарымен бірге ойын ұйымдастыруға жағдай жасау.</p>	<p>Баланы есікте күтіп алып, жылы сөз айту: «Қош келдің, Айбек!»</p> <p>Баланың көңіл-күйін бақылап, қажет болса қолдау сөз айту.</p> <p>Баланы шағын топпен әңгімелесуге немесе кітап бұрышына бағыттау.</p> <p>«Әдептілік» ойынын қолдану (сәлемдесу, алғыс айту).</p>	<p>Баламен қол алысып амандасу.</p> <p>«Сәлеметсіз бе, апай/аға!» деп сыпайы амандасуға үйрету.</p> <p>Баланы достарымен бірге құрастыру бұрышына тарту.</p> <p>Ата-анасымен қысқаша сөйлесу (үй тапсырмалары, ұйқысы).</p>	<p>Баланы есімімен атап, күлімдеп қарсы алу.</p> <p>«Қайырлы таң, бүгін көңіл-күйің қалай?» деп сұрау.</p> <p>Баланы күннің жоспарына қызықтыру («Бүгін бізде жаңа ойындар болады»).</p> <p>Үстел үсті логикалық ойындарға бағыттау.</p>
Ата-аналармен немесе бала-ның басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала мінез –құлқы туралы кеңес беру.</b>				
	<p><b>Әңгіме:</b> Отбасы – баланың алғашқы мектебі.</p> <p>Отбасында алған тәрбие – оның болашағына іргетас қалайды.</p> <p><b>Кеңес:</b> Демалыста балаңызға пайдалы істі бірге жасауды үйретіңіз (мысалы: гүлге су құю, бөлмені жинастыру).</p>	<p><b>Әңгіме:</b> Сөйлеу мәдениеті – баланың болашақтағы жетістігінің негізі. Дұрыс сөйлей алған бала өз ойын еркін жеткізеді.</p> <p><b>Кеңес:</b> Балаңызға қысқа тақпақтар мен жаңылтпаштарды үйретіп, оны күнде қайталауға дағдыландырыңыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> Әдептілік – ата-анадан басталады. Бала үлкендерді сыйлауды, сыпайы сөздерді қолдануды отбасынан үйренеді.</p> <p><b>Кеңес:</b> «Рахмет», «өтінемін», «кешір» деген сыпайы сөздерді балаңызға жиі айтуға үйретіңіз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> Тазалық – денсаулық кепілі. Баланың мәдени-гигиеналық дағдылары болашақта оның денсаулығы мен тәртібіне әсер етеді.</p> <p><b>Кеңес:</b> Үйде қолды жуу, тіс тазалау, киімді таза ұстауды балаңызға күнделікті үйретіңіз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> Таңертеңгі жылы сөз бен мейірім – баланың көңіл-күйіне қуат береді.</p> <p>Жылы қарым-қатынас арқылы бала өзін қауіпсіз әрі сенімді сезінеді.</p> <p><b>Кеңес:</b> Баланы балабақшаға әкелгенде күлімдеп, жылы сөз айтып шығарып салыңыз, балаңызға да жылы сөзді айтуға үйретіңіз.</p>
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	<p><b>«Не артық?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды қауіп қатердің алдын алуға, өмірге қауіп төндіретін заттарды тануға, олардың денсаулығымызға, өмірімізге төндіретін қатерін түсіне білуге үйрету.</p>	<p><b>«Бағдаршам не дейді?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Бағдаршам көздерінің түстерімен таныстыра отырып, оның беретін белгілері туралы түсінік беру және ол белгілер бойынша жүргізушілердің іс-әрекеттерімен таныстыру, бекіту.</p>	<p><b>«Бола ма, әлде болмай ма?»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды жануарлармен қарым-қатнас жасағанда қауіпсіздік ережелерінің қарапайым түрлерін сақтай білуге үйрету.</p>	<p><b>«Егер бейтаныс адам есікті қақса» Ойын жаттығулары</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды үйде жалғыз болған кезде есікті ашуға үйретіңіз, тек олармен бір пәтерде тұратын адамдарға ғана.</p>	<p><b>«Жеуге болатын саңырауқұлақты қорапқа салыңыз»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың жеуге болатын және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар туралы білімдерін бекіту.</p>
<b>Қауіпсіздік ойындар картотекасынан</b>					
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.
<b>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b>					
Таңғы ас	<b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b>				

	<p><b>Әңгіме:</b> – Нан – береке, су – тіршілік. Екеуін де қадірлейік, ысырап етпейік.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Қадірлей білген бала сыйластықты үйренеді.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде шуламаймыз, бір-бірімізге кедергі жасамаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Суды да, асты да үнемдесек, бәрі жеткілікті болады. Үнемділік – тәрбиелі баланың белгісі.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Үнемдеуді үйренген бала тәртіпті, байсалды болып өседі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Бұдысты үстелге қатты қақпаймыз, қолымыздан түсірмейміз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас ішкенде өзімізге жеткілікті мөлшерде ғана алайық. Артық алып қалдыру дұрыс емес.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Ұқыпты бала өз ісіне жауаппен қарайды.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Асымызды асықпай шайнаймыз, қақалып қалмау үшін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Әр тағам еңбектің арқасында келеді. Тамақты ысырап етпей, артық алмай, тауысып жеу – үнемділік.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Еңбекті бағалаған бала жауапкершілікті үйренеді.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде орнымыздан тұрмаймыз, қасықты дұрыс ұстаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, су – табиғаттың сыйы. Қолымызды жуған кезде суды көп ағызбайық, жуған соң қранды жауып қояйық.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Суды үнемдеген бала табиғатты сүйіп, қоршаған ортаны бағалайды.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Су төгілсе тайып кетпеу үшін жүгірмейміз.</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)	<p><b>Ойын: «Кейіпкерді табу»</b> Тәрбиеші қысқаша сипаттама береді: – «Бұл кейіпкердің қызыл бас киімі бар...» – Балалар: «Қызыл телпек!» – «Бұл кейіпкер айлакер, бірақ күлкілі...» – Балалар: «Алдар көсе!» <b>Мақсаты:</b> балалардың есте сақтауын, елестетуін, тіл байлығын дамыту.</p>	<p><b>Ойын: «Еңбек ағашы»</b> Тәрбиеші ағаш суретін іледі. Балаларға қағаз «жемістер» таратылады. Әр бала бір жақсы еңбегін айтып, жемісті ағашқа іледі: – «Мен ойыншық жинадым», – «Мен анама көмектестім». <b>Мақсаты:</b> адал еңбектің жемісін түсіндіру, еңбекке құрметпен қарауға баулу.</p>	<p><b>Ойын: «Сиқырлы сандар»</b> Тәрбиеші қолымен 3 рет шапалақтайды. Балалар: «Бұл үш!» деп айтады. Кейін 4 секіреді, 5 рет қол көтереді. <b>Мақсаты:</b> есте сақтау, зейін мен ойлау қабілетін дамыту, логикалық ойды жетілдіру.</p>	<p><b>Ойын: «Қиял саяхаты»</b> Тәрбиеші: «Қазір біз қиял пойызына мінеміз. Бірінші аялдама – ән қаласы, екінші – сурет қаласы» дейді. Балалар сол аялдамаға сай бір іс жасайды: ән айтады, сурет салады, би қимылын көрсетеді. <b>Мақсаты:</b> шығармашылық ойды, қиялды дамыту, өз ойын еркін жеткізу.</p>	<p><b>Ойын: «Жақсы іс әйнегі»</b> Тәрбиеші тақтаға үлкен «әйнек» суретін салады. Балалар оған «жақсы істерді» қиялдап жапсырады (қағаз жүрек: «Анама көмектестім», «Досыма ойыншық бердім»)). <b>Мақсаты:</b> балаларды мейірімділік пен қамқорлыққа баулу, жылы сөз айтуға үйрету.</p>
Кестеге сәйкес ҰІӨ	<p><b>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында күзгі табиғат көрінісін түсіндіру ұйымының «Smart bala» жобасы «Мен – зерттеушімін» - өнертанқыштыққа алғашқы қадам</b></p>				
	<p>Тіл дамыту <b>Тақырыбы:</b> Р–Л дыбыстарын дұрыс айту <b>Кіріспе</b> Р–Л дыбыстарын ажырату, сөйлеуде дұрыс қолдану <b>Міндеті</b> Р–Л дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету Синонимдерді сөйлемде</p>	<p>Көркем әдебиет <b>Тақырыбы:</b> Әңгіме кейіпкерлерін бағалау <b>Кіріспе</b> Әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін салыстыру <b>Міндеті</b> Кейіпкерлердің іс-әрекетін түсіну Жақсы-жаман қылықтарды ажырату</p>	<p>Математика негіздері <b>Тақырыбы:</b> Сандарды салыстыру <b>Кіріспе</b> Сандарды салыстыруға үйрету <b>Міндеті</b> Саны көп және аз ұғымын ажырату Кем затқа біреуін қосу Көп заттан біреуін алу</p>	<p>Қазақ тілі «Аңдар әлемі» <b>Тілдік орта</b> Балалар аңдардың тіршілігі туралы айтады: «Аю қысқы ұйқыға жатады». <b>Дыбыстық мәдениет</b> «і» дыбысының орнын табу («қыс», «түлкі», «кітап»)). <b>Сөздік қор</b> «Аю, түлкі, қоян, қасқыр».</p>	<p>Математика негіздері <b>Тақырыбы:</b> Теңдік және теңсіздік <b>Кіріспе</b> Теңдік пен теңсіздіктің мәнін түсіндіру <b>Міндеті</b> Теңдік туралы түсінік қалыптастыру Теңсіздікті зат қосу/алу арқылы көрсету</p>

<p>қолдануға дағдыландыру Сөз тіркесін толық қолдануға үйрету <b>Әдіс</b> Қайталау Ойын Сұрақ-жауап <b>Тапсырма</b> Дыбыстық жаттығу: ара – ала, ар – ал Синонимдер: жақсы – тамаша Зат есім + сын есім + сан есім: екі үлкен алма "Менің арманым" тақырыбында сөйлеу</p> <p>Сауат ашу негіздері <b>Тақырыбы:</b> Буындарды қайталау <b>Кіріспе</b> Буындарды бекіту <b>Міндеті</b> Сөздерді буынға бөлу Буындарды санау Сөз құрастыру <b>Әдіс</b> Түсіндіру, жаттығу, ойын <b>Тапсырма</b> Сөздерді буынға бөлу (оқушы – о-қу-шы) Буындарды санау Буыннан сөз құрастыру</p> <p>Дене тәрбиесі <b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды жоғары, төмен сермеу. <b>Негізгі қимылдар:</b> Арқан бойымен бір қырымен жүру. <b>Музыкалық-ырғақтық</b> <b>жаттығулар:</b> Әнге қосылып, қол-аяқпен</p>	<p>Өз пікірін айтуға үйрету <b>Әдіс</b> Оқу, талдау, пікір алмасу <b>Тапсырма</b> Әңгіме оқу (Жомарт пен сараң) Жақсы кейіпкерді сипаттау "Егер сен оның орнында болсаң..." сұрағына жауап беру</p> <p>Сауат ашу негіздері <b>Тақырыбы:</b> Буыннан сөз жасау <b>Кіріспе</b> Буындарды жалған сөз құрастыруға үйрету <b>Міндеті</b> Буындар арқылы сөз жасау Сөздік қорды байыту Сөйлем құрастыру <b>Әдіс</b> Жаттығу, ойын, әңгімелесу <b>Тапсырма</b> "Ау-ыл, қа-ла" буындарынан сөз құрастыру Жаңа сөздерді сөйлем ішінде қолдану "Буыннан сөз тап" ойыны</p> <p>Дене тәрбиесі <b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды кеудеге қойып, еңкею, арқаға арналған жаттығулар. <b>Негізгі қимылдар:</b> Допты қолмен жоғары лақтыру және қағып алу. <b>Музыкалық-ырғақтық</b> <b>жаттығулар:</b> Әуенге сәйкес қадамды жылдамдату. <b>Қимылды ойын:</b> «Көршіні тап». <b>Салауатты өмір</b></p>	<p><b>Әдіс</b> Көрнекілік, ойын, жаттығу <b>Тапсырма</b> Заттарды салыстыру (3 алма – 5 алма) «Кімнің көбірек?» ойыны Зат қосып немесе алып тастап теңдікті өзгерту</p> <p>Сауат ашу негіздері <b>Тақырыбы:</b> Жазуға дайындық жаттығулары <b>Кіріспе</b> Жазуға қолды шынықтыру <b>Міндеті</b> Қарындашты дұрыс ұстау Әріп элементтерін жазуға жаттықтыру Жолда бағдарлай білу <b>Әдіс</b> Көрсету, жаттығу, ойын <b>Тапсырма</b> Тік, көлбеу сызықтар салу Дөңгелек, ирек сызықтар жасау "Жоғары – төмен" жаттығуы</p> <p>Дене тәрбиесі <b>Кіріспе бөлім:</b> Қолды белге қойып, қолды жоғары және төмен қозғау. <b>Негізгі қимылдар:</b> Сатыдан бір қадам сайын аттап өту. <b>Музыкалық-ырғақтық</b> <b>жаттығулар:</b> Музыкаға шапалақтау, ырғақпен жүру. <b>Қимылды ойын:</b> «Қарагие». <b>Салауатты өмір</b> <b>салты:</b> Спортпен тұрақты шұғылданудың маңызы. <b>Мәдени-гигиеналық</b> <b>дағдылар:</b> Үстел басында</p>	<p><b>Грамматикалық</b> <b>құрылым</b> Септеу: «қоянға», «қасқырдан». Сұраулы сөйлем: «Бұл қандай аң?». <b>Байланыстырып</b> <b>сөйлеу</b> «Қоян орманда жүгірді. Түлкі оны көрді». Математика негіздері <b>Сандарды салыстыру</b> <b>Кіріспе</b> Балаларды сандарды салыстыруға үйрету, заттардың санын ажырата білуге дағдыландыру. Салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортадағы заттарды топтастырып, олардың санын анықтай білуге үйрету. <b>Міндеті</b> Саны көп және аз ұғымдарын дұрыс түсіндіру Кем затқа біреуін қосып, нәтижесін табуға үйрету Көп заттан біреуін алып тастау арқылы сандық өзгерісті бақылау Балалардың ойлау, есте сақтау, салыстыру қабілеттерін дамыту <b>Әдіс</b> Көрнекілік, сұрақ-жауап, ойын элементтері, практикалық жаттығулар Тапсырма Үстелге 3 алма және 5 алмұрт қойылады. Балалардан: «Қайсысы көп? Қайсысы аз?» деп сұрау. «Кім жылдам санайды?» ойыны – балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп,</p>	<p>Сандарды дұрыс жазу <b>Әдіс</b> Әңгімелесу, ойын, көрнекілік <b>Тапсырма</b> Суреттен тең және тең емес топтарды табу Ойын: «Артық затты алып таста» Теңдік белгісін қою (=, &gt;, &lt;)</p> <p>Қазақ тілі «<b>Ас даярлау</b>» Тілдік орта Балалар дастархан туралы ой айтады: «Әжем қазанға ас салды». Дыбыстық мәдениет «қ» дыбысының орнын табу («қазан», «қасық», «қоржын»». Сөздік қор «Қазан, астау, сыбаға, нан». Грамматикалық құрылым Жіктеу: «Мен қазанға су құямын». Лепті сөйлем: «Ас дайын болды!». Байланыстырып сөйлеу «Әже қазанға ас салды. Балалар нан жеді. Сыбаға бөлінді».</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру <b>Көлік және байланыс</b> <b>құралдары</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қоғамдық көліктер» <b>Кіріспе:</b> Автобус, трамвай, пойыз суреттерін көрсету <b>Міндеті:</b> Қоғамдық көліктің түрлерін,</p>
--	---	--	---	--

	<p>шеңбер құру.  <b>Қимылды ойын:</b> «Көңілді шеңбер».  <b>Салауатты өмір салты:</b> Үнемділікке баулу, артық тәтті жеуден сақтандыру.  <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Шыныаяқ пен қасықты дұрыс ұстау.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b>  <b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Үй ішіндегі заттар және олардың қасиеттері»  <b>Кіріспе:</b> Асханадағы ыдыстар мен жиһаздарды көрсету  <b>Міндеті:</b> Балаларды заттардың қасиеттерін (ауыр-жеңіл, қатты-жұмсақ, су өткізетін/өткізбейтін) ажыратуға үйрету  <b>Әдіс:</b> Салыстыру, тәжірибелік жұмыс  <b>Тапсырма:</b> «Салыстыр және тап» – екі затты сипаттап, айырмашылығын айту</p>	<p><b>салты:</b> Дұрыс жүріс-тұрыс мәнері.  <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Тырнақты таза ұстау.</p> <p>Мүсіндеу  Жапсыру  Сурет салу Құрастыру  Көлік түрлері  <b>Құрастыру</b> – конструктор бөлшектерінен «Машина» немесе «Ұшақ» құрастыру.  <b>Сурет салу</b> – жолда келе жатқан көліктерді бейнелеу.  <b>Мүсіндеу</b> – балшықтан көлік бөлшектерін (дөңселек, кабина, қанат) мүсіндеу.  <b>Жапсыру</b> – қағаздан қиып «Жол қозғалысы» тақырыбында композиция жасау.</p>	<p>тәртіп сақтау.</p> <p>Тіл дамыту  <b>Тақырыбы:</b> Үйренген дыбыстарды қайталау  <b>Кіріспе</b>  Барлық дыбыстарды бекіту, сөйлеуді жетілдіру  <b>Міндеті</b>  Барлық дыбыстарды қайталау  Антонимдерді сөйлемде қолдануға үйрету  Диалог жүргізуге баулу  <b>Әдіс</b>  Қайталау  Ойын  Әңгімелеу  <b>Тапсырма</b>  Дыбыстық жаттығулар  Антонимдер: ұзын – қысқа, биік – аласа  бастаған әңгімені жалғастыру  Ертегіні аяқтау</p>	<p>жылдам санату.  «Артық не жетпей тұр?» ойыны – балаларға заттар топтамасын көрсетіп, бір затты алып тастау немесе қосу арқылы өзгерісті байқауын сұрау.  «Теңдікті табайық!» – екі топтағы заттарды салыстырып, теңдігін анықтау.</p> <p>Көркем әдебиет  <b>Тақырыбы:</b> Мейірімділік пен достық  Кіріспе  Балаларды әңгіме арқылы достық пен мейірімділікке баулу. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдау арқылы жақсы қасиеттерді үйрету.  Міндеті  Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бақылап, ой түю  Жақсы және жаман мінез-құлықты ажырата білу  Өз көзқарасын еркін айтуға дағдылану  Әдіс  Әңгімелеу, сұрақ-жауап, пікірталас, рөлдік ойын  Тапсырма  «Досқа көмектесу» атты әңгімесін оқу  Әңгімедегі жақсы және жаман іс-әрекеттерді атап шығу  Жақсы кейіпкердің іс-әрекеттерін сипаттау  «Егер сен оның досы болсаң, оған қалай көмектесер едің?» деген сұраққа жауап</p>	<p>жолаушы ережелерін үйрету  <b>Әдіс:</b> Әңгіме, суреттермен жұмыс, ойын  <b>Тапсырма:</b> «Жолаушы ережесі» – көлікке мінгенде өзін қалай ұстау керектігін рөлдік ойында көрсету</p> <p>Музыка  «Музыканы тыңдап, ойнайық»  <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> – Балаларға арналған шағын әуенмен қарсы алу.  <b>Музыка тыңдау</b> – Бейне ұнтаспа арқылы көңілді әуен тыңдау.  <b>Ән айту</b> – Әнді бірге орындап, дауыс биіктігін сақтау.  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b> – Әуеннің ырғағына секіру, жүгіру.  <b>Билер</b> – Музыкаға сәйкес қарапайым би қозғалыстарын жасау.  <b>Би шығармашылығы</b> – Балалар топ болып ойдан би құрастырады.  <b>Аспаппен ойнау</b> – Қасықтармен қысқа әуендерді топпен орындау.  <b>Қоштасу кезеңі</b> – «Сау болайық» әні.</p>
--	--	--	---	--	---

				<p>беру</p> <p><b>Музыка</b> «Музыка мен қимылдың достығы» <b>Ұйымдастыру кезеңі</b> – Әнмен амандасу. <b>Музыка тыңдау</b> – Балаларға сүйікті әнді тыңдату, мазмұнын әңгімелеу. <b>Ән айту</b> – Әнді мәнерлі, қимылмен үйлестіріп айту. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар</b> – Әуеннің бөліктеріне сәйкес қимылды өзгерту. <b>Билер</b> – Қол ұстасып, шеңбер бойымен би билеу. <b>Би шығармашылығы</b> – Әннің мәтініне сәйкес сахналық қимыл ойлап табу. <b>Аспаппен ойнау</b> – Жеке балаларға қысқа әуенді орындауды тапсыру. <b>Қоштасу кезеңі</b> – Тыныш әуен тыңдап қоштасу</p>	
Серуенге дайындық	<p><b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.</b> <b>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b></p>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Киінгенде аяқ киім бауын байлауды көрсету. Қауіпсіздік: бір-бірінің киімін тартпау.
Серуен	<b>Картотека №17</b> Бақшаға бақылау	<b>Картотека №18</b> Жәндіктерді бақылау.	<b>Картотека №19</b> Ауа райын бақылау	<b>Картотека №20</b> Қоңыр күзді бақылау	<b>Картотека №10</b> Иттерді бақылау
	<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</b>				
Серуеннен оралу	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	<b>Киімдерін шешу:</b> Балаларды киімдерін ұқыпты шешуге, сәресіне	<b>Киімдерін шешу:</b> Балаларды киімдерін ретімен шешуге, орнына қоюға	<b>Киімдерін шешу:</b> Әр бала киімін тәртіппен шешіп, орындыққа немесе	<b>Киімдерін шешу:</b> Киімдерін реттілікпен шешіп, шкафқа қоюды	<b>Киімдерін шешу:</b> Балалар киімдерін шешіп, орындарына жинайды.

	қоюға дағдыландыру. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын екі рет сабындап жуу. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде сумен ойнамауды ескерту. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Балаларды асханаға таза қолмен отырғызу	үйрету. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін таза ұстау. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуынғанда суды шашпай, сабынды дұрыс қолдану. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын жуған соң асханаға отыру.	сөресіне қоюға дағдылану. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін ілу. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде суды үнемдеп қолдану. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Балаларды үстел басына жинақылықпен отырғызу.	үйрету. <b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдану. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде әдептілік сақтау. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын жуып болған соң ас ішуге отыру.	<b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жуып, сүлгісіне сүртуін қадағалау. <b>Гигиеналық шаралар:</b> Сумен ойнамау, суды төкпеу. <b>Түскі асқа дайындық:</b> Ас алдында қолдарын жууға бағыттау.
Түскі ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
	<b>Әңгіме:</b> – Тамақты да, суды да үнемдеп тұтыну – жақсы әдет. Үнемдегенде бәрімізге жеткілікті болады. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Үнемшіл бала тәртіпті, жауапты болып өседі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты төкпей ұстаймыз, үстелге қатты соқпаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Нан – халқымызда қасиетті ас. Нанды жерге тастауға болмайды, бір үзімін де ысырап етпейік. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Нанды қадірлеген бала сыйластыққа үйренеді. <b>Қауіпсіздік:</b> – Нанмен ойнамаймыз, дастарқанды таза ұстаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Әр табақтағы ас – ата-анамыздың маңдай терімен келген еңбек. Артық алып қалдырмай, тауысып жеген бала – ұқыпты бала. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Тамақты бағалаған бала еңбекті қадірлеуді үйренеді. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырғанда қасық пен шанышқыны дұрыс ұстаймыз, абай боламыз.	<b>Әңгіме:</b> – Балалар, жер бетінде барлық тіршілік су арқылы өсіп-өнеді. Егер біз суды ысырап етсек, табиғатқа зиян келтіреміз. Қолымызды жуған соң қранды жауып қоюды ұмытпайық. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Суды қадірлеген бала табиғатты аялауды үйренеді. <b>Қауіпсіздік:</b> – Су шашып ойнамаймыз, еденге төгілсе сүртіп аламыз.	<b>Әңгіме:</b> – Су тамшысы мен ас түйірінің әрқайсысы бізге берілген несібе. Оны қадірлеу – біздің міндетіміз. <b>Психологиялық тәрбие:</b> – Қадірлей білген бала үлкенге де, кішіге де құрметпен қарайды. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде қатты сөйлеспейміз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз.
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.	Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.	Ұйықтар алдында балалардың киімдерін ұқыппен жинап қоюына көңіл бөлу. Өздерінің төсек-орнын дайындап, ыңғайлап жатуға дағдыландыру.
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<b>1.Ояну</b> Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.	<b>1.Ояну</b> Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыңдар	<b>1.Ояну</b> Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.	<b>1.Ояну</b> Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.	<b>1.Ояну</b> Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
<b>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.</b>					

	<p>«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.  <b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b></p>				
Бесін ас	<p>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</p>				
	<p><b>Әңгіме:</b>  – Ас ішіп болған соң «Рахмет» деп айтсақ, ол – асты қадірлеудің белгісі. Алғыс – адамды әдепті етеді.  <b>Психологиялық тәрбие:</b>  – Алғыс айту бала бойына ризашылықты қалыптастырады.  <b>Қауіпсіздік:</b>  – Ас ішіп болған соң ыдысты орнына абайлап қоямыз, сындырып алмау үшін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b>  – Су мен асты үнемдеген бала тәртіпке үйренеді. Тәртіп бар жерде бәрі ретімен жүреді.  <b>Психологиялық тәрбие:</b>  – Тәртіпті бала барлығына үлгі болады.  <b>Қауіпсіздік:</b>  – Ас ішіп отырғанда орнымыздан тұрмаймыз, жанымызда отырғандарға кедергі жасамаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b>  – Нан – халқымыздың ең қасиетті асы. Бір үзім нанды жерге тастамай, қадірлейік.  <b>Психологиялық тәрбие:</b>  – Нанды бағалаған бала еңбекті де сыйлайды.  <b>Қауіпсіздік:</b>  – Үгінді нанды шашпай, арнайы ыдысқа саламыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b>  – Әр тағам – еңбек пен уақыттың жемісі. Тамақты үстелге төгіп-шашпай, ұқыпты жеу – мәдениеттіліктің белгісі.  <b>Психологиялық тәрбие:</b>  – Ұқыпты бала өзіне де, өзгеге де жайлы болады.  <b>Қауіпсіздік:</b>  – Ас үстінде ойнамаймыз, қолымыздағы ыдысты сермемейміз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b>  – Сусыз гүлдер солады, ағаштар құрайды. Су табиғатқа да, бізге де керек. Сондықтан оны артық ағызбайық.  <b>Психологиялық тәрбие:</b>  – Табиғатты ойлаған бала жүрегі мейірімді болады.  <b>Қауіпсіздік:</b>  – Су төкпей жуынамыз</p>
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	<p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-г, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.  <b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді,  Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу  <b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына ызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету  <b>Сауат ашу</b></p>	<p>Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту  <b>Математика негіздері</b></p>	<p>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды жетілдіру  <b>Сауат ашу</b></p>
Балалармен жеке жұмыс	<p><b>«Қанша жануар көрдің?»</b>  <b>Мақсаты:</b> Заттарды санау, есте сақтау.  <b>Шарты:</b> Тәрбиеші 5 жануардың суретін көрсетеді. 5 секундтан соң суретті алып тастайды. Бала «Қанша жануарды көрдің?» деп айтады.</p>	<p><b>«Ұйқасын тап»</b>  Іші толған шәрбат  Дәмі қандай әйбат  Үзесің бірден жүзін  <b>Оның аты... (жүзім)</b>  Дөп-дөңгелек сары  Ішінде бар дәні  Қызығасың көріп  <b>Оның аты... (өрік)</b>  Бір сабақта көп түйме  Жей алмайсың көк күйде</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Ұяшыққа орналастыр»  <b>Мақсаты:</b> екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйренеді.  <b>Нұрғелді, Нармекен, Ислам</b></p>	<p><b>«Орындықтар ойыны»</b>  <b>Мақсаты:</b> Санауды қимылмен бекіту.  <b>Шарты:</b> Еденге 5 орындық қойылады. Бала кезекпен орындықтарға отырады да, санап шығады.  <b>Мейіржан, Алдияр,</b></p>	<p><b>«Салыстыр, тап!»</b>  <b>Мақсаты:</b> Үлкен-кіші ұғымын меңгерту.  <b>Шарты:</b> Үстелге үлкен және кішкентай ойыншық қойылады. «Қайсысы үлкен? Қайсысы кішкентай?» – бала көрсетіп, айтады.</p>

	<i>Аянат, Данияр, Хангелді</i>	<i>Санап қара қанша Оның аты-... (шие) Бұтақта ілініп тұрамын, Піскенде себетке құладым. (Жеміс) Жұмбақ мағынасын түсіндіру. Айша, Жансерік, Ерсұлтан</i>		<i>Нұрлыхан</i>	<i>Айлин, М. Ислам, Жанарыс</i>
Серуенге дайындық	<b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.</i>	<i>Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>	<i>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>
Серуен	<i>Кім шапшаң? <b>Мақсаты:</b> Жарыс арқылы төзімділікті дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Ойын алаңын реттеу. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар жарысып жүгіріп, мәреге кім бірініші жетеді.</i>	<i>Жануарларды құтқар <b>Мақсаты:</b> Ептілік, қиялды дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Ойыншықтарды жинау. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар ойыншық жануарларды «құтқарып», белгіленген жерге жеткізеді.</i>	<i>Допты нысанаға тигіз <b>Мақсаты:</b> Дәлдікті, көз мөлшерін дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Нысана орнату. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар допты белгіленген нысанаға лақтырады.</i>	<i>Жылдам жүгіру эстафетасы <b>Мақсаты:</b> Топпен жарысуға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. <b>Еңбек әрекеті:</b> Спорт құралдарын орнына қою. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар топқа бөлініп, эстафета ойнайды.</i>	<i>Аю мен балалар <b>Мақсаты:</b> Ептілік, сақ болуды дамыту. <b>Еңбек әрекеті:</b> Жапырақ теру. <b>Қимылды ойын:</b> Балалар ойнап жүреді, «Аю шықты!» дегенде қаша жөнеледі.</i>
	<i>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</i>				
Балалардың үйге қайтуы	<i>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</i>				
	<i>Бүгін балалар музыка тоқтағанда «қатып қалу» ойынын ойнады. Зейінін шоғырландырып, тыңдауға үйренді. Үйде осындай «тоқта!» ойынын ойнау пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар айна алдында «кім қалай қимылдайды?» ойынын ойнады. Өзін-өзі бақылауға үйренді. Үйде айна алдында әртүрлі қимылды қайталау қызықты болады.</i>	<i>Бүгін балалар қарапайым «дөңгелек, үшбұрыш, шаршы» пішіндерден үй салды. Қиялын іске қосты. Үйде қағаздан пішін қиып, сурет құрастыруға көңіл бөліңіздер.</i>	<i>Бүгін балалар түрлі иістерді ажыратуға тырысты (гүл, сабын, жеміс). Сезім мүшелерін дамытуға талпынды. Үйде жеміс-жидектің иісін таныстырып, «Бұл не?» деп сұрау пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар сурет дәптеріне нүктелерді қосып қарапайым сурет жасады. Көз-қол үйлесімділігін дамытты. Үйде балаңызбен «нүктелерді қос» ойынын ойнау пайдалы.</i>

Тексерілді:  С.Т.Есимова

Топ: «Бәйтерек» мектепалды даярлық топ

Балалардың жасы: 5 жас

Қандай кезеңге жасалды : 27.10 – 31.10.2025ж

Тәрбиешілер: Батынова Г.К.,Кадирова М.к.

Әдіскер: Есимова С.Т.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Ән ұран қосу			Күй күмбірі – табиғатты аялауға үйрету.	
		Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу.	Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден - саулығына назар аудару	Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шап, тырнақ тазалығы
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</b>				
		<b>Әңгіме:</b> Таңғы қабылдау кезінде баланың көңіл-күйін, денсаулығын бақылау – тәрбиешінің жұмысы, ал ата-ананың міндеті – қажетті мәліметті айту. <b>Кеңес:</b> Балаңызға өз жағдайын айтуға (қал-жағдайын, көңіл-күйін білдіруге) үйретіңіз.	<b>Әңгіме:</b> Тазалық шаралары – баланың денсаулығын сақтайды, оның мәдениетін қалыптастырады. <b>Кеңес:</b> Балаңызға қолын жуған соң сүлгімен сүрту, киімін таза ұстауды үйретіңіз.	<b>Әңгіме:</b> Дұрыс тамақтану – баланың өсуі мен дамуының негізгі шарты. Жақсы тамақтанған бала сергек әрі көңілді болады. <b>Кеңес:</b> Балаңызға жеміс-жидек пен көкөністі көбірек жеуді үйретіңіз.	<b>Әңгіме:</b> Демалыс күндері тазалық шараларын сақтау – маңызды. Шап пен тырнақтың тазалығы да тәрбие белгісі. <b>Кеңес:</b> Балаңызға шашын, тырнағын таза ұстауды және уақытылы қидырып отыруды үйретіңіз.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		<b>Дид ойын:</b> «Өзім және отбасым» <b>Мақсаты:</b> Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.	<b>Дид ойын:</b> «Гүлдерді күтеміз» <b>Мақсаты:</b> балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын біледі.	<b>Дид ойын:</b> «Бұны қай кезде киеді?» <b>Мақсаты:</b> әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.	<b>Дид ойын:</b> Бақша да ма,бау да ма? <b>Мақсаты:</b> Жемістер мен көкөністертуралы біледі. олардыңайырмашылықтарын айыра алады.
	<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан</b>				
Ертеңгілік жаттығу		Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.
	<b>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b>				

Таңғы ас	<b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)		<p><b>Әңгіме:</b> – Асты өзіңе жететіндей ғана алып, ысырап етпесең – ол үлкен тәрбие. Үнемдеген бала бәрін орнымен қолданады.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Өз шамасын білетін бала жинақы, ұқыпты болады.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде асықпай шайнаймыз, қақалып қалмау үшін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас ішкенде тәртіп сақтайық: шуламаймыз, ойнамаймыз, көршімізге кедергі келтірмейміз. Бұл – мәдениеттіліктің белгісі.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Тәртіпті бала барлық жерде сыйлы болады.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, бір-бірімізге бағыттамаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ас ішкенде әр тағамнан дәрумен аламыз: сүт – сүйекке, ет – күшке, көкөніс – көзге пайдалы. Сондықтан табақтағы асты аяқтап жеуіміз керек.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Денсаулығын күткен бала өзін сенімді сезінеді.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Бістық тамақты үрлеп ішеміз, абай боламыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Бір тамшы судың да пайдасы зор. Ол гүлді өсіреді, ағашты жасартады, адамды шөлден құтқарады. Біз суды үнемдесек, табиғат та қуанады.</p> <p><b>Психологиялық тәрбие:</b> – Табиғатты ойлаған бала жауапкершілікті үйренеді.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қол жуғанда қранды қатты ашпаймыз, тамшыларды еденге төкпейміз.</p>
Кестеге сәйкес ҮІӨ	<b>«Қамқор» жобасы аясында «Біз табиғат қорғаушылармыз!» - экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында ұйғ.</b>				
		<p>Көркем әдебиет</p> <p><b>Тақырыбы:</b> Өлең жанрын ажырату</p> <p><b>Кіріспе</b> Өлеңнің әңгімеден айырмашылығын түсіндіру</p> <p><b>Міндеті</b> Өлеңді жанр ретінде таныту</p>	<p>Математика негіздері</p> <p><b>Тақырыбы:</b> Сандардың тұрақтылығы</p> <p><b>Кіріспе</b> Санның заттардың көлеміне, пішініне тәуелді еместігін түсіндіру</p> <p><b>Міндеті</b> Сан ұғымының тұрақтылығын көрсету</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>«Жайлауда»</p> <p>Тілдік орта Балалар жайлауда көргендерін айтады: «Жайлауда гүлдер көп», «Мал жайылады».</p> <p>Дыбыстық мәдениет «ү» дыбысының орнын табу («гүл», «түтін», «күн»).</p> <p>Сөздік қор «Жайлау, қой,</p>	<p>Математика негіздері</p> <p><b>Тақырыбы:</b> 0–10 дейінгі сандарды тура және кері санау</p> <p><b>Кіріспе</b> Сандарды қайталау және бекіту</p> <p><b>Міндеті</b> 0–10 дейін тура санау 10–0 дейін кері санау</p>

Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<i>Арқанын қалтын сақтауға арналған жаттығулар. Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап Бір демалып алайық.</i>	<i>Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары Ұзын құлақ сұр қоян Ести қалып сыбырды Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.</i>	<i>Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.</i>	<i>Арқанын қалтын сақтауға арналған жаттығулар. Тыныс алу жаттығулары Аю жүрді орманда Қорбаң, қорбаң, қорбаңда Көріп қалып жидекті Жұлып алып иіскеді.</i>	<i>Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар Ояту Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарап Достарымызға күлеміз.</i>

<p align="center"><b>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.</b>  <b>«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.</b>  <b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b></p>					
Бесін ас	<p align="center"><b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</b></p>				
	<p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.</p>	<p>Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.</p>	<p>Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамау. Тамақтан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.</p>	<p>Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</p>
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту. «Құпия дорба» ойыны.</b> Дорбаның ішіне ұзындық, масса, өлшейтін заттарды салу. Түсінік беру.</p>  <p><b>Сызғыш</b> – заттардың ұзындығын өлшейтін құрал. <b>Таразы</b> – дененің массасын анықтайтын құрал. Тәжірибе жасап көрсету. - Балалар кілем үстінде жарты шеңбер болып отырады. Қолдан жасаған ұшақтарын ұшыру. Қәне кімнің ұшағы алысқа ұшады-деп ұшақтарын әр жаққа жіберді. - Балалардың қайсысы ұшағын қай бағытқа жіберді? Ол қалай ұшты? - Кімнің ұшағы алысқа ұшқанын қалай білеміз? <b>Бірінші тәсіл:</b> адым</p>	<p><b>Дид ойын: «Пішіндерді ажырату»</b> <b>Шарты:</b> Геометриялық пішіндерді сипаттау, салыстыру, үшбұрыш пішінді, басқада пішіндердің ішінен табу керек.</p>  <p><b>Дид. ойын: «Алмаларды санаймыз»</b> Алма қандай пішінге ұқсайды? Тақтада қанша алма бар? Бір алма бар. (Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қоссақ қанша алма болады?) Балалар, бір алмаға және бір алма қостық. Содан неше алма шықты?</p>	<p><b>Ой қозғау.</b> <b>Әр топқа сұрақтар қою.</b> Аспанда қанша күн бар? Үшбұрыштың неше бұрышы бар? Бір жылда неше мезгіл бар? Қолғапта қанша саусақ бар? Төртбұрыштың неше бұрышы бар? Адамда неше көз бар? Жұлдыздың неше бұрышы бар? Балалар жауап береді. Берілген тапсырмадағы «Артық пішіндерді тап» атап көрсет.</p> 	<p><b>«Суреттегі цифрларды тап».</b> Мақсаты: әр жерде орналасқан цифрларды тауып, тани білу дағдыларын бекіту. Суреттегі сандарды кезекпен бір-бірден көрсету. Сұрақ қою: - Суретте қандай сандарды көріп тұрсың? <b>2- тапсырма.</b> Суретпен жұмыс. Қандай пішіндерді көріп тұрсыңдар.</p>  <p><b>«Аңдар қайда жасырынған»</b></p>  <p><b>3-тапсырма.</b> «Өз орныңды тап». <b>Мақсаты:</b> Балаларға 0-ден 5-ке дейінгі цифрларды таратып беру. «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка тоқтағанда балалар тез бір қатарға тұра қалады. Содан кейін</p>	<p><b>Қызығушылықты ояту.</b> -Балалар, қараңдаршы, бүгін біздің бөлмеге аралар ұшып келіпті.</p>  <p>Аралар бізге бал береді. Бал адам денсаулығына өте пайдалы екен. Ал аралар балды қайдан алады? –Дұрыс. гүлден алады. -Балалар, аралар гүлге қону үшін гүлдердің тапсырмасын орындауы керек екен. Аралар сендерден көмек сұрайды. Көмектесеміз бе? <b>1-тапсырма:</b> логикалық есеп: ағаштың басында 4-торғай отыр еді, оның екеуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды? -Дұрыс, 1 араны гүлге қондырайық. <b>2-гүлдің тапсырмасы.</b> -Қандай санамақ білесіңдер? 1-дегенім бесік Шықтым содан өсіп. 2-дегенім елім Өзен, тауым, көлім. 3-дегенім үміт. Үміт артар жігіт. 4-дегенім төзім. Төзе білем</p>

	<p>арқылы өлшеу. Тәрбиеші әр аттаған сайын бір дөңгелек қояды. <b>Екінші тәсіл:</b> ара қашықтықты сызғышпен өлшеу. - Біз қай ұшақтың алысқа ұшқанын анықтау үшін қандай шартты өлшеуіштерді қолдандық? Заттарды салыстыру: ұзын – қысқа</p>  <p>Заттарды ең қысқасынан ең ұзынына қарай сызып қос. Ең ұзын заттарды боя.</p>  <p>Қортынды</p>			<p>бірнеше балалардан аталған сандардың көріні сандарын атауды сұрау</p>	<p>өзім. 5-дегенім бақыт . Бағалайтын уақыт. Жарайсыңдар 2-ші араны гүлге қондырайық. <b>3-гүлдің тапсырмасы.</b> Нүктелерді қосып, қандай пішін шыққанын ата.</p>  <p>Жарайсыңдар, келесі араны гүлге қондырайық. <b>Сергіту сәті.</b> Оң қолымда 5 саусақ, Сол қолымда 5 саусақ. Алақанды ашамыз, 5-ті 5-ке қосамыз. Алақанды ашамыз. <b>Аралар рақмет айтып гүлден шырын жинайды</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>«Санау әні» Сандарды жаттаймын алақай, Санаудың да келді кезегі. 1,2,3, балақай Қайталаймыз асықпай. 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10. 1-10 дейін мен Санауды білемін Енді керісінше әндетем, Балалар, қосылыңдар. 10,9,8,7,6,5,4,3,2,1 1,2,3,4,5 тамаша 6,7,8,9,10-ла-ла-ла. Мен ақылдымын бәрінен</p>	<p><b>Дид ойын: «Жетіспей тұрған санды орнына қой»</b> <b>Шарты:</b> Берілген мысалдарды орындау.</p>  <p><b>Жансерік, Дінмұхамед,</b></p>	<p>Кұртақандардың қолындағы пішіндерді ата және шаршыны көрсет.</p>  <p><b>Дид ойын: «Тізбекті жалға»</b></p> 	<p>«<b>Тапқыр болсаң, тауып көр»</b> <b>Шарты:</b> Математикадан жұмбақ есептер шешу. <b>1- тапсырма</b> Бір алма берді анасы «Аз» деп тұр оны баласы Екеуін берді тағы да Нешеу болды алмасы? <b>2- тапсырма</b> Далада жүр төрт түйе Қосылды тағы бір түйе Жалпы саны түйенің Болды, неше есепте? <b>3 -тапсырма</b> Айманда болды 5 алмұрт Әселге берді 2 алмұрт</p>	<p><b>Дид ойын: « Сөз ойла, тез ойла »</b> <b>Шарты:</b> бағдаршам, мысық, жолбарыс, құлпынай сөздеріне сөйлем құрау. <b>Дид ойын:«Буындардан сөз құрау»</b> 1. Үш 2. Тар. 3 Ал. 4. Са - Осы сөзді қатыстырып сөйлем құрастыр. <b>Ерсұлтан,Ислам,Нұрыхан</b></p>

	<i>Сен де санауды үйрен. Маржан, Айбек, Хангерей</i>	<b>Алдияр</b>	<b>Хангелді, Жанарыс, Айлин</b>	<i>Айманның қалды қолында Есептеші неше алмұрт Айғаным, Айсұлу, Мейіржан</i>	
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.</i>	<i>Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>	<i>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>
Серуен	<b>«Отын тереміз»</b> <b>Міндеті:</b> Баланы еңбекке баулу, жүгіру мен илуді дамыту. <b>Шарты:</b> Балалар алаңда жатқан таяқшаларды (отын) жинап, себетке салады.	<b>«Ит пен мысық»</b> <b>Міндеті:</b> Зейінділік пен шапшаңдықты дамыту. <b>Шарты:</b> Бір бала – ит, қалғандары – мысық. Ит артынан қуып жетуге тырысады, ал мысықтар белгіленген орынға қашып үлгеруі керек.	<b>«Жел соқты»</b> <b>Міндеті:</b> Денені сергіту, ырғағын сақтау. <b>Шарты:</b> Балалар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші «жел оңнан соқты» десе, барлығы оңға айналады, «солдан» десе – солға.	<b>«Аю оянды»</b> <b>Міндеті:</b> Есту реакциясын және тез әрекет ету дағдыларын жетілдіру. <b>Шарты:</b> Бір бала – аю, ол «ұйықтап жатады». Балалар «жеміс теріп» жүреді. «Аю оянды!» дегенде бәрі жүгіріп қашады.	<b>«Кімнің қолғапы жоғалды?»</b> <b>Міндеті:</b> Зейінділік пен есте сақтауды дамыту. <b>Шарты:</b> Бір бала сыртқа шығып тұрған кезде, бір баланың қолғапы тығылып қалады. Ол келген соң, кімнің қолғапы жоғалғанын табуы керек.
<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың үйге қайтуы	<b>Өнегелі-15 минут. Балалардың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.</b>				
	<i>Бүгін балалар құммен және табиғи материалдармен ойнады. Ұсақ қол моторикасы дамып, заттарды ажыратып, топтастыруға үйренді. Үйде бірге құммен, су немесе түрлі дәндермен ойнауға жағдай жасасаңыздар пайдалы болады.</i>	<i>Бүгін балалар мозаика құрап, пазл жинады. Шыдамдылық пен зейіндерін дамытуға тырысты. Үйде қарапайым пазлдар немесе құрастыру ойындарын бірге ойнауға көңіл бөлсеңіздер жақсы болады.</i>	<i>Бүгін балалар табиғат туралы әңгіме тыңдап, суреттерді қарастырды. Қоршаған ортаға қызығушылық танытып, өз ойларын жеткізуге талпынды. Үйде бірге өсімдіктерді, жануарларды бақылап, олардың атауларын қайталау пайдалы болады.</i>	<i>Бүгін балалар топпен бірге ән айтып, ырғақты қимылдар жасады. Бір-бірімен ынтымақтаса әрекет етуге үйренді. Үйде балаңызбен бірге шағын әндерді шырқап, қол шапалақтау немесе қарапайым қимылдар қосуға көңіл бөлсеңіздер тиімді.</i>	<i>Бүгін балалар ермексаздан түрлі пішіндер жасады. Қол икемділігін дамытып, қиялын іске қосты. Үйде ермексазбен немесе қамырмен ойнауға уақыт бөлсеңіздер пайдалы болады.</i>

Тексерілді:



С.Т.Есимова.

Топ: «Бәйтерек» мад тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Қандай кезеңге жасалды : 24.11 – 28.11.2025ж

Тәрбиешілер: Батынова Г.Қ., Кадирова М.К.

Әдіскер: Есимова С.Т.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Ән ұран – баланың жүрегіне ұлттық тәрбие нұрын себу</i>			<i>Күй күмбірі- Қоңыр домбыра үнімен баланы мейіріммен қарсы алу, өнерге баулу</i>	
	<i>Баланы жылы шыраймен қарсы алып, сенімді атмосфера қалыптастыру. Көңіл-күйін сұрап, қысқа сұхбат жүргізу («Бүгін өзіңді қалай сезініп тұрсың?»). Дене қызуын өлшеп, денсаулығына назар аудару. Киімдерін шешіп, аяқ киімін ауыстыруға бағыттау.</i>	<i>Баланы жылы қарсы алып, көңіл-күйін көтеретін әңгіме қозғау. Ата-анадан баланың кешегі іс-әрекеттері туралы қысқа мәлімет алу. Дене қызуын өлшеп, жалпы жағдайын бақылау.</i>	<i>Баланы есімімен атап, жылы сөздермен қарсы алу. Көңіл-күйін бақылап, қажет болса ата-анасымен сөйлесу. Дене қызуын өлшеу, көз-құлақ жағдайын сырттай қадағалау.</i>	<i>Баланы жылы сөзбен қарсы алып, «бүгінгі күніңді не нәрсе қуантады?» деп сұрау. Ата-анасынан баланың таңғы асқа тәбеті туралы қысқа ақпарат алу. Дене қызуын өлшеп, жалпы жағдайын медициналық бақылауға алу.</i>	<i>Баланы есімімен атап, шағын әзіл немесе жылы сөзбен қарсы алу. Денсаулық жағдайын бақылап, қажет болса медбикеке бағыттау. Киімдерін шешкен соң, ойын бұрышына қысқаша бағыттау арқылы көңілін</i>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</b>				
	<i>Табиғатты қорғау – болашақ ұрпаққа аманат екендігі жайлы әңгімелесу. Кеңес: Қоқысты бей-берекет тастамауды үйретіңіз.</i>	<i>Кітап оқу – баланың қиялы мен тілін дамытатыны жайлы әңгімелесу. Кеңес: Күн сайын кем дегенде 10 минут кітап оқуға уақыт бөліңіз.</i>	<i>Достық – бала өміріндегі ең қымбат қарым-қатынастың бірі екендігі жайлы әңгімелесу. Кеңес: Достарына көмектесуді және сыйлауды үйретіңіз.</i>	<i>Музыка мен өнер – баланың жан дүниесін байытатыны жайлы әңгімелесу. Кеңес: Үйде әуен тыңдап, бірге ән айтуға жағдай жасаңыз.</i>	<i>Еңбек – баланы жауапкершілікке тәрбиелейтіні жайлы әңгімелесу. Кеңес: Үй шаруасына аз да болса көмектесуге мүмкіндік беріңіз.</i>
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	<b>Қайсысы қайда тіршілік етеді</b> <i>Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздікқорын молайту.</i>	<b>«Экологиялық бағдаршам»</b> <i>Мақсаты: Балаларды табиғат сұлулығын көріп, сезіне білуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу.</i>	<b>«Әдемі гүл»</b> <i>Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту</i>	<b>«Өз мекеніне орналастыр»</b> <i>Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата білуге үйрету. Үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін білуге үйрету.</i>	<b>«Бұл қай мезгіл?»</b> <i>Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.</i>
<b>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасымен жұмыс.</b>					

Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені.
<b>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</b>					
Таңғы ас	<b>Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту</b>				
	<p><b>Әңгіме:</b> – Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Суды дұрыс пайдаланған адам табиғатты қорғайды. Жуынғанда немесе ыдыс жуғанда суды ағызып қоймай, тек қажетіне қолдануымыз керек.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Су ішкенде асықпай жұтамыз, күліп сөйлеп ішпейміз. Бұл – қауіпсіздіктің бір шарты.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	<p><b>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</b> <b>Ойын: «Қайсысы еңбек?»</b> Тәрбиеші: «Мен қазір іс-әрекеттерді айтамын, сендер оның еңбек пе, әлде ойын ба екенін айтасыңдар: – Үй жинау (еңбек), – Доп тебу (ойын), – Гүл егу (еңбек), – Қуыршақпен ойнау (ойын).» <b>Мағынасы:</b> балаларды еңбекті ажырата білуге үйрету</p>	<p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> <b>Ойын: «Бір сөз – көп сөйлем»</b> Тәрбиеші бір сөз айтады (мысалы: «Дос»). Балалар кезекпен сол сөзді қатыстырған сөйлем құрайды: – «Менің досым бар». – «Досыммен ойнаймын». – «Досым маған көмектесті». <b>Мағынасы:</b> бір сөзді түрлі сөйлемде қолдануға, ойды толық жеткізуге үйрету.</p>	<p><b>«Қамқор» жобасы</b> <b>Ойын: «Жақсы сөзді жалғастыр»</b> Тәрбиеші: «Мен жақсы сөз айтамын, сендер жалғастырыңдар. – «Ана ...» (балалар: «мейірімді»); – «Дос ...» (балалар: «сенімді»); – «Әке ...» (балалар: «қамқор»).» <b>Мағынасы:</b> әдемі сөйлеуге, қамқорлықты сөзбен білдіруге үйрету.</p>	<p><b>«Шабыт» жобасы</b> <b>Ойын: «Өнерлі кім екен?»</b> Тәрбиеші: «Ән айтқысы келген кім бар? Би билегісі келген кім бар? Сурет салып көргісі келген кім бар?» – деп сұрайды. Балалар кезекпен кішкентай өнерін көрсетеді. <b>Мағынасы:</b> балаларды өз қабілетін көрсетуге, шығармашылыққа шабыттандыру.</p>	<p><b>«Смарт бала» жобасы</b> <b>Ойын: «Сұрақ пен жауап»</b> Тәрбиеші: «Кімге қойылған сұраққа дұрыс әрі тез жауап береді екен? – «Аспанда не ұшады?» (құс, ұшақ). – «Түнде аспанда не жанады?» (жұлдыз, ай). – «Адамға не керек?» (су, ауа, тамақ).» <b>Мағынасы:</b> тапқырлыққа, дұрыс жауап беруге дағдыландыру.</p>
Кестеге сәйкес	<b>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында үіә.</b>				


<p>ҮІӨ</p>	<p><b>Тіл дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> Әдепті бала  <b>Кіріспе:</b> Сөйлеу кезінде әдептілік пен мәдениеттіліктің маңызын түсіндіру  <b>Міндеті:</b>  Сөйлеу әдебін қалыптастыру  Сыпайы сөздерді қолдануға дағдыландыру  Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстауға үйрету  <b>Әдісі:</b> Рөлдік ойын «Кездесу», «Сәлемдесуді ұмытпа!»  <b>Тапсырмасы:</b>  Сәлемдесу, алғыс айту, өтіну, қоштасу сөздерін қолдану  Қысқа диалог құрастыру  – Сәлем, Айсұлу  – Сәлем, Айбек Қалың қалай</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Сөз және дыбыс  <b>Кіріспе:</b> Әрбір сөз дыбыстардан құралатынын түсіндіру  <b>Міндеті:</b>  Сөз бен дыбыстың айырмашылығын ажырату  Сөзді дыбыстық талдау арқылы айту  <b>Әдісі:</b> Түсіндіру, талдау, ойын «Сөздің басы қандай дыбыс?»  <b>Тапсырмасы:</b></p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> Ертегіні сахналаймыз  <b>Кіріспе:</b> Балаларды шығарманы сахнада бейнелеуге баулу  <b>Міндеті:</b>  Рөлдерді бөліп ойнау  Мәнерлі сөйлеуге және қимылды үйлестіруге үйрету  Ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу  <b>Әдісі:</b> Сахналық көрініс, ойын, әңгімелеу  <b>Тапсырмасы:</b>  Балалар «Шалқан» ертегісін рөлге бөліп ойнайды  Тәрбиеленушілердің дауыс ырғағы, қимылы бақыланады  <b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Түстер әлемі  <b>Кіріспе:</b> Түстерді тану және бояу дағдысын жетілдіру  <b>Міндеті:</b>  Негізгі түстерді атауға және тануға үйрету  Бояу құралын дұрыс пайдалануға баулу  <b>Әдісі:</b> Көрсету, бояу, салыстыру  <b>Тапсырмасы:</b>  Қызыл, көк, сары түстермен сурет бояу  <b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>  Қолды жоғары көтеріп, айналдыру, алға еңкею.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Сәйкес келмейтін затты тап  <b>Кіріспе:</b> Топтағы заттардың ішінен сәйкес келмейтінін анықтауға үйрету  <b>Міндеті:</b>  Белгілері бойынша салыстыра білу  2-3 қасиеті бойынша ерекшеленетін затты табу  <b>Әдісі:</b> Ойын «Қайсысы артық?», топтық талдау  <b>Тапсырмасы:</b>  Пішіндер: үшбұрыш, дөңгелек, төртбұрыш, қасық — артық затты табу</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бәрін қайталап еске түсіреміз  <b>Кіріспе:</b> Алдыңғы сабақтарда үйренген білім мен дағдыларды бекіту  <b>Міндеті:</b>  Сөздердің мағынасын еске түсіру  Дыбыстық талдауды қайталау  Фигуралар мен жеміс суреттерін бояуды пысықтау  <b>Әдісі:</b> Қайталау, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс  <b>Тапсырмасы:</b>  Балалар суреттерді бастырып бояйды, сөздерді дыбыстарға бөледі, мағынасын түсіндіреді</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  «Мал шаруашылығы»  <b>Сөздік жұмысы:</b>  қора, жайлау, қыстау, соғым, сыбаға, жем, астау.  <b>Әңгімелесу:</b>  – Мал қайда тұрады?  – Адамдар малға қалай күтім жасайды?  <b>Тілдік жаттығу:</b>  Септеу: қорада, жайлауда, астауға, жемге.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  – Әкем малды жайлауға айдап барады.  – Қорада сиыр мен жылқы бар.  – Ата соғымға ет дайындап жатыр.  <b>Ойын:</b> «Қай малдың даусы?»  Тәрбиеші дыбыс шығарады, бала табады:  М-мәә! – қой, мө-ө! – сиыр, иі-і! – ешкі</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> Менің сүйікті ертегім  <b>Кіріспе:</b> Баланың өз таңдауы бойынша ертегіні айтып беруіне мүмкіндік жасау  <b>Міндеті:</b>  Өз қалаған шығармасын баяндап айту  Кейіпкерлерге өз көзқарасын білдіру  Шығармашылықпен сөйлеуін дамыту</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Өлшеу және салыстыру  <b>Кіріспе:</b> Шартты өлшеммен бірнеше заттың ұзындығын өлшеу  <b>Міндеті:</b>  Өлшеу құралын дұрыс пайдалануға үйрету  Өлшем нәтижесін салыстыру  <b>Әдісі:</b> Тәжірибе, сұрақ-жауап, бақылау  <b>Тапсырмасы:</b>  Үш түрлі жолақтың ұзындығын қарындаш арқылы өлшеп салыстыру</p> <p><b>Қазақ тілі</b>  «Егіншілік пен жер еңбегі»  <b>Сөздік жұмысы:</b>  дән, тұқым, егіс, отау, ору, диірмен, орақ, айыр, күрек, соқа.  <b>Фонематикалық жұмыс:</b>  Дыбыстардың орнын анықтау: соқа (с – басы), диірмен (р – ортасы), күрек (к – соңы).  <b>Грамматикалық жаттығу:</b>  Жіктеу: Мен егемін, сен суарасың, ол орады.  <b>Ойын:</b> «Егін егеміз»  Балалар рөлдік ойын ойнайды: тұқым себу, суару, ору.  <b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  – Көктемде дән егіледі.  – Жазда суарылады.  – Күзде орып, диірменге апарады.</p>
------------	---	--	---	---	---

<p><i>Ара, тау, нан, гүл сөздерін дыбыстарға бөлу</i></p> <p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> <i>Барлық бұлшықетке арналған жаттығуларды қайталау (қол, арқа, аяқ).</i></p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> <i>Жүгіру, секіру, бағыт өзгерту, жүру.</i></p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> <i>Музыкамен үйлескен қозғалыстар кешені.</i></p> <p><b>Спорттық ойын элементтері:</b> <i>Футбол және эстафета элементтері.</i></p> <p><b>Қимылды ойын:</b> <i>«Кім мықты?» — жарыс түрінде.</i></p> <p><b>Салауатты өмір салты:</b> <i>«Денім сау болу үшін не істеу керек?» әңгімесі.</i></p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> <i>Жеке гигиенаны сақтау, бір-біріне көмектесу.</i></p> <p><b>Сауықтыру шаралары:</b> <i>Қол және табан жаттығулары, серуенде белсенді ойын.</i></p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> <i>Еңбек және</i></p>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> <i>Жарыс түрінде жүгіру (20 м), кедергіден өту.</i></p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> <i>Әуенмен секіру, бұрылу, ырғаққа сай қозғалыс.</i></p> <p><b>Қимылды ойын:</b> <i>«Жарыс жолы» — балалар топпен эстафета түрінде жарысады.</i></p> <p><b>Салауатты өмір салты:</b> <i>Дұрыс қозғалыстың маңызы.</i></p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> <i>Асхана құралдарын пайдалану мәдениетін бекіту.</i></p> <p><b>Сауықтыру шаралары:</b> <i>Таңертеңгі жаттығу мен тыныс алу.</i></p> <p><b>Мүсіндеу</b> <b>Жапсыру</b> <b>Сурет салу</b> <b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> <i>Менің әдемі үйім</i></p> <p><b>Кіріспе:</b> <i>Балаларды қоршаған ортадағы заттар мен ғимараттардың құрылымын, пішінін бақылауға және өз қиялымен бейнелеуге үйрету.</i></p> <p><b>Міндеті:</b> <i>Заттың пішіні мен бөліктерінің пропорциясын</i></p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b> <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> <i>Қол мен аяқ бұлшықеттерін созу, тепе-теңдік сақтау.</i></p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> <i>Жүгіру, секіру, эстафета элементтері бар қозғалыстар.</i></p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> <i>Музыкамен еркін би қимылдарын орындау.</i></p> <p><b>Қимылды ойын:</b> <i>«Барлығын қайталайық!» — барлық үйренген қимылдарды қайталау ойыны.</i></p> <p><b>Салауатты өмір салты:</b> <i>Денсаулықты сақтау үшін белсенді болудың пайдасы.</i></p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> <i>Күнделікті тазалық дағдыларын бекіту.</i></p> <p><b>Сауықтыру шаралары:</b> <i>Серуендегі шынықтыру ойындары, аяқ бұлшықеттерін дамыту.</i></p> <p><b>Тіл дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> <i>Ертегіні жалғастыр</i></p> <p><b>Кіріспе:</b> <i>Балалардың шығармашылық ойлауын дамыту және еркін сөйлеуге жағдай жасау</i></p> <p><b>Міндеті:</b></p>	<p><b>Әдісі:</b> <i>Әңгімелеу, жеке жұмыс, көрініс элементтері</i></p> <p><b>Тапсырмасы:</b> <i>Әр бала сүйікті ертегісін таңдап, қысқаша мазмұнын эмоциямен айтып береді</i></p> <p><i>Қалаған кейіпкерінің рөлін ойнап көрсетеді</i></p> <p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> <i>Барлығын қайталап пысықтаймыз</i></p> <p><b>Кіріспе:</b> <i>Бұрын өткен білім мен дағдыларды бекіту</i></p> <p><b>Міндеті:</b> <i>Заттарды шамасына, түсіне, пішініне қарай салыстыру</i></p> <p><i>Өлшеу және ретімен орналастыруды қайталау</i></p> <p><b>Әдісі:</b> <i>Ойын, сұрақ-жауап, топтық жұмыс</i></p> <p><b>Тапсырмасы:</b> <i>5 түрлі затты үлкеннен кішіге, ұзынынан қысқаға қарай орналастыру</i></p> <p><i>Пішіндерді және түстерді атап, сипаттау</i></p> <p><b>Музыка</b> <b>«Музыкалық көңілді оркестр»</b> <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> <i>«Сәлем, оркестр!» әнімен амандасу.</i></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> <i>Оркестр орындауындағы қазақ күйлері мен балалар әндерінің нұсқалары тыңдалады.</i></p>	<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b> <b>Тақырыбы:</b> <i>Адам еңбегімен жасалған</i></p> <p><b>Кіріспе:</b> <i>Айналадағы заттардың адам еңбегімен жасалатынын түсіндіру</i></p> <p><b>Міндеті:</b> <i>Заттарға ұқыпты қарауға, еңбектің нәтижесін бағалауға үйрету</i></p> <p><i>Шығармашылық әрекеттердің маңызын түсіндіру</i></p> <p><b>Әдісі:</b> <i>Көрсету, әңгімелеу, ойын «Адам еңбегімен жасалған»</i></p> <p><b>Тапсырмасы:</b> <i>Ойыншықтар мен құралдарды қарап, олардың неден және кімнің еңбегімен жасалғанын талқылау</i></p> <p><b>Музыка</b> <b>«Қош бол, музыка әлемі!»</b> <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> <i>Өткен сабақтардағы сүйікті амандасу әндерін орындау.</i></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> <i>Балалардың ең ұнаған шығармаларын тыңдау және талдау.</i></p> <p><b>Ән айту:</b> <i>«Біздің әніміз» – балалардың таңдаулы әндері.</i></p> <p><b>Би шығармашылығы:</b> <i>Балалар өздері ойлап тапқан қимылдармен ортақ би орындайды.</i></p>
---	---	--	--	---

	<p><i>табиғат</i> <b>Кіріспе:</b> Табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасаудың маңызын түсіндіру</p> <p><b>Міндеті:</b> Өсімдіктер мен жануарларға қамқор болуға үйрету</p> <p>Күтім жасау кезінде ұқыптылық пен жауапкершілікке тәрбиелеу</p> <p><b>Әдісі:</b> Бақылау, әңгімелеу, іс-әрекет арқылы үйрету</p> <p><b>Тапсырмасы:</b> Балалар гүлге су құяды, аквариумды тазалауға көмектеседі</p>	<p><i>дұрыс жеткізу</i> Материалмен жұмыс кезінде ұқыптылық пен дербестікті қалыптастыру</p> <p>Бейнелеу мен құрастыру әдістерін біріктіру</p> <p><b>Әдісі:</b> Көрсету, әңгімелеу, тәжірибелік жұмыс</p> <p><b>Тапсырмасы:</b> – Үйдің суретін салу және терезе, есік бөліктерін бояу – Пластиннен үйдің бөлшектерін (түтін шығатын мұржа, есік) мүсіндеу – Қағаздан ағаш пен бұлттарды қиып, жапсыру – Конструктордан үй макетін немесе қоршауын құрастыру</p>	<p><i>Ойдан оқиға құрастыруға ынталандыру</i> Сөйлемдерді байланыстырып айтуға үйрету</p> <p><b>Әдісі:</b> Әңгімелеу, ойын «Ертегіні жалғастыр»</p> <p><b>Тапсырмасы:</b> Тәрбиеші ертегі бастайды: Бір күні орманда кішкентай қоян жолға шықты... Балалар өз ойымен жалғастырады</p>	<p><b>Ән айту:</b> «Оркестрде ойнаймыз» әні. Дауысты айқын және ырғақпен айту.</p> <p><b>Қимыл:</b> Аспаптар дыбысын қимылмен бейнелеу (скрипка – қол қозғалысы, барабан – соғу).</p> <p><b>Аспап:</b> Барлық балалар бірге шағын оркестр құрып ойнайды.</p> <p><b>Қоштасу кезеңі:</b> Әуен ырғағымен бірге иіліп қоштасу.</p>	<p><b>Аспап:</b> Музыкалық сүйемелдеумен ансамбль түрінде орындау.</p> <p><b>Қоштасу кезеңі:</b> «Қош бол, музыка әлемі!» әнімен сабақты аяқтау.</p>
Серуенге дайындық	<p><b>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b></p>				
	<p><i>Балаларға серуен алдында өз ойыншықтары мен кітаптарын орнына қоюды үйрету.</i> Киімдерін ұқыпты киюге баулу: бас киімді дұрыс кию, шарфын тағу. Серуен кезінде тәртіп сақтау, асықпай жүру туралы әңгімелеу. Киіну кезінде бір-біріне көмектесуге баулу.</p>	<p><i>Серуенге шығар алдында әңгіме жүргізу</i> Жеңіл күртеше мен қалың күртені ажыратуды түсіндіру. Киімін дұрыс іліп қоюға баулу. Балаларды топпен бірге жүруге, тәрбиеші сөзін тыңдауға дағдыландыру.</p>	<p><i>Серуен алдында бөлмені жинақтап, үстел үстіндегі заттарды орнына қоюға үйрету.</i> Қолғап, бас киім, шарфты дұрыс қолдануды көрсету. Аяқ киімнің бауын дұрыс байлауды бекіту. Қатармен жүргенде тыныштық сақтауды қадағалау.</p>	<p><i>Балаларға серуенге шыққанда денсаулықты сақтаудың маңызын түсіндіру (суықтап қалмау үшін жылы киіну).</i> Киімдерін рет-ретімен киюге дағдыландыру: алдымен ішкі киім, содан кейін сырт киім. Шалбар мен белдемшені дұрыс киюді бақылау. Серуенге шыққанда тәртіп бұзбауды, тәрбиешіден алыс кетпеуді ескерту.</p>	<p><i>Серуен алдында бір-біріне көмектесу: достарына жәрдемдесу.</i> Жейденің түймесін дұрыс қадап, күртенің ілгегін жабуды қадағалау. Аяқ киімін дұрыс шешіп, шкафқа ұқыпты қоюды үйрету. Серуен кезінде табиғатты бақылау және жолдастарымен мәдениетті қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.</p>
Серуен	<b>Картотека № 13</b> Күнді бақылау.	<b>Картотека №14</b> Мысықты бақылау	<b>Картотека № 16</b> Аула сыпырушының	<b>Картотека № 18</b> Жәндіктерді бақылау.	<b>Картотека №19</b> Ауа- райының салқындауын

			жұмысын бақылау		бақылау.
<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Күз серуен картотекасынан</b>					
Серуеннен оралу	<b>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</b>				
	<p><b>Серуеннен оралу:</b> Балаларға киімдерін реттілікпен шешіп, өз сөрелеріне ұқыпты жинауды үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Балалардың қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету. Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде суды шашпай, әдептен қолдануды түсіндіру.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Барлық балалардың қолдарын жууын қадағалап, тамаққа ұқыптылықпен дайындалуға дағдыландыр</p>	<p><b>Серуеннен оралу:</b> Балаларға киімдерін шешіп, сөрелеріне жинаудың маңызын түсіндіру.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жуып, сүлгілерін қолдануды талап ету. Балаларды тазалыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну барысында суды үнемді пайдаланып, шашпауға баулу.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Қолдарын мұқият жуып, ас ішуге таза отыруға дағдыландыру.</p>	<p><b>Серуеннен оралу:</b> Киімдерін шешкеннен кейін ұқыпты бұктеп, өз орнына қоюды үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Әр бала қолын сабындап жуып, сүлгісін қолдануға үйренеді. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Балаларды сумен ойнамауға, жуыну кезінде тәртіп сақтауға шақыру.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Тамаққа бармас бұрын балалардың толықтай қол жуғанын тексеру.</p>	<p><b>Серуеннен оралу:</b> Балаларды киімдерін дұрыс шешуге, шкафтағы орнына жинауға үйрету.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын мұқият сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінууді талап ету. Жеке бас тазалығын сақтауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуынғанда сумен ойнамауды, еденді шашпауға үйрету.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Балаларға ас алдында тазалық сақтаудың маңызын түсіндіріп, қол жууын бақылау.</p>	<p><b>Серуеннен оралу:</b> Киімдерін ретімен шешіп, сөрелеріне жинауға, ұқыпты болуға үйрету. Егер киімдері кір болса, тәрбиешіге көрсетуге дағдыландыру.</p> <p><b>Тазалық процедуралары:</b> Қолдарын сабындап жуып, жеке сүлгісін пайдалануын қадағалау. Балаларды әдептілікке, тазалыққа баулу.</p> <p><b>Гигиеналық шаралар:</b> Жуыну кезінде сумен ойнамауды, тәртіпті сақтауды ескерту.</p> <p><b>Түскі асқа дайындық:</b> Тазалықты сақтап, ұқыпты түрде түскі асқа дайындалуға бағыттау.</p>
Түскі ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</b>				
	<p><b>Әңгіме:</b> – Ұқыпты бала әрқашан үнемді болады. Ол суды да, тағамды да ысырап етпейді. Ұқыптылық – жақсы мінездің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішіп отырғанда арқамызды түзу ұстап отырамыз. Бұл денсаулыққа пайдалы әрі ыңғайсыз жағдайдың алдын алады.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Бір түйір дәннің артында көп еңбек бар. Асты төкпей, үстелді былғамай, таза ұстау – мәдениеттің көрінісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкен кезде орыннан тұрып жүгірмейміз. Қолымыздағы ыдыс сынуы немесе төгілуі мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> Бүгін біз ас үстіндегі әдептілікті тағы да еске түсірейік. Ас үстінде тыныш отырып, тамақтанған дұрыс.</p> <p><b>Кеңес:</b> Тамақтың әрқайсысы денсаулыққа пайдалы. Сондықтан асты тауысып жеген жөн. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтып, бет-қолымызды жууды ұмытпайық.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Балалар, ас ішкенде көзіміз тойып, көп алып қоюға болмайды. Өзімізге қажет мөлшерді ғана алып, тауысып жеген дұрыс. Бұл – үнемділіктің белгісі.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Ыдысты үстел үстінде ұстап, абайлап пайдаланамыз. Қолды сермеп сөйлемейміз, өйткені ыстық ас төгіліп кетуі мүмкін.</p>	<p><b>Әңгіме:</b> – Дастарқан басында бір-бірімізге сыйластықпен қарағанымыз дұрыс. Әркім өзіне қажеттісін алып, өзгеге де жеткізу – әдептілік.</p> <p><b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымыздағы шанышқы сияқты құралдарды абайлап қолданамыз. Оларды ойнауға пайдаланбаймыз</p>
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында балалардың киімдерін ұқыпты жинап қоюына	Балаларды бірізділікпен киімдерін шешіп, орындыққа немесе шкафқа	Киімдерін шешкенде балалардың ұқыпты әрекет етуіне назар аударту.	Балаларды ұйықтар алдында киімдерін ретімен шешіп, әдемілеп бұктеуге	Киімдерін шешкен соң, әр баланың өз орнында реттеп қоюын қадағалау.

	көңіл бөлу. Өздерінің төсек-орнын дайындап, ыңғайлап жатуға дағдыландыру. Ұйқы алдында бөлмені желдетіп, таза ауа кіргізу. Балаларға төсекке жатарда артық әңгімелеспей, тыныш жатуды үйрету	қоюға дағдыландыру. Ұйықтар алдында төсектерін мұқият жаюға бағыт беру. Бөлмеде тыныштық пен жайлы ахуал қалыптастыру. Ұйықтар алдында асықпай, сабырмен әрекет етуге кеңес беру.	Ұйықтар алдында өз төсек-орнын дұрыстап дайындап жатуды пысықтау. Бөлмеде жарықты бәсеңдетіп, тыныштық орнату арқылы ұйқыға қолайлы жағдай жасау. Балаларға төсек жанында ойнамауды, қауіпсіздікті сақтау керектігін еске салу.	үйрету. Әрқайсысының өз төсегін жайып, жастығы мен көрпесін дұрыс орналастыруын қадағалау. Балаларға төсекке дұрыс жатуды және артық қозғалыс жасамауды ескерту	Төсегін дұрыстап жаюға, жастық пен көрпесін орнықтырып жатуға бағыттау. Балаларға қауіпсіздік ережелерін тағы бір рет еске салу және ұқыпты болуға үйрету.
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<b>Ояну</b> Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқымишайдай ашылды	<b>Ояну</b> Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	<b>Ояну</b> Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылыпбіралайық.	<b>Ояну</b> Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.	<b>Ояну</b> Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
<b>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып кіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>					
Бесін ас	<b>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</b>				
	<b>Әңгіме:</b> – Тамақ ішіп болған соң «Рахмет» айту – үлкенге құрмет, кішіге өнеге. Алғыс айту – әдептің көрінісі. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде шуламаймыз, қасымыздағы адамдарға бөгет жасамаймыз. Үндемей отырып ас ішсек, барлығына ыңғайлы болады.	<b>Әңгіме:</b> – Асты ысырап етпей, аздап алып, тауысып жеу – жақсы әдет. Артық қалған тамақ төгілсе, ол – еңбекті бағаламау болып саналады. <b>Қауіпсіздік:</b> – Тамақты асығып жұтпаймыз, жақсылап шайнаймыз. Бұл – ас қорытуға пайдалы әрі қауіпсіздік ережесі	<b>Әңгіме:</b> – Әдепті бала дастарқан басында тәртіп сақтайды, тамақты тыныш ішеді. Тамақ үстінде ойнамай, қасындағы адамдарға құрметпен қарайды. <b>Қауіпсіздік:</b> – Қолымыздағы қасық пен шанышқыны дұрыс ұстаймыз. Оларды сермен, бір-бірімізге бағыттамаймыз.	<b>Әңгіме:</b> – Тамақ ішкенде дұрыс отырып, тәртіп сақтайық. Үстелде қисайып отырсақ, ыдысты төгіп алуымыз мүмкін. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас үстінде қатты дауыстап сөйлемейміз. Бұл – өзімізге де, қасымыздағы балаларға да қауіпсіз.	<b>Әңгіме:</b> – Әр тағам – еңбектің жемісі. Артық алып қалдырмай, тауысып жеу – еңбекті бағалау. Асқа құрметпен қараған бала – тәрбиелі бала. <b>Қауіпсіздік:</b> – Ас ішкенде орыннан тұрып кетпейміз, ойнап жүгірмейміз. Бұл – жарақаттың алдын алады.
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),	<b>«Smart bala» жобасы «Мен – зерттеушімін» - өнертанқыштыққа алғашқы қадам негізінде.</b>				
	<b>Адасқан құмырсқа ертегісі. Қызығушылықтарын ояту.</b> Жұмбақ жасыру. Кылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен. (құмырсқа)	<b>Тақырыбы: «Қызыл телпек»</b> <b>Кіріспе әңгіме.</b> -Балалар сендер қандай ертегілерді білесіңдер? Балалардың жауабы.	<b>Тақырыбы: Қоянның үйі АҚТ. Ертегі кітап</b> Сиқырлы кітап өте әдемі екен. Ашып қарайық. Сиқырлы кітап сендерден сұрайды; Мына	<b>Тақырыбы: Түлкі мен ешкі Қызығушылық-тарын ояту.</b> Жұмбақ жасыру. Өзі бір қу, Жүрген жері айғай-шу.	<b>Тақырыбы: Мақтаншақ қоян. Ширату әдісі</b> 1. Жұмбақ жасыру: Қалқиып ұзын құлағы Елеңдеп қорқып тұрады (қоян) 2. Қоян туралы жалпы түсінік

<p>бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p><i>Ертегіні айтып беру</i></p>  <p><i>Ертегі желісі бойынша сұрақ қою.</i>  <b>Ой қозғау.</b>  <i>Сұрақтар:</i>  -Ертегі қалай аталады?  -Құмырсқа нелермен дос болыпты?  -Құмырсқаның осы достарыжайлы не ойлайсыңдар?  -  Құмырсқағанелеркөмектесті?  -Кәріқұмырсқа не айтты?  Суретпен жұмыс.  жәндіктердің суретін көрсетеді, балалар атын атап, дыбысын салады.  Ертегіні сахналау.  Қорытындылау.  Балаларды мадақтау.</p>	<p><i>Бүгін біз «Қызыл телпек»ертегісімен танысамыз.</i>  <i>Ертегіні мнемокесте арқылы т үсіндіру.</i></p>  <p><i>Балалардың өздеріне әңгімелеу. (өз түсінігі бойынша)</i>  <i>Сұрақ-жауап.</i>  -Қызыл телпек жолда немен кездесті?  -Қызыл телпек пен қасқыр қайда барды?  -Ертегі кейіпкерлерін атап өтіңдер?  Ертегіні рольдерге бөліп, сахналау.  <b>Дид.ойын: «Қай ертегі кейіпкері?»</b></p>  <p><i>Қорытынды жасау.</i></p>	<p><i>ертегілердің атын білесіңдер ме?</i>  <i>Ертегілердің суреттерін көрсету.</i>  <b>«Ойлан тап» ойыны</b>  <i>Ойынның шарты: Ертегі кейіпкерлерінің орны ауысып кетіпті.Балалар ертегі кейіпкерлерін өз орнына ретімен қойыңдар.</i>  -Ертегіде неше кейіпкер бар?  Санап көрейік.  Балаларды мадақтау.  <b>«Қоянның үйі» ертегісін оқып беру.</b></p>  <p><i>Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. — Түлкінің үйі неден жасалған?</i>  -Ал қояндікі ше?  — Түлкін не істеді?  -Қоян қандай аңдардан көмек сұрады?  <b>Сахналау.</b>  Балаларды мадақтау.  Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.</p>	<p><i>Тақтаға түлкі бейнеленген сурет ілу.</i>  <b>Миға шабул</b>  -Түлкі қандай аң?  -Түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?  Балалардың жауаптары.  <b>Ой дамыту</b>  <b>«Түлкі мен ешкі» ертегісін түсіндіру</b></p>  <p><i>Мазмұны бойынша сұрақтар қою:</i>  -Бұл ертегіде не туралы айтылған?  -Ертегіде түлкі қандай болып көрінеді?  -Ал, ешкі қандай?  -Құдық қандай екен?  <b>Сергіту сәті.</b>  Еркін ұста денеңді,  Тарсылдатпай еденді  Орнымыздан тұрып ап  Жүгірейік бір уақ.  Бір, екі, үш, бір, екі, үш.  <b>Ой қозғау</b>  Ертегіні сахналау.  <b>Қорытындылау.</b> Сұрақтар қою.  Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?  Сонымен ертегіде қандай кейіпкерлер бар екен?  Ертегі сендерге ұнады ма?</p>	<p><i>беру.</i>  <b>«Мақтаншақ қоян» ертегісі</b></p>  <p>- Балалар қоян туралы не білесіңдер?- Қандай жануар?- Қоян қай ертегілерде кездеседі?  Ертегіні оқып беру.  Ертегіні слайд бойынша түсіндіру.  - <b>Сергіту сәті.</b>  Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап.  Рольдерге бөліп, сахналау.  <b>Дид.ойын: «Қай ертегі?»</b>  Шарты: мнемокесте арқылы берілген ертегіні әңгімелеу.  Қорытындылау.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p><b>Дид ойын: «Кім тез жинайды»</b>  <i>Ойын шарты: Тәрбиеші</i></p>	<p><b>Дид ойын: «Пішінді құрастыр»</b>  <i>Ойын шарты: Балалардың</i></p>	<p><b>Дид ойын: «Артығын тап»</b>  <i>Ойын шарты: Балалардың</i></p>	<p><b>Дид ойын: «Сыңарын тап»</b>  <b>Ойын шарты: Геометриялық</b></p>	<p><b>«Сиқырлы сандық»</b>  <b>Ойын шарты:</b>  Тәрбиеші әдемі сиқырлы</p>

	балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жаспсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. <b>Арнұр, Нұргелді, Хангелді.</b>	алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек. <b>Дін-Ислам, Мейіржан, Айша.</b>	алдына аңдардың суреті бар конверт таратылады. Балалар суретті алып ненің артық екенін ажыратып табулары керек. <b>Ерсұлтан, Айлин, Алдияр</b>	пішіндерді алып, қақ орталарынан кесу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау қажет. Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. <b>Алдия, Жанарыс, Жансерік</b>	сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (Бота, құлыншақ, аю, мысық, машина). Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді. <b>М.Ислам, Аянат, Нармекен</b>
Серуенге дайындық	<b>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</b>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.	Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.	Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау
Серуен	<b>«Қар ұшады» (дайындық ойыны)</b> <b>Міндеті:</b> Қысқа кезеңге қызығушылық тудыру. <b>Шарты:</b> Ақ қағаз қиындыларын қар сияқты лақтырып, балалар «қар ұшады» деп билеп, секіреді.	<b>«Құстар жылы жаққа ұшты»</b> <b>Міндеті:</b> Кеңістікте бағдарлану қабілетін дамыту. <b>Шарты:</b> Балалар құс рөлінде оңнан солға ұшады, тәрбиеші бағыттарды ауыстырып отырады.	<b>Қимылды ойын: «Тауық пен бүркіт»</b> <b>Міндеті:</b> Жылдамдық пен батылдықты қалыптастыру. <b>Шарты:</b> Бір бала — бүркіт, қалғандары — балапандар. Бүркіт ұшып келіп, балапандарды ұстауға тырысады.	<b>«Күзгі киімдер»</b> <b>Міндеті:</b> Киім атауларын еске түсіру, киіну дағдысын бекіту. <b>Шарты:</b> Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші «иарф», «қолғап», «бас киім» дегенде, балалар сол киімнің кию қимылын жасайды.	<b>«Күзгі серуен» (қорытынды)</b> <b>Міндеті:</b> Қозғалыс, бақылау және табиғатты сүйіспеншілікпен қабылдау. <b>Шарты:</b> Балалар табиғатты аралап жүреді, жапырақ тереді, «жсел», «жаңбыр», «күн» қимылдарын қоса орындайды.
	<b>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</b>				
Балалардың үйге қайтуы	<b>Өнегелі-15 минут. Балалардың іс-әрекеті туралы әңгіме жүргізу.</b>				
	Бүгін балалар қазақтың ұлттық ойындарымен танысты. Достарымен ойнау арқылы бір-біріне құрмет көрсетуді үйренді. Үйде қарапайым ұлттық ойындарды бірге ойнасаңыздар, баланың	Бүгін балалар серуен кезінде айналаны бақылап, жапырақтарды жинады. Табиғатқа қызығушылық танытып, ұқыптылыққа үйренді. Үйде бірге жиналған жапырақтардан немесе гүлдерден шағын бұйымдар	Бүгін балалар түрлі геометриялық пішіндермен ойнады. Заттарды салыстыру, сәйкестендіру дағдыларын көрсетті. Үйде ойыншықтар немесе тұрмыстық заттар арқылы пішіндерді атауға	Бүгін балалар түрлі дыбыстарды тыңдап, қай жануарға немесе затқа тән екенін ажыратты. Тыңдау және есте сақтау қабілетін дамытуға тырысты. Үйде табиғат дыбыстарын немесе музыка тыңдап,	Бүгін балалар кітап бетінен суреттерді қарап, әңгіме құрастырды. Ой қорытып, өз қиялын әңгімеге айналдыруға талпынды. Үйде бірге кітап оқып, суреттер бойынша сұрақ қоюды әдетке

	<i>қызығушылығы артады.</i>	<i>жасауға көңіл бөлсеңіздер пайдалы.</i>	<i>көңіл бөлсеңіздер пайдалы.</i>	<i>бірге талқылау пайдалы болады.</i>	<i>айналдырсаңыздар жақсы.</i>
--	-----------------------------	---	-----------------------------------	---------------------------------------	--------------------------------

Тексерілді:  **С.Т.Есимова.**

Топ: «Бәйтерек» мектепалды даярлық топ

Балалардың жасы: 5 жас

Қандай кезеңге жасалды : 01.12 – 05.12.2025ж

Тәрбиешілер: Г.Қ. Батынова, М.К.Кадирова

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 01.12.2025ж	Сейсенбі 02.12.2025ж	Сәрсенбі 03.12.2025ж	Бейсенбі 04.12.2025ж	Жұма 05.12.2025ж
Балаларды қабылдау	Ән ұран – баланы ұлттық өнер арқылы			Күй күмбірі – ұлттық құндылықты құрметтеуге үйрету.	
	Күнделікті таңертең балалардың сырт келбетін тексеру: денесінде жара, бөртпе, көгеру бар-жоғын қарау; шашының, тырнағының тазалығына мән беру; баланың жалпы сергектігін бағалау.	Баланы топтағы достарымен амандастыру, бірге ойынға тарту. Балаға қолайлы орта қалыптастыру үшін жұмсақ сөйлесу, сенімділік беру. Эмоциялық бейімделуі қиын балаларға жеке көңіл бөлу (психологпен бірлесіп).	Баланың сырт киімін шешіп, аяқ киімін ауыстыруына көмектесу. 5–6 жастағы балаларды мүмкіндігінше <b>өз бетімен әрекет етуге</b> ынталандыру (киімін ілу, аяқ киімін шешу, қолын жуу). Мәдени-гигиеналық дағдыларды еске салу: қолды дұрыс жуу, беті-қолын сүрту, тіс тазалау.	Баланың денсаулығы, ұйқысы, тәбеті жайында қысқа ақпарат алу. Егер бала өзін жайсыз сезініп тұрса, ата-анамен бірге себебін анықтау. Қажет жағдайда ескертпелерді психологқа немесе медбикеге жеткізу.	Баланы қарсы аларда жылы шыраймен күліп амандасу. Баланың көңіл-күйін, бет-әлпетін, мінез-құлқын бақылау. «Қалай ұйықтадың?», «Көңіл-күйің қалай?» сияқты сұрақтар қою арқылы эмоциялық жағдайын білу.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<b>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала тәрбиесі туралы кеңес беру.</b>				
	Жылы сөз – баланы қуантады Әңгіме: Баланың көңіл-күйі ата-ананың жылы сөзі мен мейірімінен басталады. «Жақсы балам», «құлыным» деген сөздер кішкентайға қуаныш сыйлайды. <b>Кеңес:</b> Таңертең баланы балабақшаға күлімдеп шығарып салыңыз, жылы сөз айтыңыз.	Әңгіме: Әке, ана, ата, әже – баланың ең сүйікті жандары. Олар – баланың алғашқы мектебі. <b>Кеңес:</b> Үйде суреттерді көрсетіп, «Бұл кім?» деп сұрап, отбасы мүшелерін танытыңыз.	Қолды жуу – тазалықтың белгісі Әңгіме: Қолды сабындап жуу арқылы бала микробтан қорғанады. Бұл оның денсаулығына пайдалы. <b>Кеңес:</b> Үйде бірге қол жуу әрекетін көрсетіп, балаға әдетке айналдыруға көмектесіңіз.	«Сәлем» – сыпайылық сөзі Әңгіме: Кішкентай бала үлкендерге «Сәлем!» десе, бәрі қуанып қалады. Бұл – әдептіліктің белгісі. <b>Кеңес:</b> Сіз де күн сайын балаға амандасып үйретіңіз.	Ертегі тыңдау – сөзді дамытуға көмектеседі Әңгіме: Ертегі тыңдаған бала жаңа сөздер үйренеді, қиялы дамиды. <b>Кеңес:</b> Кешкісін қысқа ертегі оқып, суретіне қарап балаға сұрақ қойыңыз.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,	«Менің сүйікті ертегім» <b>Мақсаты:</b> ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату.	«Не қайда тұрады?» <b>Мақсаты:</b> Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту	«Апта күндері» <b>Мақсаты:</b> Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету	«Қай жануар артық» <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту.	«Сөйлемді жалғастыр» <b>Мақсаты:</b> балаларды берілген тапсырманы мұқият тындап орынауға, сөйлемді жалғастыра білуге

